2. Закон Республики Казахстан от 03 мая 2022 г. № 118-VII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав ребенка, образования, информации и информатизации» // <https://online.zakon.kz>.
3. Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года № 451-1 «О средствах массовой информации» // <https://adilet.zan.kz>.
4. Закон Республики Казахстан от 24 ноября 2015 г. № 418-V ЗРК «Об информатизации» // <https://adilet.zan.kz>.
5. Кибербуллинг. Или немного об интернет-травле. Авганов С. // <https://online.zakon.kz>.

УДК 372.834

### **ЮРИДИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ЕВРАЗИЙСКОМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ**

*Иманбердиева Э.Б., к.ю.н., ассоц. профессор  
Евразийский Технологический университет, г. Алматы, Казахстан*

В рамках заявленной темы Международной научно-практической конференции «Инновации в науке, образовании и производстве Казахстана», которая проходит в нашем Евразийском технологическом университете, работа секции «Актуальные проблемы науки и практики в различных отраслях юриспруденции» представляют особый интерес. Мой личный

интерес как теоретика-правоведа связан моей научной и педагогической деятельностью, в особенности с преподаваемыми мною в этом университете юридическими дисциплинами.

Среди всех существующих проблем юридического образования хотелось бы назвать одну из актуальной – это подготовка юридических кадров для государственных и частных структур. Актуальность проблемы подготовки кадров в целом вызвана тем обстоятельством, что произошло реформирование системы отечественного образования и науки. Безусловно, речь идет о полном переходе Республики Казахстан к кредитной технологии обучения. Известно, что на прошедшем 12 марта 2010 года в Будапеште II Форуме министров образования стран Европы, было принято единогласное решение 46 стран-подписантов о присоединении нашего Казахстана к Болонской декларации. «Открытость международного рынка труда, - как правильно выразилась Ш.В. Тлепина, - ориентирует население на получение образования, признаваемого за рубежом, конвертируемого диплома о высшем и послевузовском образовании» [1, с. 115].

Другим обстоятельством, придающим актуальность данной теме, является бурное развитие информационно-коммуникационных технологий, которые сейчас в современном мире выступают необходимо важным компонентом образования. Соответственно требуется разработка, внедрение, применение различных IT-технологий обучения. В этом плане Евразийский технологический университет, как следует из его корпоративной философии, стремится к проведению инновационных исследований, внедрению современных IT-технологий образования, отвечать диктующим условиям рынка труда и осуществлению международного сотрудничества [2]. Со своей миссией Евразийский технологический университет успешно справляется, и в этом заслуга научных кадров и членов профессорско-преподавательского состава.

Общепринятым является тот факт, что в индустриально-инновационном развитии любого государства огромную роль и важное место занимают отечественное образование и наука. Делая экскурс в историю, важно напомнить о том, что ровно пять лет назад первый президент РК Н. А. Назарбаев объявил о начале третьей модернизации в нашей стране. Следующие пять основных ее приоритетов намечены обеспечить глобальную конкурентоспособность Казахстану:

«Первый приоритет — это ускоренная технологическая модернизация экономики.

Второй приоритет — это кардинальное улучшение и расширение бизнес-среды.

Третий приоритет — это макроэкономическая стабильность.

Четвертый приоритет — это улучшение качества человеческого капитала.

Пятый приоритет — это институциональные преобразования, безопасность и борьба с коррупцией» [3].

Обратим внимание на четвертое приоритетное направление, где первой поставлена задача: изменение роли казахстанской системы образования и превращения ее в центральное звено новой модели экономического роста. В частности, Президент РК в своем Послании народу Казахстана от 2017 года отметил: «Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации» [3].

Между тем, Н.А. Назарбаев не оставил без внимания IT-знания, финансовую грамотность, патриотическое воспитание молодежи. Тем самым, наше государство подтвердило, что отказывается от изжившим себя учебно-методической базы подготовки юридических кадров и выдвигает новые критерии перед профессиональным обучением юристов.

По этой причине свое сегодняшнее выступление хотелось посвятить анализу системы юридического образования и профессиональным программам подготовки юридических кадров в Евразийском технологическом университете. Отмечу, что выбранная тема не является для меня принципиально новой. Ранее, мною на страницах юридической печати поднимались проблемы, часто встречающиеся при осуществлении профессиональной деятельности по подготовке юридических кадров, особенно формам и методам подготовки судебных кадров [4, с. 153-166].

Итак, прежде всего, направим внимание на вузовский компонент, предложенного кафедрой права Евразийского технологического университета студентам самостоятельно на выбор. Примечательно, что в настоящее время студенты ЕТУ 1-го курса обучения по специальности «Юриспруденция» изучают учебную дисциплину «Правовая культура и

правовое воспитание». Изучение данной дисциплины проходит параллельно с изучением основного компонента, как: «Теория государства и права». Данное положение вещей свидетельствует о закреплении студентами глубоких знаний о концепциях правопонимания, происхождения государства, в том числе концепции правового государства, на идеях которого построено государство Республики Казахстан. Соотношение правовой культуры и правового государства состоит в том, что формирование правовой культуры граждан является важным условием в построении правового государства РК, а уровень правовой культуры его населения определяет тип государства РК.

От себя отмечу, что для всех нас весьма важно воспитывать будущих юристов в духе уважения к законам и правам человека. Правовая культура обычных граждан определяется глубоким уважением к законам и правам других граждан, а профессиональная правовая культура юристов – глубоким знанием, правильным уяснением, разъяснением и применением законов РК. Поэтому ошибочно утверждать себя правовым государством без соответствующего уровня правовой культуры граждан, государственных служащих и юристов.

Вспомним, что еще в Концепции правовой политики РК от 2002 года, рассчитанной на 2002-2009 годы, отмечено: «В школах и учебных заведениях ввести обязательные или факультативные занятия по актуальным проблемам правовой культуры» [5]. Следующая Концепция правовой политики, охватывающая период с 2010 по 2020 годы, указала на то, что составной частью государственного управления в сфере образования и науки РК являются вопросы правовой культуры, куда входит правовое образование и правовая пропаганда [6]. Последняя Концепция правовой политики РК от 2021 года, продолжая развивать прочно утвердившиеся концептуальные идеи, указала: «назрела необходимость модернизировать систему юридического образования» [7].

Наряду с этим, студенты ЕГУ 4-го курса обучения по специальности «Юриспруденция» изучают учебную дисциплину «Альтернативные способы разрешения гражданско-правовых споров». Читаемый мною курс является особо востребованным в наше время.

Хотелось бы отметить, что, с одной стороны, разработка и внедрение в законодательство и практику Казахстана различных способов урегулирования споров тесно связано с развитием концепции восстановительного и превентивного правосудия. Карательное правосудие, ставшее для постсоветских стран традиционным, негативно сказывается на мировые и отраслевые индексы верховенства права. С другой стороны, они вызваны необходимостью повышения уровня правовой культуры граждан Казахстана, способных самостоятельно без постороннего вмешательства урегулировать, возникший между ними конфликт, который в последующем может стать предметом судебного разбирательства. В основе восстановительного правосудия лежит идея примирения, а в основе превентивного правосудия – предупреждение и предотвращение неправомерных действий. Следуя этой идее, законодатель предусмотрел в качестве альтернативных способов урегулирования споров медиацию, арбитраж, партисипативные процедуры. С вступлением в силу нового Гражданского процессуального кодекса РК от 2015 года, появилось судебное и нотариальное примирение. Почерпнем, что для урегулирования трудовых споров предусмотрены различные примирительные процедуры и посреднические услуги. Все перечисленные способы мы изучаем со студентами.

Изложенные мною сведения подтверждают, что обучение населения юридическому образованию в ЕГУ и подготовка в данном ВУЗе юридических кадров полностью соответствуют государственным общеобязательным стандартам высшего образования, соответствуют концептуальным идеям правового государства, отвечают новым вызовам времени.

Вместе с тем, в качестве предложений, мне бы хотелось, чтобы вышеперечисленные учебные дисциплины были переименованы в «Адекватные способы урегулирования споров» и соответственно в «Правовая культура». Объясняется это тем, что, во-первых, применяемые в качестве альтернативы судебному разбирательству способы сейчас перестали быть альтернативными с появлением процессуальной фигуры «судья-примиритель», который проводит примирительные процедуры. Во-вторых, с вступлением в силу нового Административного процедурно-процессуального кодекса РК, эти способы стали распространяться на сферу правоотношений, возникающие из публично-правовых споров, в которых стороны представлены в лице административного органа и гражданина. В-третьих, термин «адекватные способы» понимают собой узаконенные законодателем способы урегулирования споров, соответствующие законным способам правовой защиты и методам

правового регулирования. Уместно привести удачное высказывание известного всем ученого-юриста. «Но немало и таких, - комментирует Р.Н. Юрченко, - которые пытаются урегулировать конфликт иными способами: совершают самоуправство, привлекают третьих лиц для устрашения и запугивания должников, применяют физическое и психическое насилие и т.п.» [8]. Предоставление сторонам возможность самостоятельно урегулировать спор — вовсе не значит применение в качестве альтернативы способы, которые возможно граничат с законом.

Что касается учебной дисциплины «Правовая культура и правовое воспитание», то само по себе правовое воспитание уже предполагает его направленность на правовую культуру. Правовая культура и правовое воспитание соотносятся между собой цель и средства. Непременен, в формировании правовой культуры мы применяем методы правового воспитания.

И, последнее, в развитых правовых государствах созданы и действуют механизмы защиты прав и свобод человека и гражданина и их объединений, одной из которых представляется – административная юстиция и конституционная юстиция. С 2021 года в РК в форме судебного образования действует система административной юстиции, а с 2022 года будет в форме судебного образования построена система конституционной юстиции. Научный интерес к институтам административной и конституционной юстиции возрастает с каждым днем. Поэтому весьма необходимо изучение студентами юридической специальности дисциплин «Административная юстиция» и «Конституционная юстиция». При этом, изучение студентами дисциплины «Административное процедурно-процессуальное право РК» — не значит изучение института административной юстиции. Объясняется это тем, что форма административного судопроизводства не охватывает все публично-правовые споры, например, судебный контроль, осуществляемый следственными судьями или судами, над ходом досудебного производства проводится в рамках статьи 106 Уголовно-процессуального кодекса РК, жалобы на нотариальные действия продолжают рассматриваться судами общей юрисдикции в порядке особого производства. Соответственно такие вопросы остаются неизученными.

Не претендуя на окончательность выводов, сделанных мною, тем не менее, выражаю надежду на то, что мои предложения будут учтены при составлении рабочих учебных программ и каталога элективных дисциплин.

### Использованная литература

1. Тлепина Ш.В. Видный ученый-юрист, организатор юридического образования и науки // Право и государство. – Астана: Изд-во «КазГЮУ». - 2016. - № 4 (73). – С. 115-120.
2. Об Университете ЕТУ // Официальный интернет-ресурс ЕТУ. - URL: <http://etu.edu.kz/about-university/#history> (дата обращения: 17.11.2022)
3. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». [Электронный ресурс]: Послание Президента Республики Казахстан от 31 января 2017 года. Доступ предоставлен Информационно-правовой системой нормативных правовых актов РК «Әділет». Режим доступа: свободный. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017> (дата обращения: 17.11.2022)
4. Профессиональное обучение судей как одно из приоритетных направлений совершенствования судебной системы РК // "Lex Russica". – М.: Изд-во МГЮА, 2018. - № 3 (136). – С. 153-166. DOI: 10.17803/1729-5920.2018.136.3.153-166
5. О Концепции правовой политики Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Утративший силу Указ Президента Республики Казахстан от 20 сентября 2002 года № 949. Утратил силу Указом Президента Республики Казахстан от 17 июня 2011 года № 102. Доступ предоставлен Информационно-правовой системой нормативных правовых актов РК «Әділет». Режим доступа: свободный. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000949> (дата обращения: 17.11.2022)
6. О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года [Электронный ресурс]: Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858. Доступ предоставлен Информационно-правовой системой нормативных правовых актов РК «Әділет». Режим доступа: свободный. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858> (дата обращения: 17.11.2022)
7. Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года [Электронный ресурс]: Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674.

Доступ предоставлен Информационно-правовой системой нормативных правовых актов РК «Әділет». Режим доступа: свободный. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674> (дата обращения: 17.11.2022)

8. О процедурах медиации в Республике Казахстан [Электронный ресурс]: Комментарий к Закону Республики Казахстан "О медиации" от 28 января 2011 года № 401-IV ЗРК. Доступ предоставлен Информационно-правовой системой нормативных правовых актов РК «Әділет». Режим доступа: свободный. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/T1100000401> (дата обращения: 17.11.2022)

ӘОЖ 34.4414

## ШЕШЕНДІК ӨНЕР

*Серікқызы Б., студент, Тлеулес Мөлдір, студент*  
*Ғылыми жетекші: Иманбердиева Э.Б., з.ғ.к., қауымд.профессор*  
*Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Шешендік өнер қазақ халқының өмірінде ерекше орын алады. Бұлай айтуымыздың бірден-бір себебі – ол, аузымыздан шыққан әрбір сөзімізді ой-ұшқырымыздан өткізу арқылы өзіміздегі ерекшелікті тани аламыз. Ауызша сөйлеу арқылы әрбір сөзіміздің мәні мен түсінігі пайда болады. Ол туралы біз қазіргі уақытта өзіміздің Еуразия технологиялық университетінде ұстазымыз Э.Б. Иманбердиева оқытатын «Көпшілік алдында сөйлеу» пәні арқылы да білеміз. Шешендік өнер біздің заманымыздан бері келе жатқан жайт. Еске салсақ, үш биіміз біріге отырып, әрбір адамның мұң-мұқтажын тыңдап, олардың дау-дамайларын қазақтардың әдеттегі құқығы негізінде шешендік сөз арқылы әділетті шешкен. Негізгі ой, ол біздің ата-бабаларымыздың шешендік өнердегі әсерлі сөздерін ұмытпау, солар арқылы біз қазақ халқы сөзімізде бір мән тұратынына көз жеткізуге көмектеседі.

Ең біріншіден, тарихымызға шолу жасайтын болсақ, ғасырлар бойы келе жатқан өмірде, қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен байланысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдарының әсерінен, әрбір сөзге шешен билеріміз мен жыршыларымыз бізге сол кездегі шындықты көзге сап еткізіп айту арқылы әрбір халықтың жағдайына сай қорғаншылықты үдете білді. Осы сәттерде қазақ жерінде бірнеше ақындар мен күйшілер жиналуы арқылы, айтыс өткізу нәтижесінде әрбір сөзді ұқсастыра айта білсе, ал ақындарымыз елдегі жағдайды өлең түрінде жеткізіп, шындыққа сай оқиғалы әңгімелерімен елді сүйсіндірген болатын. Күйшілер өз күйлерінде өмірдегі орыс топты адамдардың, байлардың қазақ жерінде тұрып, заңбұзушылықтарды жасағанын айтып, астарлап сөздің қарқын келтірген болатын. Өмірде құқықтың жоғары мәнге ие екендігі бізге осы кезеңдегі шындықты жырлаған адамдардың өлеңдері мен күйлері арқылы да жетті. Біздің дәл қазіргі сәтпен салыстыруда өзгешелікті тудырады, сол сәттегі өмірде шындықты жырлаған шешендердің өліміне себеп болып, ақындардың ату жазасына кесілуіне себептілік туындады. Олардың еліміз деп, жеріміз деп, туған жеріміз деп жырлаған ақындарымыз өлең жүзінде, тіпті кітап жүзінде жеткізген жағдайларын дәл қазіргі уақытқа дейін жеткен шығармалардан көре аламыз. Шығармада жазылған құқықты жақтаған, өздерінің құқықтарының бұзылмауы үшін, өзгенің де құқығын қорғаған жандарымыз жетерлік. Жау қолына шабуылмен ұмтылған батырларымыз да елдің бейбітін, оның тыныштығын қалады деп айтуға болады. Батырлардың елдегі бейтараптылықты жеңу арқылы, халықтың татулығына жету үшін, шешендік өнерімен елдің рухын көтерген жыршыларымыз маңызды. Осылайша, біз бұл жайттарды қайдан білдік, әрине шешендік өнердің жетегіне кеткен халықтың ауыздан ауызға айтқан сөздерімен жазбаларға түсу арқылы, біздің қолымызға түсуі арқылы, әрбір істің мәнін астарлай алдық.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге елдердің атақты ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В. Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол:

«Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған. Бұл ақпараттың шындығы сонша, өзіміздің қазақ жұртымыздың шындықты жақтаған, әділеттілікті қолдаған шешендік өнердің майталмандары толыққаны рухты көтереді. Еліміздің өзге елдермен салыстыруға келмейтін мәселе деп санаймын, өйткені әрбір ел өздігінше дамып, олардың шешендік өнерді басқа тұрғыдан жеткізіп, сөздің күштілігімен елді еліктіре біліп жатса, ал біздің сөздің күштілігі ондағы халықтың рухын, батырлығын, елге деген сүйіспеншілікті арттырудың бірден-бір жолы ретінде танылады [1, 4 б.].

Әділеттілігімен көзге түскен әрбір жастар мен билердің ел үшін жаңа хабарды жеткізіп, тіпті халықтың үнін ән-күймен ерекшелендіріп айтатыны таңқалдырады. Сөздің түпкі мәнін түсінген, кейбір хандардың әрекеті жауыздықпен ұласқаны байқалды. Шындыққа мойынсынбаған хандар мен байлардың әрекеттері халықты бір түршіктіреді. Сөзге шешендіктің күдіреттілігі сонша, ел арасында таралған Қаздауысты Қазыбек бидің рөлі биік орын алады. Қазыбектың шын мәніндегі шешендігі мен жер жерған даңқы шеберлігі көзге түскенімен қоса, ол басына ауыр күн туып, не ел болу, не қрып кету қаупі төнген қиын сәтте суырылған шешендігімен, алғыр да білгір көсемдігімен ел намысын қорғап қалады.

Қазыбек би екі елдің арасын бітістіруші болып, қызмет атқарғанына байланысты өмірде бірнеше мәмілелер жүргізді. Ұзақ сөзбен емес, ұрымтал оймен, қысқа-нұсқа ұшқыр қиялымен барлық мән-жайтты шеше білді. Өмірде шешеннің сөзі қайтпайтын өнегелі мәнділігімен, ойдың дәлелділігімен тұратыны таңқалдырады. Негізі, ойлап қарасаңыз билердің әрбір ойы маңызды болғанымен, олардың құқық жағынан дәлелдеме ретінде сөздің көрнекілігімен көрінгені қызықтырады. Өйткені, сөздің мәні дәлелмен ұштасып, шешендік өнердің алдыңғы буынға үлгі ретінде қалдырды. Үлгілікті қалай сүйенсек болады, Қаздауысты Қазыбек бидің өз ойымен халықты да, ханды да сендіре білсе, біздегі сот жүйесінде адвокаттың шешендік өнердің жолын қууы артық емес. Қазақ елінде дер кезінде тауып айтылғантапқырлық пен аталы сөзге қарсы уәж айта алмаған. Біліп тұрғанымыздай, шешендік сөздің өмірімізде ел үшін мәнділігімен көзге ілігуіңе қарай әрекет етілді. Шешендік сөздің көмегімен ел ішіндегі қандай дауларды қаралған деген сұрақта, жесір дауы, тіпті, барымта, адам өлімі мен құн дауларын білікті билер шешіп отырған екі жақтың дауларын бір күрделі, шиеленіскен қиын істерді екі ауыз сөзбен бітістіргенінде болғандығы туралы бір дәлелі ретінде анықтаса болады.

Ел жүрегіне ерекше әділеттілігімен сендіріп кеткен Қазыбек би халық арасында адамды жақсы-жаман деп бөлмей, олардың әрекетіне сай, дұрыс шешімді қабылдау үшін олардың бұл іске амалсыздан баруы да мүмкін деген жайлар туындайды. Сондықтан әрбір халық еркін өмір сүруге лайық, әрі бақытты болуға барлығының құқығы бар. Біздің Конституциямызда, тіпті әрбір Кодексте ешкімді ұлтына, нәсіліне, түріне қарай ешқандай бөлуге болмайтыны жөнінде ескертеді. Сол себептен, барлығын тең көру арқылы, олардың әрекеттерінен өзара себептілікті анықтай түсеміз, ал бірде құқықбұзушылық қоғамға қауіптілігімен демек қылмыстық әрекеттермен ұштасады. Қылмыстық әрекет пен әрекетсіздік бір ғана адамның не топтың жасауынан туындау әсерінен, қоғам немесе достары әсер етіп жатады. Бұл жайттарда біз, кінәлі немесе кінәсіздігін анықтау үшін, шешендік өнерді қолдану арқылы сөзіміздің өтімідігіне өзара жауап береміз. Біз ол адамның орнында болу арқылы, өзімізге жауаптарды табуды көздейміз. Алайда, ол адамның әрекеті абайсыздықтан немесе басқа адамның кінәлі деп оқиға болған жерден табылған әсерінен, сөзіміздің өтімді болуы үшін, құқықтық сауаттылықты арттыру маңыздырақ. Осы деңгейден өту арқылы, әр адамның жеке тұлға ретінде қарастыру арқылы қорғаушы ретінде біздің ата-бабаларымыздың жолын қуған себептілікпен сөзге шеберлікті арттыру қажет етеді [2, 230-231 б.].

Ата-бабаларымыз дегенде, тағы бір еске түскені, ол Майқы би жайлы тарихи мәліметтер. Негізгі бастапқы ойымда, Қазыбек би жайында, одан қазіргі қоғамда қорғаушы ретінде қатысатын адамның әрекеті де шешендік өнердің маңыздылығынан туындады. Майқы атамыз сондай шешен болыпты. Аузы дуалы Төле, Әйтеке, Қазыбек сияқты үш бидің төрелігіне кім тайталаса алсын?! Олардың орны бір төбе. Астарлап сөйлегенде айласын асырған қайран шешендерім-ай! Келген бір елшінің ұсынысын естігенде, үш би өзара астарлап сөйлескен сәттерін талқыласам деймін. Бірінші би: «Мына көлдің алар ма еді қазын атып?»- десе, екінші би: «Оғың босқа кетпесін жазым атып»,- депті. Сонда үшіншісі тұрып: «Құтылмастай бәлеге қап жүрмейік, суға келген перінің қызын атып»,-деген екен. Үш би мәмілеге келіп, елшіні

өлтіріп, жағдайды ушықтырмай, өзара түсінісіп, елшіні жолға салған екен. Осындай шешендер ортамызда бірнеше сөздік қорының құдыреттілігімен анықталса, ал тілдің терең сырлығы сонша аса дарындылығымен, сөздің мәнділігімен анық көзге түскенді. Әркез даму үстінде болатын біздің билеріміз, ортамызға қазақ халқының сөзден ұтпаса, жеңбейтін бірауыздан біріккен ержүректі хандар болатын [3, 400 б.].

Тәрбие жағынан әрбір баланың өміршеңдігіне әсер етпей қоймайтын Бөлтірік шешеннің баласына айтқан сөздерін де оқығанда өзіме үлгі тұтуды мақсат еттім. Ол бай баласына ренжіген баласын сөзбен тоқтатып былай дегенінде қаншама көрегендік бар? Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс, Жаманға айтқан сөзден, Жақсыға айтқан сөз дұрыс. Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс, Айтылмай қалған сөзден, Айтылып қалған сөз дұрыс. Жаман сөз бен жақсы сөздің ерекшелікті мәнін түсіндірсе, тіпті, келіп тұрған ойымызды сөзбен айтып жеткізу маңызды. Сөз арқылы өмірде өзіміздің рөлімізді анықтай түсеміз, өзіміздегі кемшілікті өзге адамнан біліп жатып, өзімізді дұрыс жолға түсіруге тырысамыз. Көңілдің жоғары иелегімен, баланың өзің дәне ортаның мәнін түсіну үшін, әрбір сөзді шешен ретінде, анық сөйлеу білу қажет. Қажетсіз уақытта сөйлемей, шешен ретінде жамандардан келген орнықсыз сөзден аулақ болып, сабырлықты таныта алу қажет. Шешен әрқашанда ойың анық жеткізуі үшін, ортаның мәнез-құлқына сай нақты жауапты анықтайды. Нақты жауап қалай анықталады, ол біріншіден, өзінің ішкі жан-дүниені түсіне біліп, дұрыс сөйлеу үшін тілден шыққан сөзге ие болу маңызды. Қоғамымызда сөзге шешенмін деп ұмтылған адам саны жетерлік, алайда, нақты сөйлей алатын адам саны санарлықтай. Шешен ретінде көзге түсу үшін, өзіңді бақылауда, қадағалауда ұстау арқылы, ашу үстінде айтылған сөзден абай болған жөн. Кейін, ол адамның ренішіне себеп боларын анық. Көңілімізде дұрыс ойдың, дұрыс сөйлеудің мәнділігімен тұру арқылы, өзіміздің әрекетімізден дәлелді анықтаймыз.

Қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жасөспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді. Ыбырай Алтынсариннің халықтың білім алуын қалап, оқуға шақырып, сөйлеу үшін білімді болу керектігін түсіндірді. Ақынымыздың еліміз үшін білімді ұрпақтың көбеюін қалаған ол, шешендік өнерді дамытуда білімнің жоғары әсер ететінін тағы бір дәлелдеді. Әрбір кезеңде елдің саналы болуы арқылы, өздерінің құқықтарын жұртқа паш етіп, елдің өзгерісіне себепкер боламын деген ойларда алыс емес еді. Еліміз біріге өзгерсе, өзгелерде мейірімділікке, ақылмен әрбір істі шешіп, көңілдегі қайғы-мұңды жеңуге біріге күш жұмылдыруы таңқалдырмасы анық [4, 350 б.].

М.О. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» деген тамаша еңбегінде фольклордың маңызы туралы былай деп атап көрсетті: «Қазақтың ауыз әдебиетінің қазынасын жасаушылар және ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушылар халық ішінен шыққан талапты ақындар, жыраулар, жыршылар, суырып салма ақындардың шебер ойлары маңызды [5, 280 б.]. Ақындар жырларды, дастанды, этностық шығармаларды шығарған, суырып салып айтқан. Сонымен бірге, бұлар ауыз әдебиетінің көптеген ақындық шығармаларын өздерінің жадында сақтап келген, оларды шебер өңдеп, өздерінің ізін ұстағандарға жеткізіп отырған. Шын мәніне келгенде, суырып салып айтатын ақындар, жыршылар жазбасы жоқ өз халқының шежірелері болған. Бұлардың осы өнер жағынан шеберлікпен әрбір істі ұқсастыра, әрі жырлай да білді. Қазақ әдебиеті тарихында бірнеше орын алатын жазбалардың көптігі сонша, бірнеше зерттеу жұмыстарының легін анықтау шеберлігі бізге дейін жетті. Сонымен қатар, М.Қ. Әуезовтің жазбаша мен ауызшаны салыстыру жағдайында, елдің ауызша өнерлікті дамытып, осы жағдайға байланысты ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа, тұрмыстағы дерт, негізгі себептері айтыла отырып, жазбаша түрде барлығы бізге сақталып, біздің ой-өрісімізге өзгерістерді келтіре білді.

Бұл жағдайдан кейін, әрбір ақын-жазушылармыз, билеріміздің сөзінен кейін негізгі ой ол құқық жағынан өзімді ортада қорғай білудегі шешендік өнерді дамыту қажет. Ол сот орнында болсын, тіпті белгілі пікірлесу кезінде сөз сөйлеуден жеңілмей, өзінің сөзінің дәлелі ретінде анық көрсете білу қажет. Әрине, сұранысқа ие және осы жағдайларда әлеуметтік бейімделген, адвокаттан кәсіби талап етіледі оларды қолдану білімі мен дағдылары. Тұлғаның қалыптасатын жаңа түрі: мобильді, бастамалар - кез-келген әлеуметтік өзгерістерге тез бейімделе алатын жауапкершілікпен тәуелсіз және стандартты емес қабылдау шешімдер. Бүгінгі таңда жеке қарым-қатынас, жақсы дамыған дағдыға ие болу ауызша және жазбаша қарым-қатынас алады қарқынды жағдайда ерекше маңызды дамып келе жатқан ақпараттық қоғам [6, 150 б.].



Билер дәуірінің әдеби мұрасынан халқымыздың салт-санасы, болмыс мәдениеті, философиясы, парасат-пайымы танылып, ел үшін біршама қиыншылықтардың шешімін таба білді. Сөзге шеберліктің күштілігі сонша, қазақ билері біріге отырып, терең ой, сөз құдіреттілігімен көзге түсіп жатады. Қазақ халқым деп ой-санасын саралауда билердің өнері мен айтысқа қатысқан жастардың сөзге шеберлік танытып, әрбірін ұқсастыра айта білді. Осы негіздерде егеменді елді құру үшін әртүрлі кеменгер сөздермен жеткізілгені кездеседі, мұндағы «Алдына келсе атаңның құнын кеш» деудің өзі, біршама ой салады. Би құзіретіне берілетін істің қаралуы екі сатыға бөлінген. Әуелі екі жақ істі билер қарағанға дейін, яғни өзара келісім жасап дауды шешуге қимыл-әрекет жасайды. Әдеттік құқықта оны «Бітім», «Береке», «Салауат» деп атаған. «Бітім» - екі жақтың өзара келісімге келіп, сөз жүзінде даудың аяқталуы. Бітім арқылы екі жақ келісімге келіп, өзара ар-намысты таразылайтын әрекет ретінде түсініледі. Би алдындағы бітімге ешкім қиянат жасай алмаған. «Береке» - айырбас немесе сатып алу туралы сөз жүзінде шарт жасау. «Салауат» кешірім ретінде, сондай-ақ дауласқан екі жақтың бір-біріне талап қоюдан бас тартуы, яғни кешірім беруі арқылы орындалады. Сол кезеңнің өзінде медиация тәртібінің болғандығын дәлелдейді. Сондай-ақ қазақ даласында ел ішінен таралған ойлы, мәнді мақал пайда болды, ол «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан» деген негізде еліміз әрқашанда жаңа бағытқа сай дами береді және бірге болып, бірауыздан келісімге келудің мәнін ұғындырады. Шешендік өнер өмірімізде бір қыздың аман қалып, оның шетелдегі қиыншылықты жеңуде сөйлеудің құдіреттілігіен анықталды. Сөз қылыштан да өткір болғандықтан, әрбір жас адам өзгеден ұрыс естіген сәттен кейін ғана кемшіліктерді жоюмен айналысса, кейде білімнің жоғарлығымен сөздің мәнді айтуымен жаттықтырады. Қазақ ауыз әдебиетімен байланыстыру арқылы негізгі шешендік өнердің мәнділігін осы ата-бабаларымыздан алу арқылы әрбір жауапқа түсінікпен айтуы дұрыс жағынан анықталады [7, 4 б.].

Шешендік өнерді зерттеу жалпы мәдени бірлікке қол жеткізуді қамтамасыз етеді және заманауи заңгерді даярлаудағы түпкілікті нәтиже ретінде кәсіби құзыреттіліктерді, соның ішінде:

- ойлау мәдениетін меңгеру, ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау, мақсатты дұрыс қою және оған тікелей жету жолдарын таңдау қабілеті жалпы риторика мен әдістерді білумен байланысты жеке риторика саласындағы шешендік өнер, Сот риторикасы мәселесін талдау қазіргі заманғы құқықтануда, сондай-ақ өз бетінше талдау дағдыларын қалыптастыру (риторикалық қолдану негізінде құқықтық мәселелер;

- ауызша және жазбаша түрде логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және нақты құру мүмкіндігі құрылыс әдістерін зерттеуге негізделген сөйлеу сөйлеу, оның ішінде практикалық кәсіби деңгейде жүзеге асырылатын көпшілік алдында сөйлеуде қолданылатын риторикалық әдістер қызметі;

- әлеуметтік, гуманитарлық және т. б. негізгі ережелер мен әдістерді қолдану қабілеті; әлеуметтік шешімдердегі экономикалық ғылымдар кәсіби сипаттағы нақты міндеттерді шешу үшін шешендік өнер саласындағы теориялық білімді қолдануды стратегиялық тұрғыдан анықтау.

Шешендік өнердің сот риторикасында әсер ететін жайынан бөлек, қоғамдағы әділдікті дәлелдеу мақсатында сөйлеген қорғаушының әрекеті негізінде, ойдың нақты ұшқырлығына өзара әсер етпесе болмасы анық. Қоғам бір орында тұрақтамай, ол әрқашанда дамып жатады. Оның дамуына әсер ететін әрине шешен сөйлей білудің өзі өнер ретінде қарастырады. Сол арқылы басқа орталармен коммуникативті байланысты орнатып, ортаның нені қалайтынын және құқығымыздың бұзылуына не себеп болғанын анықтаймыз. Құқық жүйесінде шешендік өнердің маңыздылығы сонша, ортаның тұрақтылығына сай әрекет етуге мүмкіндік ашады.

Жалпы коммуникативті әдістерді қолдану «кәсіби коммуникативті құзыреттілікті» жүзеге асыруға мүмкіндік береді және дағдыларды қамтиды:

- кәсіби сөйлеу жанрларының репертуарын еркін меңгеру,
- кәсіби терминологияны, этикеттік сөйлеуді дұрыс қолдану байланыс құралдары,
- өзінің «әлеуметтік» жұмысының нақты орындалуы кәсіби қарым-қатынастағы" рөлдер,
- негізгі риторикалық қолдану белгілі бір кәсіби сұранысқа ие мәтіндерді құру кезіндегі ережелер мен әдістер жанр,
- тілді жүйе ретінде дұрыс қолдану.

Тілдің өмірімізде алар рөлі сонша, сол арқылы дұрыс сөйлеуді қалыптастырамыз. Негізінде кәсіби ретінде сөйлеудің ерекше тұсынан бөлек, ортадағы байланысқа сай шешендік

өнерде ата-бабаларымыз секілді шындықты ғана айтатын халықтың бірі болуымыз абзал [8, 32 б.].

Қорытындылай келе, шешендік өнер жай сөйлеуден ғана құралмайды, мұнда дұрыс сөйлеудің ережелерімен және дұрыс дене тұрысымыз, әрбір сөйлеген сәтте екпінмен, үзіліспен сөйлеуге тырысуымыз қажет. Өзіне сенімді болу арқылы ортаны өзінмен бірге ерте аламыз. Органың пікірі сенімен бірдей үндестікте дамуы үшін, әрбір сөзді өтімді, әрі дәлелді жеткізу қажет. Өз ойымызды шешендік өнермен байланыстыра сөйлеу арқылы, ата-бабамыздың кезеңінде медиация дамығанын дәлелдейтін тағы бір ерекшелікті байқасақ, ал бос сөйлегеннен гөрі нақтылы ақпаратқа жетуге мүмкіндік туғызды. Біздің ата-бабаларымыз біз үшін бірнеше ой-ақпараттарды дәлелді түрде сөйлеуі арқылы, халықтың атынан сөйлеуі сенімділікті арттырды. Осы мәселелердің барлығын қарастырып өткеніміздей, біздің қоғамымызға дейін бірнеше өзгерісті әкелген болатын. Сөйлеу арқылы өзімізді дамытуға дайын болуымыз қажет. Шешендік өнер әрқашанда тілімізбен байланыса отырып, әдеби түрде, нақты сөйлеуге өзара көмектеседі. Бұл тілдік шеберлікке жету әр адамның өзін дамыта отырып, әділетті түрде сөздің мәніне сай сөйлеуге көмектеседі.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Исакаев Ж. Шешендік өнер туралы ой-пікірлері // Massaget.kz танымдық, ойын-сауық порталы. — URL: [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/22440/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/22440/)
2. Әлжан Қ. Қазақ философиясындағы адамның дүниеге этикалық қатынасының ерекшеліктері / «Қазақ этикасы және эстетикасы» кітабінде. Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 228-243 бб.
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 — Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. — 461 с.
4. Карл Ясперс. Смысл и назначения истории. Серия: Мыслители XX вв., М.: изд-во «Республика», 1994. - 527 с.
5. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. — 239 б.
6. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.19. / М. Әуезов. - Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
7. Бек Әметов. Келісім басы – кешірім: Батыс Қазақстан облыстық соты төрағасының мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газетінің ресми сайты. – URL: <https://egemen.kz/article/104280-kelisim-basy-%E2%80%93-keshirim>
8. Зельдович Б.З. Роль активных методов в интенсификации учебного процесса / в Сб. мат-ов межд. науч-прак. Конф: Инновационные методы в образовании. - М.: РИПО ИГУМО, 2008. – С. 32-40.

ӨОЖ 347.635

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖҮРГІЗЕТІН САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

*Жолжаксинова Л.Р., студент*

*Ғылыми жетекші: Батырбекова Б.К., з.ғ.м. аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Құқықтық саясаттың нысандарының бірі құқықтық шығармашылық қызмет. Құқық шығармашылық нысандарының қолданатын құрамдарының құқықтық реттеудің қандай да бір саласындағы мазмұнын, бағытын, әрекет етуін анықтауда екі критерий бар. Бірінші, құқықтық ұстанымдардың сыртқы көрінісі және тікелей құқық шығармашылық актілерінде көрініс табуы. Құқық шығармашылық актілер дегені заңдар, жарлықтар, қаулылар, ережелер, бағдарламалар. Осы жерде А.В. Малконың «жаңа және алдыңғы қабылданған нормативті актілерді үйлесімді біріктіру» стратегиясы қазіргі уақыттағы басты мәселе нормативті материалдың саны емес, құқық шығарушылардың қабілетінен тұратынына келісіп тұр. Екінші критерийде тікелей нормативті ұстанымдардың: қисындылық, анықтылық, реттеушілік, кезектілік сияқты

мазмұндық жақтарын қозғайды. Құқықтық және өнегелілік заңдарда көрініс табуы қажет, өйткені олар құқық құрушы факторлар болып табылады деп көрсеткен О.И.Цыбулевская.

Құқықтық саясатты жүзеге асыру құқық нысанмен шектелмейді. Ол сондай ақ құқық қолдану, талдау, құқықтық білім беру және доктриналды нысандарда да көрініс бауып отырады. Барлығы өзара байланысты, себебі мемлекеттің мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Дегенмен де құқықтық шығармашылық құқықтық өмірдің жалпы бағыты мен заңды ақиқатын анықтайтын басты бастауы болып қалады.

Бүгінгі таңда жастар саясаты саласын бүтіндей заңнама жүйесі жөнінде айту қажет емес. Жастар заңнамасының қалыптасу үрдісі көбінесе үзінді, сұрапыл және іштей келісілмеген сипатта болады. Жастар , әлеуметтену үрдісімен байланысты , әлеуметтік экономикалық , психофизиологиялық ерекшеліктері негізінде бөлінетін , қоғамның әлеуметтік демографиялық тобы ретінде , іштей біртекті емес топ болып табылады.

Әдетте заң шығарушы жастардың жасы мен заңды шынайылықты қабылдау ерекшеліктерін ескеріп отырады. Жастардың жас шекаралары әлі шешілмеген сұрақ болып тұр. «Кәмелетке толмаған» және «жастар» түсініктерінің балансы туралы сұрақ әліде өзекті болып қалып тұр.

Қазақстандық заңнамада «бала», «жасөспірім», «кәмелетке толмаған жастар» сияқты категориялар арасындағы баланс бойынша күрделі жағдай орын алуда. Бұл топтардың әрқайсысына тек белгілі бір жас қана емес, жеке тұлғаның деңгейі , әлеуметтік мәртебесі, құқықтар мен бостандықтар көлемі, заңды жауапкершіліктер де кіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі(17-бап ): « Азаматтың әрекет қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни 18 жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады» деп бекітілген [3]. Алайда Азаматтық Кодекстің 17-бабының 2- тармағы бойынша 18 жасқа толмай азамат неке тұрған кезден бастап толық көлемде әрекет өабілеттілікке ие болады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңның 1-бабында жастар деп 14 жас пен 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасы азаматтары деп анықталған .

БҰҰ жас нормаларын анықтау бойынша түрлі елдер тәжірибелерін негізге ала отырып, 10-19 жастағы тұлғалар кіші, орта, үлкен жасөспірімдір болып табылады. Ал жастар деп 15-20 жастағы тұлғалар , жас адамдар 10-24 жастағы барлық тұлғалар.

Сонымен қатар Н.Е.Борисова пікіріне тоқталайық. «14жасқа дейін кәмелетке толмағандар», « 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар» деп бөліп қарастыруға болады деген пікірге келіспеске болмайды.

Қазақстан Республикасы осы күнге дейін кәмелетке толмағандардың құқықтық қорғауды қамтамасыз ету барысында бірқатар нормативтік актілер қабылданды, соның ішінде 2002 жылы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Заңы , 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы қабылданды.

Құқық саласындағы қандай да бір қызмет нақтылық, кезектілік, бағыттаушылық , болжамдылық талаптарына жауап беруі қажет. Бүгінгі Қазақстандық ақиқат бойынша сәйкес әкімшілік ресурстар бағытталған немесе беделді саяси күш бақылауындағы бағдарламалар мен ережелер ғана жүзеге асуда.

2015 жылғы 9 ақпандағы №285-Ү ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы [6] жастар саясатына сәйкес ықпал етуші, қажетті күш деп атауға болады. Бұл тұжырымдаманың қабылдануы, жастар саясатының бағытын жалғастыру (еңбекпен қамту, тұрғын үйге ипотекалық кредиттеу, жас отбасын қолдау, жастар денсаулығы және басқа салаларда) сонымен қатар олардың мәселелерін шешу (мысалы, құқықтық тәрбиелеу, жастарға білім беруді несиелеу) ғана емес, сондай-ақ мемлекет тарапынан жас ұрпақ тағдыры үшін жауапкершілігін мойындау қажеттіліктерінен туындады. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жастар саясатының аса маңызды міндеті толымды да бәсекеге қабілетті тұлғаны – «болашақ қазақстандықты» тәрбиелеу болуға тиіс деген болатын. Осыған орай «Мемлекеттің жастар саясаты туралы» Заңын [6] жүзеге асыру үшін жастар саясатының даму стратегиясын анықтау қажет деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар тарапынан жас буынға деген қатынасы, көп жағдайда ойынды еске түсіреді, оның ережесі тек-жетекші жаққа белгілі, ал жастар жағы-бұл ережені қабылдап немесе өзінің тәуелсіздігін қоғамдық үрдістерден сақтай отырып бас тартады; яки қоғаммен ұсынылған мүмкіндіктерді елемей қоя салады.

Заманауи қазақ қоғамының құқықтық және саяси мәдениеті, азаматтық қоғам негізін құраушы – бостандық, теңдік, демократия, идеологиялық және саяси әралуандылық идеялармен толған. Азаматтық қоғам түсінігінің өзі азаматтардың кең шеңберінде ғана емес, сондай-ақ көптеген ғалымдар үшін жаңалық ретінде сипатталатын белгілі, тіпті сәнді терминдер қатарында тұр. Азаматтық қоғам құру идеясы елдегі қоғамдық өзгерістерде тезарада бекітіліп қалды.

Азаматтық қоғам - өздерінің материалды, рухани мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, еркін және ерікті түрде азаматтық ассоциациялар мен одақтарға біріккен, жеке тұлғалардың экономикалық, өнегелік, діни және басқа да қатынастарының жиынтығы болып табылады.

Қазақстанда азаматтық қоғам құруға байланысты қойылған мақсаттарға жету үшін елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың әрекет етуін қамтамасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ ұлттық идея құрамындағы құқықтық мемлекеттің идеологиялық негізін ғылыми талдауды, сонымен қатар, осы негізде азаматтардың құқықтық санасының қажетті негізде қалыптастыру қажет, ал ол өз кезегінде тұрғындарды, соның ішінде бірінші кезекте жас буынды құқықтық тәрбиелеу бойынша ұйымдардан жүйелі жұмыс жасауды талап етеді.

Құқықтық саясаттың маңызды бағыттарының бірі, жас ұрпақты құқықтық тәрбиелеуді қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі таңда құқықтық білім алу – басқа да базалық табиғи құқықтар сияқты жеке тұлғаның дамуы, оның азаматтық өзін-өзі тануы, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажет.

Қарастырып жатқан тақырыбымыз құрамында ерікті жеке тұлғаның қалыптасу жағдайына, оның анық құқықтық ақпарат және ақпараттық қауіпсіздік алу мүмкіндіктеріне назар аударуымыз керек. Сондықтан да жастар саласындағы құқықтық саясаттың тағы бір маңызды бағыты, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Заң ғылымында ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық саясаттың жеке түрі ретінде бөліп, қарастыру жөнінде ұсыныстар айтылып жүр [7, 77-б.].

Жастардың құқықтық саясатының тағы бір маңызды бағыты болып, кәметке толмағандардың құқық бұзушылығы мен қылмыстылығын, сондай-ақ олар мен тығыз байланысты – қаңғырушылық, бақылаусыздық, қараусыздық, есірткі құмарлық және басқа да құбылыстарды болдырмау болуы керек.

Қоғамның жүргізіліп жатқан реформаларға, қоғамдық тәртіптің өзгеруі мен жаңа демократиялық институттардың жүзеге асырылуына дайындығы, жеке тұлғалардың, әр түрлі әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның құқықтық санасының деңгейімен анықталады. Құқықтық прогрестің ажырамас талабы құқық шығарушылардың да, құқық қолданушылардың да және жалпы қоғамның да құқықтық санасының деңгейін көтеру болып табылады.

Қазіргі уақытта жоғары, өнегелі, өз Отанын сүйетін өскелең ұрпақты тәрбиелеу мемлекетіміздің басты міндеттеріне айналды. Қоғамымыздың әрі қарай даму барысында балалар мен жастарды тәрбиелеу, сондай-ақ жаңа адам қалыптастыру мәселелері ерекше мәнге ие болуда.

Тәуелсіз Қазақстан демократиялық және құқықтық мемлекет құруды жариялады. Өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбиелену қажеттілігін айта отырып, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Егер біз құқық пен өнеге идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам құруға бет алсақ, онда әрбір азамат мектеп жасынан-ақ олардың элементарлы бастамаларын меңгеруі қажет» деп пайымдаған болатын.

Жастар - ел болашағы, мемлекетіміздің үміт артар жаңа буыны. Қорыта келе жасөспірімдік шақ аса жауапты кезең екенін айта кету керек. Жоғарыда айтқанымыздай бұл уақыт аралығында жастардың ой-санасы, дүниетанымы, қарым-қабілеті, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Қызығы мен қиындығы алмасып отыратын тіршілік заңының ықпалына қарай икемделіп, бейімделе бастайды. Бала жаман болса, ол тәрбие барысында жіберілген кемшілік салдары екенін естен шығармаған жөн

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Малько А.В. Формы реализации и виды правовой политики. – М., 2004. – 165 с.
2. Цыбулевская О.И. Нравственные основания современного российского права. – Саратов, 2003. – 140 с.
3. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі) (соңғы өзгертулер мен толықтырулармен 10.01.2018 ж.) // Әділет Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық

актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Республикалық құқықтық ақпарат орталығы <http://adilet.zan.kz/kaz/index/docs>

4. Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасы Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-Ү ҚРЗ (соңғы өзгертулер мен толықтырулармен 09.02.2015 ж.) // Әділет Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Республикалық құқықтық ақпарат орталығы/<http://adilet.zan.kz/kaz/index/docs>

5. Борисова Н.Е. Конституционный статус несовершеннолетних в РФ. – М., 1999. – 240 с.

6. 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-Ү ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы // (соңғы өзгертулер мен толықтырулармен 09.02.2015 ж.) // Әділет Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Республикалық құқықтық ақпарат орталығы/<http://adilet.zan.kz/kaz/index/docs>

7. Мордовец А.С., Тамолдин А.А. Правовая политика и информационная безопасность общества // Правовая политика. От концепции к реальности (по материалам «круглого стола») / Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М., 2004. – 477 с.

ӨОЖ 34.4414

## АЛАЯҚТЫҚ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Серікқызы Б., студент*

*Ғылыми жетекші: Султанов С.И., з.ғ.к., қауымд.профессор*

*Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Алаяқтық біздің қоғамымызда өте жоғары орын алып жатады. Қайсысына сенеріңді де, сенбесіңді де білмейсің. Өйткені, адамдар ақшаға қатысты немесе денсаулыққа қатысты мәселе болса өзге адамға сенімдері артып, сол адамдарға тезірек ақша жіберуге ұмтылып жатады. Мұндай әрекеттерімен халықтың кейінгі сәттері кімге сеніп қоярларын білместе еді. Өмірімізде орналып жатқан алаяқтық жағдайлар адамдарға сабақ болары өте аз, тек сол азарттық деңгеймен жүруді қалап жататындары кездеседі. Конституцияның 26-бабы 1-бөлігінде бекітілгендей, «Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады» [1]. ҚР ҚК 190-бабы алаяқтықты, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарында қарастырады. Алаяқтық кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі меншік құқығы болып табылады және меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде соңғы кезде кең тараған түрі деуге толық негіз бар. Оған әдетте, электрондық ақша айналымы мен телекоммуникацияның дамуы да әсер етуде, сондай-ақ интернет және байланыс желілерін қолдану арқылы жасалатын алаяқтық соңғы кезде жиілеген.

Алаяқтық, өз кезегінде кез келген басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар сияқты – құқыққа қайшы, қоғамға қауіптілігімен танылады. Алаяқтықтың құқыққа қайшы дегенімізде бастысы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне қайшы келе отырып, заңдағы нормалардың бұзылуына әкеліп соқтырады. Қоғамның алаяқтарға сенуі арқылы бір-біріне деген сенімділіктен айырылады десекте болады. Бұл дегеніміз қоғамның құлдырауына, еліміздегі тыныштықтың кетуіне себеп болады.

Осы жерде алаяқтық жайында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысына сәйкес, соттардың назары алаяқтықтың міндетті белгісі кінәлі адамның пайдакүнемдік мақсатының болуы, яғни бөтен мүлікті өзінің меншігіне не оған құқықты өзінің пайдасына не басқа адамдардың пайдасына құқыққа қарсы өтеусіз айналдыруға ұмтылуы болып табылады. Алаяқтық алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жасалады, олардың ықпалымен меншік иесі немесе мүліктің өзге иесі мүлікті немесе оған құқықты басқа адамдарға өз еркімен береді [2].

Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстарды ажырату үшін қылмыстық құқық бұзушылық екенін анықтау үшін, бірнеше жұмыстардың орындалуына ықпал етуге болады. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстарды бір-бірінен ажырату үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін білу маңызды. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының белгілері объект, объективті жағы, субъект, субъективті жағынан тұрады.

Біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің бірі объектісі ол алдау немесе сенімді теріс пайдалану қылмысы болады. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстық әрекеттер жеке тұлғалардың мүлкіне және мүлікті пайдалану құқығына ғана бағытталуы мүмкін. Қоғамда адамдарды алдау жолымен жүзеге асырғандықтан, әрекеттің бола отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің екінші бабына сәйкес Қылмыстық Кодекстің міндеттеріне қарсы жүзеге асырылғанын біле түсеміз.

Екіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының негізгі белігісі ретінде іс-әрекеттің алдау және сенімді теріс пайдалану, иемдену болса оның зардабы ретінде осы іс-әрекеттен туындаған зардаптың жәбірленушінің жеңілуіне себеп болады. Осылайша, іс-әрекет пен зардап өзара байланысады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының қосымша белгісінің қылмыс орны ол кез келген жерде орналуы мүмкін. Ал, екіншіден уақыт аралығында қолдануы дегенде, көпшілік ортада алдау және сенімді теріс пайдалану бір уақытта ойламаған уақытта жүзеге асып жатады. Бұл дегеніміз бастысы уақыт ол, хабар берген уақыттан бастап, халықтың сенімді болуымен орындалады. Үшіншіден, әрекет етудегі алдау мен сенімді теріс пайдалану тәсілін білетін боламыз. Бұл белгілер арқылы қылмыстық құқықбұзушылықтың алғаш басталған уақытындағы алдау мен сенімді теріс пайдалану тәсілін суреттеу арқылы, даму бағытын біле түсеміз. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 11 шілде 2003 жылғы № 8 нормативтік қаулысында қылмыстық әрекет етудегі қолданылатын тәсілді ажыратудың жалпы бағыты жайлы ғана сөз болған [3]. Атап айтқанда, алдау мен сенімді теріс пайдалануды ажырату өте қиынға соғады. Сондықтан да Пленум қаулысында адамның жеке меншігіне және меншікке деген құқығына қатысты қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша қолданылатын алдау мен сенімді теріс пайдалану тәсілінің жалпы сипаттамасын ғана келтірген. Бұл жерде сондай-ақ, түрлі тәсілдердің болатынын білгеніміздей, солардың біріне тоқталып өтеміз. Біріншіден, ол қазіргі ғаламтор желісінде тарап жатқан қаржылық пирамида және ғаламтор желісіндегі танымал блогерлердің халықты алдап, бірнеше қаржының азаюына жатады. Бұл жағдайда, бірнеше конкурстарды ұйымдастырып, тіпті курстарды ашып, халықтардан қаражатты заңсыз жинап жатады. Мұндай мәселенің шешімі дереу табылғаны дұрыс деп санаймын. Өйткені, халық танымал адам деп сенім артып жатады. Келесі, ол ғаламтордағы жарнамалардың жалған болуы, осындайда мысал ретінде, ағылшын курстарын, қаржылық сауаттылықты ашуға көмектесеміз деп адамдардың сеніміне ену арқылы алаяқтардың ұтуына негіз болады. Үшіншіден, нарықтық қатынас алдаудың жаңа түрлерінің пайда болуының мүмкіндігін туғызады. Бұл-банктік алаяқтық, (несиені заңсыз алу жолымен тонау және т.б.), компьютерлік және қамсыздандыру алаяқтығы, жылжымайтын мүлікті сату, сатып алу кезіндегі алаяқтық, оның ішінде ипотека, бизнес жатады. Осылайша, жалған несиені алу жолдары көбейді. Тіпті Алматы қаласында заңсыз несие береміз деп бірнеше әрекеттерді жүзеге асырғандығын байқай аламыз [4].

Төртіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісінің қосымша белігісі ретінде құралды қолдануы. Жоғарғы Сот Пленумы төмендегідей түсініктеме бергеніндей «Егер, бөтен біреудің мүлкін алдау арқылы алса және алдаудың нақты мазмұны белгілі болмаса, онда жасалған қылмыстың түрін ажырату үшін объективтік жақтың барлық факультативті белгілерін есепке алу керек». Алдаудың мазмұнына алдауда қолданған құрал-жабдықтар да кіреді, бір жағдайда алдау тек сөз арқылы жүзеге асырылады деп жатамыз, ал екіншіден бір жағдайларда ол басқа да тәсіл арқылы жүзеге асуы мүмкін. Алдау жазбаша түрде де, телефон арқылы да, басқа тұлғаның көмегімен де жүзеге асырыла беретінін білген жөн.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде жауаптылық жасқа жете отырып, Қазақстан Республикасының азаматы болуы және есі дұрыс болуы тиіс. Қылмыстық жауаптылыққа тартылу жасы он алты жастан басталатын ескерген жөн. Ал есі дұрыстықты біз Қазақстан Республикасының 16-шы бабына сәйкес, есі дұрыс еместік жайында талқылайтын

боламыз, біріншіден, өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған, екіншіден, өзінің іс-әрекетіне ие бола алмаған адамды айтамыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті жағы ретінде, кінә нысандарына қарай бөлеміз. Біріншіден, қасақана жасауы яғни тікелей немесе жанама пиғылмен жасауы ықтимал. Екіншіден, абайсызда жасай отырып, менмендікпен және немқұрайлықпен жасауы мүмкін жағдайлар орын алады.

Алаяқтықты адамдар тобы сөз байласып жасаған сәтінде бірнеше әрекеттер туындайды. Өйткені, олар әрбір істі алдын ала ойластырады. Мұндай жағдайдың бірі ретінде әлеуметтік желідегі емдік дәрілер деп сатып жатқан адамдардың әрекетін айтсақ болады. Бұл жағдай қалай орналуы мүмкін, алғашқыда олар жоспар құрады. Сол жоспарға сәйкес, барлығы бір әрекетті жасауды үйрене бастайды. Емдік дәрілерді сатып жатқан танымал дүкеннің бірін таңдап, сол атаумен сатуды қоя бастайды. Кейбір адамдар шатасып, бірдей деп ойлап кіріп, сол сәтте олар шындыққа көз жеткізе алмай қалады. Олардың сөздеріне әрбір адам сене бастайды, жоспар құрылған әрекетке сай, пікірлерді жалған түрде жинай бастайды. Ол адам бір жерден көшіріп алуы мүмкін, ал бірде адамдар тобы біріккен әрекет негізінде өздері немесе туыстары жазуы мүмкін. Мұндай жағдайға қатысты, бір мысал келтірсем, халықтардың арасынан байқадым ол шаш өсіретін сұйықтықты алу үшін әлеуметтік желіге шыққан сайттан қарап білдім. Сол сәтте, бұл сайтта бірнеше шөп дәрілер бар деп хабарлама қойылған екен. Осы кезде, шаш өсіремін деген адам мен артық салмақтан арылтатын дәріні көрген әйелдер қауымы осы сәтте бірнешеуін сатып алады, әрине сатып алар сәтінде барлығын сұрап біледі. Қалай қолдануы қажет екенін, тіпті, қанша күн ішінде нәтижесі болады деп сұрастырады. Осы кезде, сатып алған әйелдер қауымы өкінішке тап болады. Бұған не себеп болды десеңіз, ол біріншіден, сайтта барлығы жалған екенін түсіне бастады, бір айдан кейін пайда болатын дәріден нәтиже болмай, денсаулықтарына зиян келтірерліктей жағдай болды. Екіншіден, ендігі ақшасын қайтаруды ойлайтын жандарда бар, сотқа беруді ойлауы да кездеседі. Оларды сотқа бергенімен, кейін өз істерін тоқтатып, жаңадан басқа атаумен ашуы да мүмкін. Бұның барлығы да адамдарды алаяқтық жолымен сенімді теріс пайдаланып, адамдардың мүліктік құқықтарының бұзылуына себептілік тудырады [5].

Осылайша, бұл қылмыстық әрекетті жоймаса, қоғамға тарап, басқа да адамдардың олардың шырмауларына түсуі байқалып жатады. Көп жағдайда, бұл емдік дәрілер кейінде жамылған алаяқтықтар болып табылса, ал бірде алаяқтықтың төрт жасалу жолын бөліп қарастыруға болады:

- бөтеннің мүлкін алдау жолымен жымқыру;
- бөтеннің мүлкін сенімді теріс пайдалану жолымен жымқыру;
- бөтеннің мүлкін алдау жолымен құқығын иемдену;
- бөтеннің мүлкін сенімді теріс пайдалану жолымен құқығын иемдену.

Алаяқтыққа әсер ететін осы төрт жолы арқылы, адамдар өз мүліктерінен айырылып жатса, тіпті қомақты қаражатынан айырылады. Бұған негізгі әрекет, алаяқтықтың басқа ұрлық түрлерінен (ұрлық, иемдену немесе жымқыру және т.б.) айрықша ерекшелігі-жәбірленуші өз мүлкін немесе оған құқығын алаяққа өз еркімен береді. Сонымен бірге, қылмыскер қылмыс жасаудың екі әдісін қолданады: алдау және сенімге қиянат жасау, жеке және бірлесіп жасаған мәселесі ретінде болады.

Бұл туралы 2022 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек» екендігі туралы нұсқаған болатын [6].

Интернет-алаяқтық деп аталатын жағдайлар жиілеп кетті, алаяқтар желіде дұрыс емес ақпаратты, компьютерлік бағдарламаларды орналастырады және интернет-банкінгің немесе QIWI-әмиянның көмегімен белгілі бір жұмыс істемейтін «әуе» жобаларына қаражат салуды ұсынады. Бұл интернет алаяқтарының әрекетінен орналса да, тағы бір алаяқтық әсері ол, жазғы демалыстарында тур бойынша саяхаттауды қалаған халықтың жағдайы, олар Kazak travel туристік компаниясында 100-ден аса адамды алдаған, мұнда 95,000(тоқсан бес мың) теңгеге саяхаттауды ұсынған, бұған сенген халықтың әрекеті бір жағынан қарағанда ақымақтық, екінші жағынан туристік компаниялардың халықты алдап, біршама қаражатты жымқырып кетуі өте аянышты жағдай. Осы сәтте ой келері, ол халықтың аз ақшаға ұмтылған сәтте, алаяқтыққа тап болатынын ойламады ма, өйткені, интернетке барлық қаражат құнын сұрастырып, алдын ала ойластырғаны да дұрыс болатын еді. Әлеуметтік желіде айтып жатқан, барлық мәселе шынайы

бола бермейтінін неге ұқпасақ, өмірде алаяқтар көбейген сайын, шынайы қаражатты, нақты еңбегіңе қарай төлем алуда қиындайды. Тіпті, әлеуметтік желі арқылы, курстарға қатысып, әр адам өзінің бойындағы қасиеттерді дамытып, өзгерісі келіп жатады. Бұл қате түсінік, курста беріп жатқан ақпарат, сол интернет желісі арқылы тегін түрде тарап жатады. Оны пайдаланып, оқып жатқан адам саны аз. Барлығы, әлеуметтік желіде танымал болған адамнан білім алса, өзгеріске ие боламын деген қате түсінік.

Келесі мысал ретінде, ол әлеуметтік желіге OLX, KRISHA.KZ арқылы студенттерге арнап пәтерлерді жалға беріп жатады. Алайда, ол пәтерлер сатылып кеткен, кейін сол адамның атынан пәтерлерді жалға беріп, жалға беруші адамның өзі басқа қалада болып шығып, алғашқы жалға алу сомасын беруді талап етіп, оны алғаннан кейін, сол пәтер орналасқан мекенжайға барған сәтте, пәтер иесі өзге адам болып шығады, әрі бірнеше жыл бұрын сатылып кеткені белгілі болған сәтте, алданған студенттер пәтер аралап, кімге сенерінді білмей, қомақты қаржысынан айырылады [7].

#### **Интернеттегі алаяқтар қолданатын ең көп таралған әдістер:**

➤ Сізде жоқ жылжымайтын мүлікіңіз (автокөлік, пәтер және т.б.) әлеуметтік желілерде және жарнамалық қосымшаларда нарықтық бағадан төмен сату. Сіз жылжымайтын мүлікті таңдап, алдын-ала төлем жасайсыз, содан кейін сатушы сізді барлық әлеуметтік желілерде бұғаттайды;

➤ Сіз өнімді сатылымға шығарасыз және сізге «Әлеуетті сатып алушылар» қоңырау шалады. Олар сіздің өніміңізді сатып алуға дайын дейді, бірақ олар қазір қалада емес. Сатып алушының бухгалтері сізбен байланысады және транзакцияны жүзеге асыру үшін банк картасының толық мәліметтерін CVV кодымен немесе телефоныңызға келген кодпен белгілеу керек дейді;

➤ Kасpi Gold картасына немесе Qiwi-әмиянға кепіл сомасын беруді сұрай отырып, пәтерлер мен коттеждерді нарықтық бағадан төмен бағамен жалға беру;

➤ Instagram-да сіздің ақшаңызды айналдыруды ұсынатын аккаунттар пайда болды. Қысқа мерзімде үлкен дивидендтер уәде етіледі. Егер сіз 30 000 теңге сомасын салсаңыз, сізге 5 сағаттан кейін картаңызға 300 000 теңге қайтаруға уәде береміз делік. Мұндай күмәнді жобаларға ешқашан инвестиция салмаңыз, өйткені бұл алаяқтар;

➤ Сондай-ақ, шетелдік инвестициялық бағдарламалардың сайттары бар, олардың қызметкерлері әртүрлі елдердің әртүрлі абоненттік нөмірлерінен қоңырау шалып, олардың ең тиімді бағдарламасы бар екеніне сендіреді. Сіздің инвестицияларыңыздан кейін олар қоңырауларға жауап бермейді, сонымен қатар шоттың құлпын ашу үшін немесе төлемдер үшін қосымша ақша сұрай алады, содан кейін олар сізге үлкен дивидендтермен ақшаны қайтаруға уәде береді;

➤ Банктердің, мемлекеттік мекемелердің, ПМ-нің, прокуратураның қауіпсіздік қызметінен қоңыраулар, онда сіздің карталарыңыздан күдікті транзакциялар бар немесе белгісіз адамдар жалған құжаттар бойынша сіздің атыңызға несие рәсімдеуге тырысады және «Сақтандыру шотына ақша аудару керек» деп айтады, сізден абоненттік нөміріңізге келген кодты жазуды сұрайды [8].

Бұдан бөлек, 2020 жылы Ақтөбе әкімдігі аппаратының басшысы лауазымында жұмыс істеген Абай Көбенов танысына жер участкесін алып беремін деген мақсатпен, 1 миллион 383 мың теңге алған болатын, осы сәтте, ол сөзіне тұрмай алаяқтық жолымен ақша жымқырғанын бір дәлелдейді. Бұл әрекеті нәтижесінде, жер участкесін беру жағдайымен болғанымен, кейін халық арасында жалған құжат жасау әрекеті туындамасына кім кепіл. Тіпті, жалған ақша, жалған бағалы қағаздар жасап, ақша табудың жеңіл жолын іздеген адам, бірнеше адам алданып қалып жатады. Ақша жағынан қатысты мәселе айтқанымызда, өте жоғары деңгейде мәселе орын алып жатады. Біріншіден, ол сенің жақын досың бөліп төлеу үшін ауызша нысанда келісім келу негізінде, белгілі бір затты алып беруің өтінеді, осы жағдайдан кейін, жақын досының әрекеті ол қарызды мен сұрамадым, қайтармаймын немесе төлемеймін деген нысанда түрлі сылтау айтып, дәлелдеу қиынға соғып жатады. Демек, әрбір адам қарызға ақша немесе бөліп төлеу жайы орналса, қолхат жаздыртып алуы тиіс. Сол кезде ғана, әр адамға сөзіңе сенгенше, қағаз жүзінде расталу нәтижесінде, сотқа жүгіну мүмкіндігі артады [9].

Алаяқтарға алданбас үшін жеке картаңыздың артындағы CVV кодыңызды жібермеңіз, интернетте сатып алынған зат үшін алғашқы сомасын төлемеңіз. Өнімді сатып алмас бұрын интернет-дүкеннің беделін мұқият тексеріңіз. Келесі ескерту, ол егер тауарды, автокөлікті сату туралы хабарландыруда пәтерді жалға алу алдымен алғашқы сомасын беру кезінде жасау керек



болса немесе сатушымен тек WhatsApp арқылы байланысу керек болса, ешқашан алғашқы сомасын жібермеңіз; сізге әртүрлі мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы жібере алатын AnyDesk, Teamviewer қосымшасының белгісіз тұлғаларының өтініші бойынша күмәнді сілтемелерден өтпеңіз және жүктемеңіз. Бұл смартфонды немесе дербес компьютерді қашықтан басқаруға арналған бағдарламалық жасақтама болғандықтан, шабуылдаушыларға мобильді банкингте сіздің қолма-қол ақшаңызға қол жеткізуге мүмкіндік береді; өзге танымайтын телефон нөмір иелері хабарласып, мазаны алып жатса, қоңырауға жауап бермеңіз.

Қорытындылай келе, бұл жағдайлар барлығын шынайы өмірден алынған нысанда мысал келтірілген және қоғамда таралған алаяқтардың құқықбұзушылықтардың барлығымыз үшін қауіпті болмақ. Ал сол қауіптің алдын алуда бастысы қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін және құрамының белгілерін ажырата білу қажет. Осылайша, қауіптің алдына алуға алаяқ адамның қандай мақсатпен жасағандығын білуге болады. Кейіннен біз алаяқтардың Қазақстан Республикасының таралымы бойынша нешінші орын алатынын білдік. Мұнымен қоса алаяқтармен күресте қандай әрекеттердің орналғандығын дұрыстығын ұсыныс ретінде таныса бастадық. Ал Тараптардың арасындағы шарт тараптардың тиісті міндеттемелерді орындауға екі пайдакүнемдік пиғылмен бөтен жеке немесе өзге құжаттардың (мысалы, зейнеткерлік куәлігінің, баланың туу туралы куәліктерінің, иесінің аты көрсетілген банктік жинақтаушы кітапшасының немесе басқа да атаулы бағалы қағаздың және т.б.) негізінде әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды, ақша аударымдарын, банктік салымдарды немесе басқа мүлікті құқыққа қарсы иемдену алаяқтық болып табылатынын есте сақтаған жөн.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 Тамыз, 1995. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P96000009S\\_/info](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P96000009S_/info)
2. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсініктеме (Ерекше бөлім). - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 1120 б. Онлайн қол жеткізу: [https://zakon.uchet.kz/rus/docs/T9700167\\_1\\_](https://zakon.uchet.kz/rus/docs/T9700167_1_)
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының «Бөтеннің мүлкін ұрлауды саралаудың кейбір мәселелері туралы» қаулысы. - Астана. Шілде, 2006. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P96000009S\\_/info](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P96000009S_/info)
4. Алауханов Е.О. Алаяқтық қылмысын саралау ерекшеліктері. - Алматы. 2011, 11-13 беттер.
5. Якищенко С. А., Алаяқтық тәсілдері туралы құқықтанудың өзекті мәселелері. №5 / 1995, 11-14 беттер.
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қараша, 2022. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P96000009S\\_/infohttps://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P96000009S_/infohttps://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416)
7. Южин А.А. Компьютерлік ақпарат саласындағы алаяқтықтың пікірталас мәселелері. № 2 / 2014. 15-18 б.
8. 18 миллион теңгеге алданды. Алаяқтар қандай әдістерді қолданады және өздерін қалай қорғауға болады. Қараша, 2022. Онлайн қол жеткізу: <https://tengrinews.kz/article/obmanuli-18-millionov-tenge-kakie-priemyi-ispolzuyut-1866/>
9. Бұрынғы Ақтөбенің әкімі сотталды. Қазан, 2022. Онлайн қол жеткізу: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/byivshego-akima-osudili-v-aktobe-481473/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/byivshego-akima-osudili-v-aktobe-481473/)

## МҮЛІКТІ ЖАЛДАУ ШАРТЫ

*Нишанбаева А.К., студент*

*Ғылыми жетекші: Батырбекова Б.К., з.ғ.м., аға оқытушы*

*Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Республикамыздың ең маңызды заңдарымыздың бірі Азаматтық кодекс болып табылады. Сондықтан да, менің таңдап алған тақырыбым- «Мүлікті жалдау шарты» болып отыр. Бұл тақырып қазіргі нарық заманында өте өзекті тақырыптардың бірі деуге болады. Өйткені, мүлік жалдау күрт өсіп отыр. Осы шартқа арналған нормалар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 29- тарауының 540- бабында қарастырылған. Бұл мақаланың мақсаты- осы шарт түрінің ұғымын, оның бірнеше түрлерін, олардың мәні мен маңызын ашып көрсету болып табылады. Осы мақалада мүлікті жалдау немесе жалға беру, кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттарды жалдау және тараптардың шарт жасасу процесстері көрсетілген. АҚ 541-бабына сәйкес, мүлікті жалдауға, кәсіпорындар мен басқа да мүлікті кешендер, жер учаскілері, үйлер, ғимараттар, көлік құралдары берілуі мүмкін. Жалдаудың объектісі өзге де заттар бола алады. Мүлік жалдауды түр-түрге бөлудің негізі менің ойымша, қазіргі экономика салаларында қалыптасатын арендалық қатынастарды барынша толық қамтуды көздейді. Осы сипат бойынша кәсіпорынды жалдау, үйлер мен ғимараттарды жалдау, көлік құралдарын жалдау, тұрғын үй жалдау бөлініп шығарылады. Сонымен қатар, оларды өз арасында айыратын тек олардың нысанасы емес, оларды субъектік құрамы, мазмұнының өзгешелігі, тараптардың арасында тәуекелдерді бөлу және т.б. ерекшелейді. Бұл айтылғандар басқа мүлікті жалдау шартының түрлеріне лизинг, прокат шарттарына да қатысты. Осы шарттың түбіріне қарайтын болсақ, олардың барлығы шарттардың өңделген жүйесіне енеді. Оларды бөлек-бөлек талдаудың ең басты мәні, олар қоғамдағы әртүрлі экономикалық қатынастарды реттейтінінде болып келеді. Осыған байланысты біз әртүрлі мүлік жалдау шартының экономикалық және құқықтық мақсатын анықтауымыз керек. Мүлікті жалдау қатынастарын реттеу, тек АҚ-пен шектеліп қоймайды, олар сондай-ақ басқа да заңды актілермен реттеледі.

Мүлік жалдау және аренда терминінің түсініктері тепе-тең болып келеді, осыны қоғамдық қатынастардың аталмыш түрін реттейтін АҚ-тің 29- тарауының өзінен байқадым. Мүлікті жалдау шарты Римде кеңінен таралған еді. Ол ( locatio conductio rerum) деп аталады. Оның анықтамасы қазіргі кезде жүзеге асырылып отырған анықтамадан ерекшелігі жоқ. Мүлікті жалдау шарты консенсуалды құқықтары мен міндеттері тек тараптардың келісімі негізінде пайда болатын өзара, өтеулі ( ақылы) болып табылады. Мүлікті жалдау шартының нысанына тоқталсақ, бұл шартқа да ҚР АҚ 151-154-баптарында ұсталатын мәміленің нысаны қойылатын жалпы талаптар қолданымды болып келеді. Сонымен бірге мүлікті жалдау шартының нысанына арнайы талаптар қойылады. Егер, мысалы, ол бір жылдан астам мерзімге жасалса, онда оның нысаны жазбаша болуы тиіс.

Кәсіпкерлік әлде кәсіпкерлік емес болғанына, мерзіміне қарамастан, тарабы заңды тұлға болып келетін мүлікті жалдау шарттары да жазбаша нысанда жасалуы керек.

Азаматтар аралығындағы 1 жылға дейінгі мүлікті жалдау шарттары ауызша нысанда жасалуы мүмкін. Егер болашақта жалдаушыға мүлікке өтетіні қарастырылса, меншік құқығы онда мүлікті жалдау шарты сатып алу-сату шартының нысанындай нысанда жасалуы тиіс деп ойлаймын.

Мүлікті жалдау шартының тараптары жалға алушы және жалға беруші, жалға беруші және жалға алушы ретінде кез-келген тұлға, заңды және жеке тұлға бола алады.

Жалға беруші- бұл пайдалануға берілген мүліктің иесі, ал заңды тұлға- оқшауланған мүлікке меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқығы бар субъект. Кейбір жағдайларда мүлікті жалға беруші болуына оған өзге де құқықтары бар жеке немесе заңды тұлғалар келуі мүмкін, олар мүлікті жалға беруге заңмен немесе шартпен өкілденуі тиіс ( мысалы, бұл мүлікті сенімгершілікпен басқаратын болуы мүмкін).

Жалдаушы (арендатор) – мүлікті уақытша иелену және пайдалануға, немесе тек пайдалануға алған жеке немесе заңды тұлға.

Мүлікті жалдау шартының объектісі болып негізінен қозғалатын сондай-ақ қозғалмайтын заттар келеді. Жалдаудың объектісі өзге де заттар бола алады. Заңнамада

азаматтық айналымнан алынып тасталған заттар жалға берілуі мүмкін емес. Ал азаматтық айналымы шектеулі заттар жалға оларды пайдалану тәртібі, жалпылама оларға меншік құқығын жүзеге асырудың барлық тәртібі сақталып жалға берілуі мүмкін. Мысал айта кетсем, тұлға азаматтық айналымы шектеулі бір немесе өзге мүлікті иеленуге рұқсат алмаса, ол өзінде бар (азаматтық айналымы шектеулі) мүлікті иелігінен шығаруы керек. Заңның ҚР АҚ-тің 252-бабының 2 тармағында тікелей нұсқауына сәйкес көрсетілгендей мүлікке меншік құқығы тоқтатылуы қажет. Яғни, ондай мүлікте иеліктен шығаруға бағытталған шарттар болып, сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбас шарттары келеді деп болжам жасаймын. Мүлікті жалдау шарты нақты анықталған мерзімге жасалуы мүмкін, бұл үшін ол күшінде болып келетін мерзім шартта көрсетілмейді. Нақты анықталмаған мерзімге жасалған мүлікті жалдау шартында әрбір тарап, шарт қозғалмайтын мүлік жөнінде болғанда, екінші тарапқа үш ай бұрын ескертіп, ал шарт қозғалатын мүлік жөнінде болғанда, бір ай бұрын ескертіп, кез келген уақытта шарттан бас тарта алады. Мысалы, шартта тараптар нақты анықталмаған мерзімге жасалған мүлікті жалдау шартын бір жақты тәртіпте бұруға тиым салуы мүмкін. Ал, егер мүлікті жалдаудың ақырғы мерзімі заңнамада қарастырылса, ал шарттың өзі нақты анықталмаған мерзімге жасалса, мүлікті жалдаудың ақырғы мерзімі өтуімен ол күшін өзімен өзі жоғалтады. Яғни, мүлікті жалдау шартының мерзімі заңнама бойынша қарастырылған ең үлкен мерзімнен асып кетсе де, шарт бәрібір заңнамалық мерзімнен аспайтын мерзімге жасалған болып саналады.

Тағы да айта кететін жайт, жалға беруші мүлікті жалға алушыға шарт талаптары мен мүліктің мақсатына сәйкес, келетін күйде беруге міндетті. Мүліктің күйі бірінші кезекте шартпен анықталуы тиіс деп ойлаймын. Мысалы, жалға қоймалар берілгенде, олар өрт қауіпсіздігінің талаптарына бөлмелердегі ауаның ылғалдылығына не құрғақтығына қойылатын талаптарға және басқаларға сәйкес болуы керек екенін ескеру қажет. Мүлік жалға барлық керек-жарақтармен және оған қатысты құжаттармен бірге беріледі. Мүлікті жалдау шарты тараптардың келісімімен кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін. Одан басқа да тараптардың біреуінің талап етуі бойынша да бұзылуы мүмкін. Жалға берушінің талабы бойынша мүлікті жалдау шарты мынадай жағдайларда бұзылуы мүмкін екенін айта кетуге болады:

1) Егер жалға алушы мүлікті падаланғаны үшін шартта белгіленген төлемнің мерзімі өткеннен кейін екі реттен астам төлем жасамаса;

2) Күрделі жалға алушы күрделі жөндеуді шартта белгіленген мерзімде жүргізбесе мерзім шартта қарастырылмаса, оны қисынды мерзімде жүргізсе;

Сонымен, қорыта келе мен өте күрделі тақырыпқа біршама бойлап ендім. Соның арқасында азаматтық айналым қатынасының қатысушылары арасындағы мүліктік жалдау қатынастарын реттейтін шарт жөнінде біршама мағлұмат алдым. Бұл мақаланы жаза отырып, мүлікті жалдау немесе жалға беру процестерінің қалай жасалатынымен таныстым. Мүлікті жалға беру шартының қандай заңдар және номативтік актілер, ережелермен реттелетінін түсіндім. Осы мақаланы жазуда жинақтаған білімім маған келешекте қызмет етер деген сенімдемін.

### **Жалдау шартының ерекшеліктері**

Ағымдағы сәтте жалға беру (мүліктік жалдау) шарттарымен реттелетін өзара қарым-қатынастар кәсіпкерлік тәжірибеде ең кең таралған болып табылады. Кәсіпкерлер үшін офистердің, сауда залдары және өзге де мақсаттарға жер учаскелерін, көлік құралдарын, басқа да мүліктерді жалға алу шарттарын заңды, дау тумайтынтай жағдайда жасалуы қажет. Сонымен қатар, мүліктік жалдаудың объектілері ретінде – кәсіпорындар мен басқа да мүліктік кешендер, жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, жабдықтар, көлік құралдары және оларды пайдалану процесінде өздерінің табиғи қасиеттерін жоймайтын басқа да заттар (тұтынылмайтын заттар) берілуі мүмкін. Мүліктік жалдау шарттарына лизинг, жалға беру шарттары, сондай-ақ мүлікті ақы төлеп уақытша пайдалануға беруге байланысты шарттардың өзге де түрлері де жатады. Осылайша, жалдау шартының кеңдігі, шарттың осындай түрін ескеру үшін қажетті көптеген сұрақтар мен ерекшеліктер туындайды.

Жалдау шарты арқылы туындайтын қатынастарын орнатудағы маңызды сәт **шарт нысаны** болып табылады. Мысалы, жеке тұлғалар арасында шарт мерзімі 1 жылдан кем болған жағдайда Шарттың ауызша нысаны жеткілікті. Егер Тараптардың ең болмағанда біреуі заңды тұлға болып табылса, онда шарттың жазбаша нысаны міндетті болып табылады. Жалдау шартының объектісіне байланысты мұндай шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін арнайы талаптар қойылады. Мысалы, егер Тараптардың ең болмағанда біреуі заңды тұлға болып

табылса және жылжымайтын мүлікке бір жылдан астам мерзімге жалдау шарты жасалған жағдайда, шартқа қойылатын талап оны Әділет департаментінде міндетті түрде тіркеуге жатады.

Тағы бір маңызды сәт шарттың құны болып табылады. Жалға беру шартында жалдау объектісін пайдаланғаны үшін есеп айырысудың түрлі нұсқаларын қарастыруға болады. Мәселен, мерзімдік немесе біржолғы енгізілетін төлемдердің тұрлаулы сомасында белгіленген; жалданылған мүлікті, өнімді, жемістерді немесе кірістерді пайдалану нәтижесінде алынған белгілі бір үлес; жалға алушының белгілі бір қызмет көрсетулері; жалға алушының шартта келісілген затты жалға берушінің меншігіне немесе жалдауына беруі; жалға алушыға жалданылған мүлікті жақсарту жөнінде шартта келісілген шығындарды жүктеуі түрінде белгіленеді. Мұнда жалға алушының мүдделерін қорғау үшін, егер ол жауап бермейтін мән-жайларға байланысты, шартта көзделген пайдалану шарттары немесе жалға беру объектісінің жай-күйі айтарлықтай нашарласа, жалға алушының төлемді тиісінше азайтуды талап ету құқығы сияқты тармақты қосуға болады. Сондай-ақ, шарттың бағасына қатысты жалға берушіге, салық салу мәселелері пайда болады. Салық есептілігін тапсыру және осы шарттар бойынша салықтарды төлеу бойынша тиісті іс-әрекеттер орын алған кезде кәсіпкерлік қызметті тіркеу іс-әрекеттерін қарастыру қажет. Шарттың бағасы мәселесі бойынша ҚР Азаматтық Кодексі жалға берушінің де мүддесін қорғайды, егер шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу мерзімін жалға алушы елеулі түрде бұзған жағдайда, одан жалға беруші белгілеген мерзімде ақы төлеуді мерзімінен бұрын енгізуді талап етуге мүмкіндігі бар. Бұл ретте, жалға берушінің төлемді мерзімінен бұрын енгізуді екі реттен артық талап етуге құқығы жоқ.

Жалға беру объектісін жөндеу және жақсарту бойынша тәжірибе бойынша мәселелер мен даулы жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай сәттер жалдау шартында егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс. Осылайша, егер Тараптардың бірі жалдау объектісін жақсартуды жүргізсе, ол кейіннен жалдау төлемінде көрсетілетіндей немесе шартты бұзу кезінде көрініс табатындай салынған қаражатты қайтару қажет болады. Жалға беру объектісін ұстау ауыртпалығы мәселелері мен шектері жайлы, Тараптардың құқықтары мен міндеттерінде егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс. Жалға беру нысанын күтіп ұстау мәселелеріне көп көңіл бөлінуі қажет.

Жалға алу шартында маңызды болып, бұзу және шартты өзгерту табылады. ҚР АҚ көзделгендей тараптардың әрқайсысы үшін мұндай шарт тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Алайда, бұл жалға алушыға алдын ала уайымдайтын жағдай. Жалдау шартында мұндай сәттер ретінде шарттың мерзімін ұзарту, жаңа мерзімге шарт жасасуға артықшылық құқығы және жалға беруші тарапынан қауіп-қатерлер мен зардаптар мүмкіндігімен байланысты шартты бұзуды ойлау қажет. Және де, шартта жалға алушының да, жалға берушінің да жағдайын жақсартатын басқа да талаптар көрсетілуі тиіс.

Жалға беруші үшін шартта жалға беру объектісін қайтаруға байланысты сұрақтар мен шарттар қарастырылуы тиіс. Әсіресе жалдаудағы пайдаланудан кейінгі объектінің жай-күйі бойынша шарттарды көрсете отырып көлемді түрде жасалу қажет.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы, Ерекше бөлімдері. Алматы, Юрист, 2015 ж.
2. Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, оқулық, Алматы, 1999 ж.
3. Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқулық. Ерекше бөлім.- Алматы: Жеты Жарғы, 2012 ж
4. З.О.Ашитов « Қазақстан Республикасының құқықтық негіздері». –Алматы: «Жеті жарғы», 2003ж.

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АТА-АНАСЫНЫҢ, ДОСТАРЫНЫҢ, ТАНЫСТАРЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

*Бекболат Ф.С., студент*

*Ғылыми жетекші: Батырбекова Б.К., з.ғ.м., аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Жалпы азаматтық қоғамда және қылмысты мінез-құлықтың алдын-алуда шешуші рөл ойнайтын, дәстүрлі маңызды институт ол – отбасы.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары мен басқа да құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының рөлі, міндеттері мен мақсаттары елеулі түрде жеткіліксіз қарастырылғанын айту керек. Көп жағдайда отбасылық тәрбиенің криминогенді жеткіліксіздіктері мен олардың салдары қарастырылады, санасында деформациялар пайда болған балалардың тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу қажет екені ұмытылады.

Ғылыми әдебиеттерде отбасымен оның басқа да қатысушыларымен өзара байланыста жүзеге асырылатын, профилактиканың деңгейлері мен сатылары анықталған, олар:

- ерте кезден алдын-алу;
- тікелей алдын-алу;
- жасалуы мүмкін қылмыстың алдындағы кезеңнің алдын алу;
- қайталануды алдын-алу.

Ерте кезден алдын алу саласында, бірінші кезекте отбасы мен оқу мекемелері жұмыс жасайды. Бұл жерде теріс іс-әрекеттердің бақылаусыз қалғанынан, отбасы мен оқу мекемелеріндегі ұжымдардан шеттеудің қайнар көздерін табу және жою жөнінде болып тұр. Жеке тұлғаның дамыған деформациясы кезінде, бақылау және әсер ету шараларын күшейту керек екені мәлім. Осы жерде – қылмыс жасауға жібермеу – сияқты кейінге қалдыруға болмайтын сұрақ шешіледі. Егер бұған қол жеткізілсе, онда оқуға деген қызығушылықты қалыпқа келтіру, оның қажеттіліктері мен қызығуларды дамыту және құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдерге тән ұшқалақтық, алдау, өшпенділік сияқты белгілерін жою, ең соңғысы, қалыпты қатынас, отбасы беделін, оқу орындарын, қоғамдық пікірлердің жүйесін қалыпқа келтіру және дамыту қажеттіліктері туындайды.

Қайталанудың алдын-алуда отбасының қатысуымен жүзеге асырылады. Алдын-алудың бұл сатысында тәрбиелеу мекемелерде жазасын өтеп жүрген кәмелетке толмағандар мен ата-аналары байланыс ұстап, олардың босап шыққаннан кейін қалыпты өмірге бейімделуіне көмектесуі, бұрынғы негативті сипаттағы байланыстарының жаңаруына жол бермеуі және тағы басқа тиіс [1].

Соңғы жылдары профилактикаға мүмкіндік беретін себептердің ішінен, бірінші кезекке ата-аналардың экономикалық-әлеуметтік жағдайы мен қоғамдағы мәртебесі емес, мәдениет, өнегелік және рухани деңгейі шығатынын айту қажет. Осы орайда қазіргі уақытта елімізде орын алып отырған мынадай көрсеткіштерді келтіре кетсек: жыл сайын республикада 10 мыңдай қараусыз және қадағалаусыз балалар анықталып отыр. ҚР ІІМ деректері бойынша алкогольді және басқа да зиянды заттарды қолдану, балаға немқұрайлы қарау, баланың өсуі мен дамуы үшін дұрыс жағдай жасаудан жалтару нәтижесінде 2001 жылдан бері 5 мыңдай ата-ана ата-аналық құқықтарынан айырылған. Мұндай жағдайдың себептері баланың адамгершілік-рухани қалыптасуында отбасы рөлінің, ата-аналардың жауапкершілігінің төмендеуі, материалдық, тұрғын үй-жай қиындықтары, мектеп отбасы және қоғамның өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі, отбасы құндылығы мен тәрбиесін насихаттаудың осалдығы болып табылады. И.А. Ильин, дәл отбасында адам «бірінші жүректің адал қозғалысымен үйреніп, одан әрі қарай адамзаттық рухани бірлестігінің нысандары – туған ел мен мемлекетке» көтерілу қажет, деген пікірі орынды деп есептейміз [2, 142-б.].

Осы профилактиканың арқасында балаларды дұрыс әрекеттерге тартуға, ұжымдағы қалыпты мәртебені қалыпқа келтіруге көмекке, демалыс саласын реттеуге негізделуі қажет екенін айту керек.

Заңның 24-бабы: «Қазақстан Республикасы азаматтарына мемлекеттік оқу мекемелерінен ақысыз орта білім алуға кепіл беріледі. Орта білім міндетті» деп көрсетілген бұрынғы ескі заңда көрсетіліп кеткен, ал қазіргі жаңа Заңға сәйкес алынып тасталынған бұл бап. Керісінше, 26-бабына сәйкес жаңа (Заңға 2007 ж. 27 шілдедегі) «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қойылатын жалпы талаптар» көрсетілген. Осыған сәйкес, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде мемлекеттің жүзеге асыратын саясатында мектеп жетекші рөл атқаратынын көріп отырмыз. Мектеп баланың, жеке тұлға ретінде, оның көзқарастарын, дарынын, қабілетін, өзін-өзі кәсіби анықтау, жалпы азаматтық өнеге, физикалық жетілу, табиғат жөніндегі танымдарын жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі қажет. Сондай-ақ құқықтық тәрбиелеуді бала бойына дарытатын бастапқы институттардың бірі жоғары оқу орныдары болып табылады.

Статистика бойынша 2018-2019 оқу жылының басында ҚР 7859 күндізгі білім беру мектептері, 140 ЖОО әрекет етуде. Соның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар мен жетім балаларға білім беретін мекемелердің атқаратын рөлі маңызды. ҚР БЖҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 05.01.19 жылғы мәліметтері бойынша 16008 ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар мен жетім балалар 204 мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде білім алуда.

Азаматтық қоғамның институттарының кәметке толмағандардың құқық бұзушылығының профилактикасы саласында өзара әрекеттесуі бойынша көптеген зерттеулерді талдау негізінде келесілерді атап өтуге болады:

- тұрғындардың тәуекел тобындағы балалар мен жасөспірімдер мәселесіне жаппай қызығушылық білдіруі;

- азаматтық қоғам шеңберінде, оның өкілдерінің жарғысында жастар мен кәметке толмағандарды қолайсыз өмір талаптарынан қорғайтын, білім беруде, еңбекпен қамтамасыз ету, эстетикалық, физикалық, өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтік тәрбиелеуде, көмектесу мақсаты бар қызметтер енгізілген, түрлі қоғамдық бірлестіктер құруы;

- азаматтық қоғамның бірлестіктерінің, сондай-ақ жекелеген азаматтардың кәметке толмағандар мен жастардың құқық бұзушылығы мен қылмысының алдын алу бойынша заңда қарастырылған қызметтері, сотқа заң мен соттың тапсырмасын орындау шеңберінде көмек көрсету.

Сонымен, азаматтық қоғамның маңызды рөл ойнайтыны анықталды.

Азаматтық қоғам – саяси үкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы.

Елімізде азаматтық қоғам құрылу барысында болғандықтан, үкіметтік емес ұйымдар салыстырмалы түрде жаңа феномен болып табылады. Оларға көп жағдайда тәжірибе, кәсібилік және қаржыландыру жетпей жатады. Сондай-ақ күйзеліс орталықтары және сенім телефондары сияқты қызметтерге қоғамның сенімін қамтамасыз ету қиын, өйткені бұл қызметтер жаңа, таныс емес құбылыс болып табылады.

Заманауи талаптарда Қазақстанда балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдары саны көбеюде. Соның ішінде Қазақстандағы бірнеше жылдар болды «*Street Law*» (Көше құқығы) қоғамдық ұйымы жұмыс жасап жатқанын айту керек. Аталған ұйымның негізгі мақсаты адамның құқықтары мен бостандықтарын үйрету болып табылады. «*Street Law*» әдістемесі бойынша құқықтық білім беру бағдарламаларды жүзеге асыру Қазақ мемлекеттік заң университетінде, «Әділет» Жоғары құқық мектебімен бірлесе отырып, «Сорос-Қазақстан» қорының қолдауымен 1998 жылы басталды. Осы уақытта студенттер, оқытушылар және мектеп мұғалімдерінің бастама тобымен *Street Law - Қазақстан* қоғамдық ұйымы құрылды. Бүгінгі таңға дейін студент-заңгерлер, мектеп мұғалімдерінің және оқытушылардың күшімен, құқықтық білім беру идеясын өмірде жүзеге асырумен айналысуда [3].

Бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзінде алдын алудың макро және микродеңгейдегі жаһандық бағдарламалармен қатар, локалды қауымдастықтармен де профилактикалық жұмыстар жүргізу қажет екендігі мойындалған. Біздің жағдайда – бұл микроаудан деңгейі немесе тіпті оның бөліктері (1-2 квартал).

Мұндағы қойылатын мақсат - бір уақытта пайдалы бастамалар мен әр азаматтардың әрекеттерін белсенділігін арттырып, әрбір отбасы мен олардың балаларына «жету». Балалар мен жасөспірімдердің бірлестіктерінің нысандарының алуан-түрлі, жастар ортасындағы

өнегелік бағыттардың жеткіліксіздігімен, идеологиялық нигилизммен, діни талғамның көптігі, байсалды әлеуметтік емес құбылыстарға қарсы тұруға қабілетсіздікпен үйлесіп отырады. Сондықтан да жастар мен кәмелетке толмағандардың қылмысты мінез-құлқының алдын алуда азаматтық қоғамның барлық институттары тарапынан қолдау қажет.

Қазақ қоғамындағы болған түбегейлі өзгерістер жастар мен кәмелетке толмағандардың діни саласында да өз ізін қалдырды. Мешіт пен шіркеу әлеуметтік институттар, діни ұйымдардың түрі ретінде азаматтық қоғамның ажырамас элементі ретінде сипатталады.

Мешіт пен шіркеуге тиесілі – қайырымдылық, мейірімділік, парасатты өмір үлгісі, есірткіге құмарлық пен басқа да өнегеге қайшы көріністердің алдын-алу, бақытсыздыққа ұшырағандарға қолдау көрсету сияқты адамгершілік қызметтері - әрқашанда өнегелік жаңарудың кейіпі болып табылады.

Қазақстандық жастардың діншілдігін талдау алдыңғы жастар арасындағы дінге деген теріс қатынастарын жеңгені жөнінде айтуға мүмкіндік береді. Егер 10 – 15 жыл бұрын барлық жастағы топтардың діншілігінің ең төмен көрсеткіші (1 - 2%) жастар арасында болса, ал бүгінгі таңда бұл көрсеткіш – 32,1% құрайды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылы 13 маусымда өткен ЕҚҚҰ «мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық сабырлылық» тақырыбындағы басқосуда Қазақстан Республикасында 130 ұлт тұратынын, олардың түрлі 46 діни конфессияларға бірігетіндігі жөнінде айтқан болатын [5].

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың өзгеруі жастарға күшті әсер етуші дәстүрлі емес, деструктивті тоталитарлы діни қозғалыстардың жандануына алып келеді. Секталарға тартылған жастар мен жасөспірімдер «ұстаздың мейірімі үшін» көбірек құқық бұзушылықтарға барады. Мұндай жағдайда тек қана тоталитарлы секторлардың жастарының дүниетанушы көзқарастарына қарсы әсер етудің арнайы-зәңгі әдістері жеткіліксіз болып табылады. Түрлі девиациялардың алдын-алушы құралдардың бірі болып, мектептерде дінтану курсының өткізуді ұйымдастыру және жасау болып табылуы мүмкін. Түрлі діни ағымдардың өкілдері осы бағытта жұмыстарды әлдеқашан бастаған және кәмелетке толмағандарды діни тәрбиелеу міндетіне ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғаның өнегелік тәрбиесіне, толеранттылық идеясын дамытуға да жауап береді.

Қазақстандық мемлекеттік саясаттың балаларға қатысты мақсаттарының бірі олардың физикалық, интеллектуалдық, психикалық, рухани және өнегелік дамуына септігін тигізу, оларды патриотизм және азаматтық сезімімен тәрбиелеу, сонымен қатар баланың жеке тұлғасын қоғам игіліктеріне жүзеге асыру болып табылады. Бұл қызметтер, әрине ҚР Конституциясына және заңдарға, халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі керек.

Мәдениеттің мінез-құлықтық соның ішінде құқықтық аспектісі жеке тұлғаның дүниетанымдық орнатылымдармен анықталатыны құпия емес. Л.Н. Толстой «жақсылыққа сендірудің ең құдіретті түрі жақсылыққа толы өмірдің үлгісі» деп айтқаны дұрыс емес пе. Тек, балаға өнегелік бағыттар, рухани үйлестік, өзінің тағдырына деген сенімділікті табуға мүмкіндік беретін, заманауи ғасыр үлгісі қандай болмақ. Сондықтан емес пе екен, жастар ортасында құқықтық нигилизмнің жайылуы, бүгінгі қоғамның рухани күйзеліске ұшырауы, рухани бағыттар көрсетуі былай тұрсын, баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ.

Қазіргі кезде балалармен байланысты көптеген мәселелер: демографиялық мәселелер, отбасындағы зорлық, жастардың құқық бұзушы мінез-құлықтары және девиацияның өзгеше нысандары (есірткі құмарлық, алкоголизм, жезөкшелік, қайырымшылық).

Кәмелетке толмағандарды жыныстық қатынас жөнінде ақпараттарға құлағдар ету, қауіпті аурулардың алдын-алуға көмектесетіні анық. Алайда қоғамның өзі мұндай мәселелерді шешуге дайын еместігін мойындауымыз керек.

Осыған байланысты балалар мен жастарды тәрбиелеу сұрақтары бүгінгі таңда үлкен мәнге ие болып отыр.

Балаларды өнегелік тәрбиелеуде отбасымен қатар, басқа да әлеуметтік институттар, және бірінші кезекте мектеп белсенді рөл ойнауы қажет. XIX ғасырдың екінші жартысынан-ақ отандық педагогикада тәрбиелік үрдістің адамгершілікті, рухани және өнегелік бағыттары дамып келеді.

Бүгінгі таңда мектептерде-оқу курстары көмегімен рухани орнатылымдарды меңгеруден жастарды өнегелік тәрбиелеуде белсенді рөлдерге дейінгі түрлі әдістер жүзеге асырылуы

мүмкін. Яғни, өскелең ұрпақтың қоғамға пайдалы еңбектерге, түрлі әлеуметтік акцияларға, жастардың қоғамдық ұйымдарына қатысуы жөнінде әңгіме болып отыр.

И.А. Ильин: «әлем балалықтан құрылып қана қоймай, онымен жойылады да; мұнда құтқарылу жолдары ғана емес, сондай-ақ өлім жолы да төселеді. Егер біз, «келесі ұрпақ» барлық уақытта туылып, тәрбиеленеді және оның болашақ ерліктері мен қылмыстары, рухани күші мен болуы мүмкін рухани күйзеліс – қазірдің өзінде біздің айналамызда, барлық уақытта жалғасып, пісіп жатыр және біздің әрекетімізбен немесе әрекетсіздігімізбен, ондай жағдайда біз осындай жауапкершіліктің мойнымызда жатқаны жөнінде өзімізге есеп бере аламыз ...» деген пікірін жалғай кету орынды болар [2, 142 б.].

Отбасы, үкіметтік емес ұйымдармен, қайырымдылық қорлары, мешіт, шіркеулер жүзеге асыратын, әсер студия ескерту нысандары кәметке толмағандармен жеке жұмыс жасау мүмкіндігінің бар екендігін білдіретіні күмәнсіз.

Тәуелсіз Қазақстан демократиялық және құқықтық мемлекет құруды жариялады. Осы қиын, өтпелі кезеңде біздің еліміздің жас адамдары тұрғындардың материалды жағдайлары мен республикамыздың қуатын көтеру үшін нарықтық экономиканың нысандары, әдістері мен қағидаларын, істі біліп, меңгеруі және ие болуы керек.

Жастар - ел болашағы, мемлекетіміздің үміт артар жаңа буыны. Қорыта келе жасөспірімдік шақ аса жауапты кезең екенін айта кету керек. Жоғарыда айтқанымыздай бұл уақыт аралығында жастардың ой-санасы, дүниетанымы, қарым-қабілеті, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Қызығы мен қиындығы алмасып отыратын тіршілік заңының ықпалына қарай икемделіп, бейімделе бастайды. Бала жаман болса, ол тәрбие барысында жіберілген кемшілік салдары екенін естен шығармаған жөн.

Зерттеу нәтижелерін нақты қолдану бойынша бірнеше ұсынысымыз бар:

«Кәметке толмағандар түсінігін жас критеріі бойынша «14 жасқа дейінгі кәметке толмаған», «14 жас пен 18 жас аралығындағы кәметке толмағандар» деп нақтылап, ҚР заңнамаларына, еңгізе отырып терминологиялық біркелкілікті қамтамасыз ету қажет. Мұндай шара өз кезегінде қылмыстық құқықтық, азаматтық құқықтық, отбасы құқықтық т.б. нормаларының тәжірибеде, құқық қолдану барысында нақтылай түсер еді;

Біздің көзқарасымыз бойынша кәметке толмағандардың құқықтық санасының деформациясын жеңу және құқықтық санасын көтеру мақсатында мемлекет пен қоғамдық құрылымдардың өзара әрекеттесу тетігін шығару қажет. Кәметке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын-алуда азаматтық қоғам институттарының алатын орны ерекше, соның ішінде мемлекеттік емес ұйымдардың маңыздылығын нормативті бекіту арқылы арттыру қажет деп ойлаймыз;

Қазақстандық құқықтық мәдени құндылықтарға әлемнің жаһандануы тарапынан қауіп туып тұрған кезде, жас ұрпақты өнегелік-құқықтық тәрбиелеуді қосып, жастармен жұмыс жасау тәсілдерін қайта қарау қажет. Балалар мен жастарды жалпы құқықтық оқытудың көп сатылы, бірдей жүйесі сондай-ақ педагогикалық кадрларды арнайы кәсіби дайындау, оқу-әдістемелік материалдар мен кәметке толмағандарға құқықтық білім беру кешенді тұжырымдамасын жасау қажет;

Заңгерлерді дайындайтын ЖОО құқықтық психология, құқықтық педагогикаға баса назар аударылуы қажет. Осыған орай оқу жоспарға «Құқықтық педагогика» арнайы курсы еңгізіп оқыту қажет. Бұл өз кезегінде кәметке толмағандармен жұмыс жасайтын органдарға, заңгер дайындауда елеулі дайындықтың бастамасын қамтамасыз етеді.

Шығарылған нәтижелер мен ұсыныстарды өндірісте қолдану жастар саясатын қалыптастыруға байланысты құқық шығармашылық қызметінің және ҚР Ювеналды әділет жүйесі қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Бакаев А.А. Система профилактики правонарушений несовершеннолетних: Учебное пособие. - М., 2004. - 225 с.
2. Ильин И.А. О сущности правосознания // Собр. соч.: В 10 т. // Сост. и ком. Ю.Т. Лисицы. - М., 1994. - Т. 4. – 361 с.
3. Мұхтарова А.К., Кемелов О.Т. Права человека в системе правового образования молодежи в РК. Теория и практика. Опыт ОО «Street Law – Казахстан» // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2002.- №2. - С. 56.



4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылы 28 ақпандағы Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2007. - 16 наурыз.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылы 13 маусымда өткен ЕҚҚҰ «мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық сабырлылық» тақырыбындағы бас қосудағы баяндамасы. - Астана, 2006.

ӘОЖ 34.4414

## ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМ: ТҮСІНІГІ, ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ КӨРІНІС ТАБУ НЫСАНДАРЫ

*Тохташова Н., студент*

*Ғылыми жетекші: Қулажанова А.Н., з.ғ.м., аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Құқықтық нигилизм немесе құқықтық немқұрайдылық — нақты адамның әлеуметтік өмірінде құқық, заңдардың маңыздылығын мемлекеттік және тұрмыстық деңгейде қалыптасқан түйсіксіз терістеу.

Нигилизм (латын тілінен аударғанда - жоққа шығару) субъектінің белгілі бір құндылықтар, нормалар, көзқарастар, идеалдар және адам болмысының жекелеген немесе барлық жақтарына қатысты жағымсыз қатынасын білдіреді. Бұл- дүниетаным мен әлеуметтік жүріс-тұрыстың бір нысаны.

Құқықтық нигилизм- әлеуметтік нигилизмнің бір түрі. Оның мәні құқыққа, заңдарға, нормативтік тәртіпке деген жағымсыз, теріс қатынаста, оларды құрметтемеуде. Ал оның түпкілікті себептері халықтың басым бөлігінің құқықтық надандығымен, артта қалғандығымен және құқықтық тәрбиенің төмен болуымен байланысты. Құқыққа қайшы мұндай көзқарастар мен пікірлер қоғамдық сана мен ұлттық психологияның элементі, белгісі, қасиеті, мәдениеттің, салт-дәстүрлердің, өмір сүру салтының айрықша ерекшелігі. Яғни, бұл жағдайда қоғам тарапынан құқыққа деген сұраныстың болмауы байқалады.

Бұл ретте құқыққа немқұрайдылықпен, менмендікпен, сыни көзбен қарау, оны адам құндылықтарының жалпы өлшемінде негізгі іргелі идея ретінде емес, жанама құбылыс ретінде бағалау орын алады. Бұл, өз кезегінде, қоғам өркениеттілігінің деңгейін, оның рухани жағдайы, ой-шабыты, әлеуметтік сезімдері мен дағдыларын көрсетеді.

Бұл феноменнің моральдық- психологиялық генезисі - құқықтың ерекше рөліне, потенциалына, әмбебаптығына, мүмкіндіктеріне және қажеттілігіне сенбеу. Сондай-ақ, құқыққа қатысты немқұрайдылық орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда адамдардың құқықтық санасының жетілмегендігін көрсетеді. Бұл құбылыстарға тиісті құқықтық тәжірибенің, дағдылардың, құқықтық сауаттылықтың болмауы әсер етеді.

Аталған мәселе ғылыми тұрғыдан да жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Ал оны зерттеуге қажеттілік әлдеқашан туындаған, себебі аталған әлеуметтік- құқықтық феномендер тәжірибелік өмір мен адамдар санасында, саясат, мәдениет, заң шығармашылық мемлекеттік және қоғамдық қызмет салаларында, заңгерлер арасында кеңінен таралған.

Қазіргі заманғы қоғам көптеген қарама қайшылықтармен сипатталады. Олардың арасында құқықтық нигилизм мен идеализм жиі көрініс тауып жатады. Бұл екі құбылыс біріне-бірі қарама қайшы, бірге өмір сүруі мүмкін емес болып көрінгенімен, олар қоғамда қатар әрекет етуде және бірлесе отырып құқықтық мәдениетсіздікке жағдай жасауда.

Құқықтық нигилизм кезінде заңдар ашық түрде еленбейді, бұзылады, орындалмайды, оларды бағаламайды, құрметтемейді; құқықтық идеализм кезінде керісінше, заңдарға бүкіл мәселелерді бір мезетте шеше алатын белгісіз бір ғажайып күш тән етеді. Қоғамдық сана тіпті кез келген мәселеге қатысты жаңа заңдардың қабылдануын талап етеді. Жоққа шығару нигилизмнің барлық нысандарына ортақ белгі болып табылады. Алайда жоққа шығарудың барлығы нигилизмді білдірмейді. Жоққа шығару әлдеқайда кең мағынаға ие, ол адам санасында, диалектикалық ойлауға о бастан тән қасиет. Сондықтан да белгілі бір нәрсені жоққа шығаратын адамдардың барлығын нигилист деп атауға болмайды.

Тиісінше, нигилистік жоққа шығару мен диалектикалық жоққа шығарудың арасында елеулі айырмашылықтар бар. Мысалы, тарихи тұрғыдан түрлі ұлт-азаттық қозғалыстарды, олардың идеологтары мен қатысушыларын толығымен жоққа шығарып, жағымсыз баға беруге болмайды. Себебі, бұлар — объективті заңдылыққа ие процестер.

Жалпы алғанда, халыққа қарсы, тоталитарлық режимдерге, билеушілер мен диктаторлардың заңсыздығына, бостандық, демократия идеялары мен адам құқықтарын аяққа таптауға қарсы күрес нигилизм болып табылмайды. Тирандардың шексіз билігі барлық уақытта да сынға алынып отырған. Ж.Ж.Руссо айтып кеткендей «рақымсыз патша өзін тақтан құлатқан халыққа ренжімеуі тиіс». Яғни, революциялардың барлығы жауыздықты білдірмейді.

Ескі консервативтік, реакциялық көзқарастарды объективті түрде жоққа шығару нигилизм болып табылмайды. Мысалы, еліміздің тарихындағы көптеген қайғылы оқиғаларды, ең алдымен қоғамдық өмірдің мемлекеттік және саяси құқықтық саласында орын алған оқиғаларды сынға алу әділ және орынды, себебі бұл міндетті түрде болатын объективтік процес. Кемшіліктерді, ескірген тәртіптерді, қандай да бір институттардың, қолданыстағы заңдардың, саяси-құқықтық жүйенің жетілмегендігін- жалпы алғанда ақиқаттың барлық жағымсыз құбылыстарын сынға алудың пайдасы зор.

Нигилизм қоғамдық санада ерте кезеңде пайда болған, алайда, өткен ғасырда, әсіресе батыс Еуропа мен Ресейде кеңінен таралған. Нигилизм Ф.Г.Якоби, П.Ж.Прудон, Ф.Ницше, М.Штирнер, М.Хайдеггер, М.А.Бакунин, П.А.Кропоткин сияқты солшыл радикалдық бағыттағы философтардың еңбектерінде көрініс тапты. Нигилизм түрлі нысанда көрініс табады. Қандай құндылықтардың жоққа шығарылатынына, білімдер мен әлеуметтік тәжірибенің қай саласында орын алып отырғанына байланысты нигилизм адамгершілік, құқықтық, саяси, идеологиялық, діни және басқа да түрлерге бөлінеді. Нигилизмнің мұндай түрлерінің арасында белгілі бір ерекшеліктер, айырмашылықтар және ортақ тұстары көп.

Орыс жазушысы И.С.Тургенев өз романдарында 19 ғасыр 60-жылдарындағы интеллигенция арасынан шыққан, өздерін қоршаған ақиқаттың көптеген ережелерін жоққа шығарып, жаңа идеялар ұсынған бүлікшіл кейіпкерлердің бейнесін сомдаған.

Жалпы алғанда нигилизм көп жағдайда бүлік әкелуші, әлеуметтік тұрғыдан зиянды құбылыс ретінде қарастырылады. Басым көпшілік жағдайда нигилизм бүлдіруші сипатқа ие. Шектен тыс шыққан жағдайда нигилизм түрлі анархиялық, солшыл және оңшыл радикалдық ұмтылыстармен, максимализммен, большевизммен және неомошевизммен, саяси экстремизммен ұштасып жатады. Нигилизм радикалдық көзқарасты ұстанатын кез келген тұлғаға тән.

Бүгінгі таңда әлеуметтік нигилизм түрлі нысанда көрініс табады: қоғамның белгілі бір топтарының реформалар бағытын, өмірдің жаңа тәртібі мен жаңа құндылықтарды қабылдамауы, өзгерістерге көңілі толмауы, жүзеге асырылып жатқан өзгерістердің шұғыл әдістеріне қарсы наразылықтар; қандай да бір саяси шешімдер және акциялармен келіспеу, мемлекеттік институттарды және билік құрылымдарын, олардың көшбасшыларын жақтырмау немесе тіпті олармен жауласу; адамгершілік бағдарларын жоққа шығару. Халықтың басым бөлігінің арасында бөлікке деген қарсы көңіл-күй, орын алып жатқан оқиғаларға, ақиқаттың көптеген фактілері мен құбылыстарына қатысты жағымсыз қатынас кеңінен таралған.

Әлеуметтік нигилизм біздің елімізде әсіресе «қайта құру» және «жариялылық» кезеңінде кеңінен таралған. Ол елімізде жаппай көрініс тапқан жоққа шығару кезеңінде пайда болды. Бұл кезде көптеген құбылыстар қайта бағаланып, қайта ой елегінен өткізіліп, сынға алынып, жоққа шығарып жатты. Бір жағынан, нигилизмнің жаңғырту функциясы айқын көрініс тапса, екінші жағынан, оның жағымсыз салдары, кемшіліктері орын алып жатты, себебі барлығын жаппай жоққа шығару позитивтік бастамаларды да жойып жіберді.

Біздің елімізде құқықтық нигилизмге қолайлы жағдай бар және ол кеңінен қанат жаюда. Біз әлі де заңсыздықтың ортасында өмір сүрудеміз. Ол көп жағдайда ұлттық апат сипатын иеленіп, қоғамға орны толмайтын зиян әкелуде. «Біздің елімізде әрқашанда заңдар емес, адамдар билік еткен» деген халық сөзі бекер емес. Осыдан халықтың заңға деген немқұрайды қатынасы туындайды.

Қарастырылып отырған жағымсыз құбылыстың бүгінгі таңдағы басты себебі- қоғамдағы дағдарыс. Әлеуметтік шиеленіс, экономикалық келеңсіздіктер, кезіндегі біртұтас кеңістіктің ыдырауы, сепаратизм, биліктегі тайталастық, қоғамның моральдық- психологиялық тұрақсыздығы және басқа да жағдайлар құқықтық нигилизмді одан сайын өршітіп, кеңінен

таратуда. Құқыққа қайшы әрекет етіп, өзінің жеке мүдделерін жоғары қоятын тұлғалар үшін қолайлы жағдай туды.

Құқықтық нигилизм — әлеуметтік қатынастардың өнімі, ол көптеген себептер және салдармен байланысты. Соның ішінде, ол түрлі деңгейдегі көшбасшылардың айлакерлігі мен бедел құмарлығы, ұстанымдар мен менмендіктің, өзімшілдік пен атаққұмарлықтың күресі сияқты жағымсыз құбылыстардың нәтижесінде өрши түсті. Ескі және жаңа бюрократияның өзімшілдігі мен мансапқорлығы, шенеуніктердің басым бөлігінің білімсіздігі мен ақымақтығы да құқықтық нигилизмге кері ықпалын тигізуде. Бұл факторлар мемлекеттіліктің әлсіз тұсы деп айтуға болады.

Жеке тұлға деңгейінде құқықтық нигилизм екі тұрғыдан көрініс табады: ол ақыл–ой, сезім, көңіл—күй ретінде және әрекеттер, нақты жүріс-тұрыс ретінде. Құқықтық нигилизмнің әрекет және жүріс-тұрыс түрінде көрініс табуы аса қауіпті. Адамның жүріс-тұрысы оның ниетінің нәтижесі, сондықтан да дәл осы жүріс-тұрыс арқылы құқықтық нигилизмнің шын мәнінде бар—жоқтығы және оның салдары туралы ой қорытуға болады. Жүріс-тұрыс белсенді және бәсең, орнықты және табан асты, тұрақты және жағдайға байланысты болуы мүмкін. Оған жеке себептер негіз болады. Мысалы, адам өзін соттағаны үшін сотқа көңілі толмауы мүмкін, ал заң оның әрекетіне қатысты жаза көздегені үшін жаман болып көрінуі мүмкін. Нигилизм субъектінің өз әлеуметтік –құқықтық мәртебесіне, мүмкіндіктеріне көңілі толмауының нәтижесінде де туындайды. Жалпы алғанда нигилизм теориялық және тәжірибелік нысанда көрініс табады.

Құқықтық нигилизм көп қырлы сипатқа ие. Ол қоршаған ортаға жылдам бейімделіп, түрі өзгеріп отырады. Оның нақты көрініс табуының көптеген нысандары, түрлері, қырлары болады. Солардың ішіндегі ең елеулі түрлеріне тоқталып кетсек.

1. Ең алдымен, бұл қолданыстағы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді тікелей әдейі бұзу. Мұндай құқық бұзушылықтар қылмыстық тұрғыдан жазаланатын әрекеттердің, сонымен қатар азаматтық, әкімшілік, тәртіптік және өзге де теріс қылықтардың кең қатарын құрайды. Өшпенділік және пайдәкінемдікпен жасалынған қылмыс - құқықтық нигилизмнің аса өрескел және қауіпті түрі және ол қоғамға орны толмас материалдық, моральдық зиян тигізеді.

2. Құқықтық ережелерді жаппай сақтамау және орындамау. Бұл жағдайда субъектілер (азаматтар, лауазымды тұлғалар, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар) құқықтық нормалардың талаптарын сақтамай, «өз ережелері» бойынша өмір сүріп, әрекет етуге ұмтылады. Ал заңдардың орындалмауы - биліктің дәрменсіздігінің белгісі. Осылайша құқықтық анархия кеңінен таралып, заңдарды ешкім орындамайды. Ал заңдарға бағынбаудан қоғамға келетін зиян оларды тікелей бұзудан келетін зияннан кем емес. Заңдарды жаппай орындамау - аса төмен және бұрмаланған құқықтық сананың, тиісті құқықтық мәдениеттің болмауының, сонымен қатар халықтың басым бөлігінің тәртібі мен жауапкершілігі болмауының нәтижесі.

3. Заңдардың қарама-қайшылығы, қарама-қайшы, бірін-бірі жоққа шығаратын құқықтық актілерді қабылдау. Көп жағдайларда заңға сәйкес актілер «заңнан жоғары» актілерге айналады. Қабылданып жатқан құқықтық нормалардың көп болуы олардың біріне-бірі сәйкес келмеуіне, үйлеспеуіне әкеп соғады. Нәтижесінде түрлі коллизиялар орын алып, құқықтық нигилизмге қолайлы жағдай жасалады.

4. Заңдылықтың саяси, идеологиялық немесе прагматикалық мақсаттылықпен алмасуы, түрлі ресми лауазымды тұлғалар мен органдардың, қоғамдық топтар мен күштердің заңсыз қызмет кеңістігіне шығуы, өз мүдделерін Конституция шеңберінен тыс, яғни заңдарға қарсы жүзеге асыру. Бұл мақаттылық түрлі нысанда көрініс табуы мүмкін - мемлекеттік, партиялық, жергілікті, аймақтық, тәжірибелік, идеологиялық және жеке болып табылады. Қандай да бір әрекет жасау қажеттілігі туындап, ал заң оған кедергі болып тұрса, мақсаттылықтың белгілі бір түрі пайда болады. Мұндай жағдайларда заң екінші орынға жылжиды.

5. Биліктің барлық деңгейіндегі өкілдік және атқарушы құрылымдардың тайталастығы (конфронтация). Бұл жағдай ескі Кеңестік жүйенің сақталуымен қатар жаңа президенттік басқару жүйесін енгізу процесінде пайда болды. Биліктің, бұл үлгілері өз мақсаттар, міндеттері және әдістері бойынша сәйкес келмеді. Нәтижесінде түрлі шиеленістер мен қарама-қайшылықтар орын алып, қай билік маңыздырақ және қажетті деген пікір-таластар орын алды. Заңдардың орындалмауы жағдайында облыстық, қалалық және аудандық комитеттердің рөлі үшін күрес жүргізілді. Сонымен қатар, жекелеген билік өкілдерінің амбициялары мен бәсекелестігі орын алды, олардың әрқайсысы өз саласында көшбасшы болуға тырысты. Бұл

жағдайда мансап құмарлық пен атақ құмарлық басшылыққа алынып, заңдар орындалмай жатты. Мұндай күрес барысында заңдар келеңсіз кедергі ретінде ғана қарастырылады.

6. Саяси-құқықтық нигилизмнің көрініс табуының маңызды бастауы мен нысаны болып адам құқықтарының, әсіресе, өмір сүру, ар-ождан, қадір-қасиет, тұрғын-үйге, мүлікке, қауіпсіздікке қатысты құқықтарын бұзу табылады. Тұлғаның құқықтық тұрғыдан жеткіліксіз қорғалуы оның заңға, мемлекеттің қоғамдағы тәртіп пен тыныштықты қамтамасыз ету, адамдарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау қабілетіне деген сенімін жоғалтады. Ал құқықтың дәрменсіздігі оған деген оң көзқарас тудырмайды, керісінше көңіл толмаушылық пен наразылыққа негіз болады. Бүгінгі таңда құқықтық нигилизмнің көрініс табуы мен таралуының негізгі салалары мен нысандары осындай. Оның басқа да «өлшемдері» мен түрлері бар. Құқықтық нигилизм мемлекеттік жүйенің барлық салалары мен халық арасында кездеседі және оның шегі жоқ. Онымен қарапайым әдістер қолдана отырып күресу тиімсіз және өнімсіз, мұнда жан-жақты және әдеттегіден тыс шаралар қолданған жөн. Мемлекеттің сыртқы келбеті мен әліде толық қалыптаспаған демократияны бұрмалайтын келеңсіз жағдайларға бұдан әрі шыдауға болмайды.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы құқықтық нигилизмнің мейлінше ортақ белгілерін ажыратуға болады.

Олар: біріншіден, оның ашық түрде көрінетін, қақтығыстық, тайталастық-агрессиялық сипатта болуы, яғни қоғамдық пікірмен шектен шығушылық ретінде саралану;

екіншіден, тек азаматтардың, әлеуметтік және кәсіби топтардың арасында ғана емес, сонымен қатар ресми мемлекеттік құрылымдарда, заң шығару, атқару және құқық қорғау салаларында жаппай кеңінен таралуы;

үшіншіден, көрініс табу нысандарының көптігі- криминалдық және заңды (легитимдік), парламенттік-конституциялық және митингтік-охлократиялық, «жоғары жақтағы» және тұрмыстық;

төртіншіден, қоғамға зиян келтірудің ерекше дәрежесі, оппозициялық және популистік бағыттылығы, үрей мен жауласуға әкеп соғатын аймақтық-ұлттық сипаты;

бесіншіден, мемлекеттік, саяси, адамгершілік, рухани, экономикалық және діни нигилизммен бірігуі және олардың барлығы бүлдірушілік процесті құрауы;

алтыншыдан, соңғы жылдары қоғамда кең таралған әлдеқайда ауқымды ағым болып табылатын негативизммен байланысы.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Матузов Н.И., Малько А.В. мемлекет және құқық теориясы. №419875, 271-282 б.
2. Құқықтық нигилизм 2020 ж. қыркүйек 9 <https://kk.wikipedia.org/wiki>
3. Құқықтық нигилизмнің себептері мен алдын-алу жолдары [https:// online.zakon.kz/ Document/?doc\\_id=36025594](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36025594)
4. Құқықтық нигилизм: Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды <https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/press/news/details/325156>.

ӘОЖ: 323/324 (075)

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

*Алимқожа А., студент*

*Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У., з.ғ.маг., аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес үлкен мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл үлкен еліміз үшін әлеуметтік қасірет. Жемқорлық мемлекеттік жағдайын іштей бұзып, елдің дамуына, халқымыздың игілігіне барын салуға дайын азаматтарымыздың бастамаларын жоққа шығару болып отыр.

Сыбайлас жемқорлық жеңіл жолмен жойылмайды. Ол еліміздің жұмыла күш салғанда тоқталатыны анық. Жемқорлықты жою әр Қазақстан азаматының басты парызы мен міндеті ретінде көру керек.

Жемқорлықпен күрес жолында елдегі мемлекеттік органдар бар күшін жұмылдыруда. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015 жылғы Заңы болып табылады. Бұл заң жемқорлықпен күрестің негізгі принципін, жемқорлықпен қатысты құқық бұзушылық түрлерін және жауапкершілігін анықтайды.

Барлық депутаттардың, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың, бизнес қауымдастығының, жастар ұйымдарының, ғылыми орта мен БАҚ қоғамдық кеңестер құрылған. Осы шаралар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Жемқорлықпен күрестің жоюлуына негіз болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіндегі қазақстандық, халықаралық тәжірибені саралау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдістерді қоғамның дамуына қарай іс жүзінде жетілдіріп отыратынына көз жеткізу. Ол үшін мынадай міндеттерді орындау көзделді:

- ✓ сыбайлас жемқорлықтың теориялық негіздерін айқындау;
- ✓ сыбайлас жемқорлықтың болмысын, түрлерін, негізгі белгілерін, ерекшеліктерін, субъектілері мен объектілерін анықтау, қылмыс құрамын толық сипаттау, сондай-ақ пайда болу себептерін айқындау;
- ✓ Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарлама мен саясатты талдау;
- ✓ сыбайлас жемқорлықтың дамуынан болатын экономикалық-әлеуметтік салдарды анықтау;

Сыбайлас жемқорлық әдетте күшті әрі зиянды жағынан кез келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына әсерін тигізеді. Қазақстан 2030 – даму стратегиясында көрсетілген сыбайлас жемқорлықпен күресу іс-шаралары құқықтық мемлекеттің пайда болуы мемлекеттік Қазақстан-ның қызметінің жаңашылдануымен тығыз байланысты [1].

Сыбайлас жемқорлық (латын тілінен аударғанда, бұзу деген мағынаны білдіреді) – лауазымды тұлғаның өзінің биліктік өкілеттіліктерін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайдасы үшін пайдаланып, бекітілген ережеге қарсы әрекет етуінен туындайды [2].

Сыбайлас жемқорлық түріндегі қылмыстық істермен табысты күрес жүргізу үшін Сыбайлас жемқорлық түріндегі қылмыстардың мәні мен түрін теория бойынша да, әсіресе тәжірибе жүзінде де анықтау өте маңызды болып отыр, сонымен бірге бұл қылмыстардың жасалуына көмекші болған жағдайларды және оның себептерін ашу [3].

Сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету үшін нақты ұсыныстар жасады:

- ✓ азаматтық қоғам институттарына бірқатар арнайы рұқсат беру функцияларын дәйекті түрде беруді қамтамасыз ету;
- ✓ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуді нақты құқықтық регламенттеуді қамтамасыз ету;
- ✓ мемлекеттік органдардың қызметтер ұсыну ережелерін әзірлеу;
- ✓ сыбайлас жемқорлық көріністері мен мемлекеттік қызметшілер мүдделерінің қақтығысының алдын алу үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылау жүйесін құру;
- ✓ сыбайлас жемқорлық қарсы заңнаманың сақталуы саласында құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуы жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды іске асыру жөнінде мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету қажет [4].

Әлем елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудегі тәжірибесін саралай отырып, ол әдістердің ең тиімді деген тұстарын біздің еліміздегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға енгізуге болатындай.

Әсіресе, дамыған елдердің парақорлықпен күрес саясатындағы келесі әдістерді пайдалану біз үшін оңтайлы болар еді.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы одан сайын жетілдіріп, ол заңдардың жүзеге асырылуын салалық органдар тарапынан қатаң бақылауға алу.

Екіншіден, жемқорлықпен қазақстандық қоғамның бірігіп күрес жүргізуі, яғни, азаматтық қоғам институттарының белсенді жұмысы, сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша дерек берген қарапайым азаматтардың заңмен қорғалуы және ынталандырылуы.

Үшіншіден, мемлекеттік атқарушы органдарда коррупцияға жол бермеу үшін қатардағы мемлекеттік қызметшілердің оңтайлы жұмысын баллдық жүйемен бағалап, олардың жалақысын есептеуде бонустық жүйені қолдану.

Төртіншіден, мемлекеттік сатып алулар мен тендерлер өткізу барысында пайда болатын сыбайлас жемқорлық қатерлерін жою үшін бұл жұмысты барынша ашық және жария түрде өткізу.

Бесіншіден, азаматтық қоғам арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік дағдысын қалыптастыру мақсатында коррупциялық құқық бұзушылықтардың мониторингі мен сараптамасының жаңа түрлерін енгізіп, оларды кәсіби одақтар тарапынан талқылап, халықтың арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу [5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ қабылданған. Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген

ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады.

Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы N 4, 217-құжат.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы. 18.11.2015ж. №410-V // [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).

3. ҚР Қылмыстық кодекс 1997 ж. 16 шілде. – Алматы: Юрист

4. ҚР Президентінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2005 ж. 23 желтоқсандағы №1686 жарлығымен бекітілген.

5. Теміров Е. Сыбайлас жемқорлықты қалай жеңуге болады? - <https://qazaquni.kz/kogam/89473-syбайlas-zhemqorlyqty-qalaj-zhengwge-bo-2>.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР

*Сатыбалдиева А., студент*

*Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У., з.ғ.маг., аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Қазақстан Республикасындағы қылмыстың өсу жағдайында қоғамға азаматтарға аса зор материалдық нұқсан келтіретін экономикалық қылмыстардың қауіптілігі ерекше. Тікелей экономика аясында жасалатын сауда ережесін бұзу, сапасыз өнімдерді сату, жалған кәсіпкерлік, монополияға қарсы заңдарды бұзу және т. б қылмыстардың қоғамдық қауіпі зор.

Экономика аясындағы қылмыстардың объектісіне нарықтық экономика жағдайларында, Қазақстан Республикасы саудасының қоғам мен азаматтардың мүдделері жағдайларында қалыптасатын қоғамдық қатынастар. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары мемлекеттік бақылауды, лицензиялауды жүзеге асыру кезінде өздерінің қызметтік міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсаттарына қол жеткізе алмаған, сондай-ақ басқа да заңға қайшы іс-әрекеттерді жасаған жағдайларда, ҚР заңдарымен белгіленген жауапкершілікте болады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар материалдық және басқа да құндылықтарды, халыққа көрсетілетін қызметті бөлуге, айырбастауға және тұтынуға байланысты туындайтын, қоғамдық қатынасқа зардабын тигізетін, қылмыстық заңда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет. Экономикалық қызмет саласындағы кәсіпорындарда сол қызмет процесінде қалыптасқан бірыңғай тектік қоғамдық қатынас болады. Осы тарауға жататын бірқатар қылмыстардың міндетті түрдегі нышаны ондағы қылмыс заты болып табылады. Мысалы, тауарлық белгі (ҚҚ-тің 199-бабы), коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтер (200-бап), бағалы қағаздар (202, 205-баптар), жалған ақша (206-бап), төлем карточкаларымен өзге төлем және есеп айырысу құжаттары (207-бап), акциздік алым маркалары (208-бап).

Қарастырылатын қылмыстардың көбісінің объективтік жағы қылмыстың жасалуымен сипатталады. Кейбіреулері әрекетсіздік арқылы да жасалынады. Мысалы, несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтару (ҚҚ-тің 195-бабы), шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау (213-бап), кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару (214-бап), бухгалтерлік есеп ережелерін бұзу (218-бап), салықтарды төлеуден жалтару (221, 222-баптар) [1].

Экономикалық қызмет саласындағы кейбір қылмыстардың міндетті түрдегі нышаны, ол – заңда көзделген қоғамға қауіпті зардаптардың болуы. Оларда материалдық құрам болады. Мысалы, ҚҚ-тің 192-194, 196-198, 203-205, 215-222 -баптарында көзделген қылмыстар.

Экономика аясындағы қылмыстардың объективтік жағы қасақана, заңға қайшы белсенді әрекеттер мен сипатталады. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың субъектісі қылмыс жасаған кезде 16 жасқа толған, есі дұрыс адам бола алады. Ал, мұндай қылмыстардың кейбіреулерінің субъектісі тек лауазымды адамдар, банк қызметкерлері ғана болады [2].

Тікелей субъектісі бойынша экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды шартты түрде мынандай түрлерге бөлуге болады:

- кәсіпкерлік саладағы және экономикалық қызметтің басқа да саласындағы қылмыстар;
- ақша-несие саласындағы қылмыстар;
- қаржылық қызмет саласындағы қылмыстар;
- сауда және халыққа қызмет көрсету саласындағы қылмыстар;
- экономикалық қызмет саласындағы басқа да қылмыстар;
- компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру.

Жеке кәсіпкерлік туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершіліктің үш түрі қолданылады: азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері келесілер үшін жауапкершілікте болады:

- ҚР заңнамасын бұзғаны үшін;
- ҚР жосықсыз бәсеке, демпингке қарсы шаралар туралы заңнамасын бұзғаны үшін;
- ҚР тауарлар иморты кезінде ішкі рынокты қорғау шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін.

Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын, ҚК-нің 216-бабында көзделген әрекетті жасауға қатысқан адам тиісінше оны ұйымдастырушы, айдап салушы не көмектесуші ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар тарауына жататын бірқатар қылмыстардың міндетті түрдегі нышаны ондағы қылмыс заты болып табылады. Мысалы: тауарлық белгі (ҚК-тің 199-бабы); коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтер (200-бап); бағалы қағаздар (202,205-баптар); жалған ақша (206-бап); төлем карточкаларымен өзге төлем және есеп айырысу құжаттары (207-бап); акциздік алым маркалары (208-бап).

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде қылмыстық заңнаманы дұрыс қолдану жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететіндігіне соттардың назарын аудару қажет.

Заңсыз кәсіпкерлік туралы қылмыстық істерді қараған кезде соттар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 10-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпкерлік кодекстің 35-бабының 2-тармағына сәйкес жеке тұлға кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті болған, бірақ оны жасамаған және бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе акцизделетін тауарларды едәуір мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасқан жағдайларда тіркеудің болмауы белгісі бойынша заңсыз кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауаптылық басталады. Бұл ретте Кәсіпкерлік кодексінің 3,4-тармақтарында тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы болатын жағдайлар да көзделгенін ескеру қажет. Атап айтқанда, жұмыскерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлға мүліктік кіріс алған кезде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы.

Тыйым салынған қызмет деп онымен айналысуға қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылық белгіленген қызмет танылады.

Егер адам кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысса, қылмыстық жауаптылық тікелей осы қылмыстар үшін туындайды. Мысалы, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын заңсыз дайындаса, қайта өңдесе, сақтаса, өткізу мақсатында тасымалдаса немесе өткізсе онда оның әрекеті ҚК-нің 214-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді. Ірі залал, кірістің ірі мөлшері немесе аса ірі мөлшері, айтарлықтай мөлшері ҚК-нің қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде қолданыста болған редакциясының 3-бабына сәйкес анықталады. Бұл ретте заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстарды шегерместен тауарларды өткізуден алынған ақша қаражатының бүкіл сомасы немесе басқа мүліктің құны кіріс болып табылады. Акцизделетін тауарлар тізбесі Салық кодексінің 462-бабында белгіленген.

Егер заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде адам бөтеннің тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін оларға ұқсас белгілерді заңсыз пайдаланса, онда ҚК-нің 222-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде бұл әрекетті ҚК-нің 214 және 222-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралау қажет.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 24 және 113-баптарының талаптарына сәйкес іс бойынша қылмыстық жолмен алынған ақшаны немесе өзге де мүлікті жария етуге, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуден жалтаруға немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға контрагенттердің жалған шот-фактураларды пайдалануы, олардың жазып беруге сыбайлас қатысуы, сондай-ақ жалған шот-фактураны жазып берген жеке кәсіпкерлік субъектісінің сыбайлас қатысуы тиісінше анықталуға және бағалануға тиіс. Жұмыстарды іс жүзінде орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей бір және одан да көп шот-фактураларды жазып беру бойынша контрагент төлеуден жалтарған салық сомасы залал болып табылады.



Экономикалық қызмет саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға жаза тағайындау кезінде сот ҚК-нің 50-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кінәліге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза қолдану туралы мәселені талқылауы керек. Қосымша жаза тағайындалған кезде үкімде қандай лауазымды атқаруға тыйым салынғаны немесе қандай қызметпен айналысуға және қандай мерзімге тыйым салынғаны көрсетілуге тиіс. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза ҚК-нің Ерекше бөлігі бабының санкциясында көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін [3].

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың қазіргі кезеңде көп орын алған түрлері де қылмыс саласында алып отырған орны ауқымды десек қателеспейміз Себебі, бұл қылмыстар басқа қалмыстарға қарағанда яғни адам мен азаматтарға қарсы қылмыстардан кейін келтіретін зардабы жоғары және түрлері де көп.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын нормалар қоғамдық қатынасты қорғауға, ел экономикасының еркін де бір қалыпты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Алауханов Е. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім, Алматы – 2001.
2. Ағыбаев А.Н. /Қылмыстық құқық, жалпы бөлім/ Алматы – 2001.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік /Алматы-2001.

ӨОЖ: 343 (574)

## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

*Нұрғали А., студент*

*Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У., з.ғ.маг., аға оқытушы*  
*Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры - әлеуметтік аударымдар алымын жинауды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болған асыраушысынан айрылған жағдайда, оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, оған қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төлемдер төлеуді жүргізетін заңды тұлға; асыраушы - өзінің асырауындағы отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерін өз табысы есебінен асыраушы адам; табысты ауыстыру коэффициенті - әлеуметтік төлемнің әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде негізге алынған табыс мөлшеріне қатынасын айқындайтын коэффициент; асырауындағылар санының коэффициенті - қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің санын ескеретін коэффициент; қатысу стажының коэффициенті - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу стажына (күнтізбемен есептегендегі уақыттың жалпы мөлшеріне) қарай айқындалатын коэффициент; еңбек ету қабілетінен айрылу коэффициенті - өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесіне қарай айқындалатын коэффициент; әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі - жұмыс берушінің қызметкерге орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін табыс түрінде төлейтін шығыстары. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамның әлеуметтік аударымдарын есептеуге арналған объект оның алатын табыстары болып табылады; міндетті әлеуметтік сақтандыру - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы.

Әлеуметтік төлемді алушы (бұдан әрі - алушы) - өзі үшін Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген не оларды өзі төлеген және әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оған қатысты әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім шығарған жеке адам, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда - қайтыс болған (сот хабар-

ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері; өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам (осы Заңға қолдануға болатын) - өзіне табыс әкелетін жұмыспен өзін қамтамасыз ететін жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі - мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен ережелердің жиынтығы; әлеуметтік төлемдер - алушының пайдасына Қор жүзеге асыратын ай сайынғы төлемдер; әлеуметтік аударымдар - өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, ал асыраушысынан айрылған жағдайда оның асырауында болған отбасы мүшелеріне Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдер алу құқығын беретін, Қорға төленетін Заңда белгіленген міндетті төлемдер.

Әлеуметтік қатер - еңбек ету қабілетінен айрылуына және жұмысынан айрылуына, асыраушысынан айрылуына әкеп соқтырған оқиғаның басталуы, соның салдарынан өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, не ол қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған отбасының мүшелері Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады; әлеуметтік аударымдар ставкасы - әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің шамасына проценттік қатынаспен көрсетілген, Қорға төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері; әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік төлемдерді есепке алу жөніндегі уәкілетті ұйым - аймақтарда міндетті әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдер аударуды жүзеге асыратын, әлеуметтік аударымдар мен төлемдердің дербестендірілген, орталықтандырылған есебін жүргізетін құрылымдық бөлімшелері бар мемлекеттік кәсіпорын; уәкілетті орган - Қор қызметіне реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган; әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері; еңбек ету қабілетінен айрылу - қызметкердің жұмысты орындау, қызмет көрсету қабілетінен айрылуы, оның дәрежесі айрылған еңбек ету қабілетіне проценттік қатынастан көрінеді; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы - өзі үшін әлеуметтік аударымдар төленетін және Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлем алуға құқығы бар жеке адам; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар - төлеуші; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы; алушы; Орталық; Қор; Қазақстан Республикасының Үкіметі; Қазақстан Республикасының ұлттық Банкі; өзге де уәкілетті органдар.

Заң міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік қатер жағдайының басталуына қарай міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын құрумен байланысты осы Заңда көзделген қатынастарды реттейді.

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) еңбек ету қабілетінен айрылған жағдай;
- 2) асыраушысынан айрылған жағдай;
- 3) жұмысынан айрылған жағдай.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарын сақтау мен орындаудың жалпыға бірдейлігі;
- 2) әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларға мемлекеттің кепілдік беруі;
- 3) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың міндеттілігі;
- 4) Заңға сәйкес әлеуметтік аударымдарды әлеуметтік төлемдерге пайдалану;
- 5) әлеуметтік төлемдердің Заңда көзделген шарттар бойынша міндеттілігі;
- 6) әлеуметтік төлемдердің мөлшерін саралау;
- 7) міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың қызметіндегі жариялылық.

Мемлекет азаматтарға әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде заңда белгіленген шарттармен міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік төлемдерді алу құқығына кепілдік береді.

Мемлекет Қордағы әлеуметтік аударымдардың сақталуына және нысаналы пайдаланылуына кепілдік береді.

Әлеуметтік аударымдардың сақталуы:

1) Қордың қызметін, оның қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының өкіметі айқындайтын тиісті нормалар мен лимиттерді белгілеу арқылы реттеу;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы инвестициялық қызметті жүзеге асыру;

3) Қор активтерін инвестициялық басқару жөніндегі барлық операцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есепке алу;

4) Қордың өз қаражаты мен активтерінің бөлек есебін жүргізу;

5) Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарға шектеулер енгізу;

6) жыл сайын аудит жүргізудің міндеттілігі;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қордың ұдайы қаржылық және статистикалық есептілігі;

8) Қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің айқындауы арқылы қамтамасыз етіледі.

Жұмыс істейтін зейнеткерлерді қоспағанда, қызметкерлер, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында табыс келтіретін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандырылуға тиіс.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның:

1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдауға;

2) еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеуге;

3) құжаттардың дұрыстығын тексеруге;

4) әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттарды қабылдау және жіберу жөніндегі талаптарды белгілеуге құқығы бар.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган:

1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім жөнінде өтініш берушіге Орталықтың құрылымдық бөлімшелері арқылы жазбаша түрде хабарлауға;

2) әлеуметтік төлемдердің уақтылы және толық тағайындалуы мен олардың алынуын бақылауды қамтамасыз етуге;

3) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері жөнінде қажетті түсініктемелер беруге міндетті.

Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің:

1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органға беру үшін құжаттарды қабылдау мен олардың жиынтықтылығын тексеруді жүзеге асыруға;

2) әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде Қорға Орталықтың шотына ақша аудару туралы сұрау салуға;

3) Заңда көзделген қызметтерді көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттен қаражат алуға құқығы бар.

Орталық және оның құрылымдық бөлімшелері:

1) әлеуметтік жеке код негізінде әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің есебін жүзеге асыруға және аптасына бір рет салық органдарымен бірге әлеуметтік аударымдардың түсуіне тексеру жүргізуге;

2) әлеуметтік төлемдерден жүргізілген ұстап қалу туралы алушыларды хабардар етуге;

3) артық төленген сомаларды Орталық арқылы қайтару қажет болған жағдайда бұл туралы алушыға хабарлауға;

4) Қорға жасалған аударымдардың мөлшері мен мерзіміне қарамастан, міндетті әлеуметтік сақтандырылуға тиісті адамдарға қызмет көрсетудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге;

5) банктік үш күн ішінде әлеуметтік аударымдарды Қорға аударуға;

6) әлеуметтік төлемдер тағайындауға арналған құжаттарды жасауға және оларды әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға Заңда көзделген мерзімде беруге;

7) алушыларға әлеуметтік төлемдердің аударылуын уақтылы қамтамасыз етуге;

8) артық төленген әлеуметтік аударым сомаларын осы қаражат Қордан Орталықтың шотына аударылған кезден бастап банктік үш күн ішінде төлеушілерге аударуды жүзеге асыруға;

9) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

10) Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға және Қорға қажетті есептілікті табыс етуге;

11) әлеуметтік төлемдерді алу мәселелері бойынша қажетті түсіндірме беруге міндетті.

Уәкілетті орган:

1) Қордың қаржы тұрақтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асырады;

2) өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын қамтамасыз ету үшін Қордың қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысанын, мерзімін айқындайды;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қордың басшы қызметкерлері үшін біліктілік талаптарын айқындайды, оларды тағайындауға келісім береді;

4) Қор қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер алуға құқылы;

5) Қор қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен инспекциялауға құқылы;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының және алушының құқықтары мен міндеттері:

Өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының және алушының:

1) Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде Орталық пен оның құрылымдық бөлімшелері арқылы әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін өтініш беруге;

2) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуына қарамастан, Заңда көзделген тәртіппен Қордан әлеуметтік төлемдерді алуға;

3) төлеушіден, Орталықтан және Қордан әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің және аудару мен есептелуінің толықтығы және уақтылы болуы туралы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

4) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мен өзге де мемлекеттік органдардың, Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің, Қордың Заңда белгіленген әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын алуға құқықтарын шектеуге байланысты іс-әрекеттеріне шағымдануға құқығы бар.

Өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы және алушы:

1) әлеуметтік төлемдер тағайындауға қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табыс етуге;

2) еңбек ету қабілетінен айрылған және (немесе) жұмысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдер алған кезеңде Орталықтың құрылымдық бөлімшелеріне өзімен міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге шарт жасасқан жинақтаушы зейнетақы қорының өзгергені туралы хабарлауға;

3) қате төленген сомаларды қайтарып алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қайта куәландырудан өтуге және қайта куәландырудан өту мерзімдерін сақтауға міндетті.

Төлеушінің құқықтары мен міндеттері

1) қате төленген әлеуметтік аударым сомаларын қайтарып алуға;

2) аударылған сомалар туралы қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Орталықтан сұратуға және тегін алуға;

3) Заңға сәйкес басқа да құқықтарын іске асыруға құқығы бар.

Төлеуші:

1) әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік аударымдарды уақтылы және толық төлемегені үшін өсімпұлды уақтылы және толық көлемінде төлеуге;

2) Қорға төленетін әлеуметтік аударымдар мөлшерін есептеу мен қайта есептеуді, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды уақтылы және толық төлемеген жағдайда өсімпұл есептеуді дербес жүзеге асыруға;

3) есептелген және аударылған әлеуметтік аударымдар бойынша салық органдарына есептер беруге міндетті.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы N 4, 217-құжат.

2. Қазақстан Республикасының Сақтандыру қызметі туралы Заңы. 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126 // <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror?lang=kk>.

3. Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 8 нормативтік қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000008S>.

ӨОЖ: 323/324 (075)

## ЖАСТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Ерениі Е., студент*

*Ғылыми жетекші: Усенбаева А.У., з.ғ.маг., аға оқытушы*  
*Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Қазақстан Республикасының Конституциясында - Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны және оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп баян етілген.

Қазіргі уақытта құқықтық мемлекет құру мақсатында азаматтық қоғамды жоғары дәрежеде дамыту, жастардың құқықтық сана-сезімі мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру құқықтық тәрбиенің әдіс-тәсілдерімен жүзеге асырылады. Ал тұлғаның құқықтық санасы мен мәдениеті мектеп табалдырығынан бастау алатын құқықтық тәрбие үдерісінің өтілу сапасына байланысты дамиды.

Құқықтық мәдениет дегеніміз – мемлекеттің құлықтық жүйесіне қатысты білім, негізгі заң нормаларын білу, оларды сақтауға ұмтылу, өз Отанының парасатты азаматтарының бірі болуға ұмтылыс.

Құқықтық мәдениет қалыптастырудың басты міндеттерін төмендегідей анықтауға болады:

- ✓ жастар заң және соған сәйкес құқықтық нормалардың бар екенін білуіне шарт түзу;
- ✓ мемлекет тарапынан қабылданған заңды бұзған адамның жауапқа тартылатынын білуі;
- ✓ заң нормаларын орындау, адамгершіліктің басты ережесін орындаумен бірдей екенін білуі;

- ✓ күнделікті тұрмыста өзін дұрыс ұстауға ұмтылса осының өзі құқықтық мәдениеттіліктің белгісі екенін білуі және соған ұмтылуы.

Бүгінгі жас бала - ертеңгі белгілі бір маман иесі. Осыған орай алдымен өзі және жалпы адамның құқығына байланысты мынадай ауқымды білім, біліктерге ие болу керек:

- ✓ Қазақстан Республикасы Конституциясының өзіне және басқа да азаматтарға байланысты тұстарын құқықтық нормалармен ұштастыра білуі;

- ✓ Алдымен Қазақстан мемлекетінің азаматы ретінде әр оқушы азаматтық кодекс және азаматтық құқықтың өз басына қатысты тұстарын меңгеруі;

- ✓ Жастар туралы заң және оның оқушы, студент жастарға қатысты тұстарын мазмұндық жақтан тарата отырып түсінуі;

- ✓ Құқықтық нормаларды және соған байланысты заңды және оның мазмұнын меңгеруі;
- ✓ Заң талаптарын орындамаудың салдарын талдай білуі;
- ✓ Заң талаптарын орындауды үнемі қаперде сақтауы және іс-әрекетінде оны ескеруі.

Жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесінің алғашқы буыны отбасы болып табылады. Бұл болашақ жек тұлғаның тәрбиесін жанұяның негізгі міндеті етіп көрсететін қазақтың дәстүрлерінен бастау алады.

Отбасында баланың мінез-құлықтың негіздері, оның қажеттіліктері, қызығушылығы қалыптасады. Сондай-ақ, Отанға, ата-анаға деген махаббат, үлкендерге құрмет, азаматтық, ұжымшылдық, жоғары жауапкершілікті сезім, еңбек етуге құштарлық, адалдық, қайырымдылық, сезімталдық, құқықтық тәрбиенің негізі болып саналатын жамандық пен күштеуге ымырасыздық сияқты рухани құндылықтар дамиды.

Жанұяның жасөспірімге тәрбиелік әсері тікелей және жанама түрдегі сипаттарда болды. Балаға құқықтық тәрбие берудегі жанұяның жанама түрдегі әсер етуі мыналардан көрінеді:

- ✓ Жанұяның сандық құрамы;
- ✓ Ата-анасының білім және мәдени деңгейі;
- ✓ Ата-ананың бір-бірімен және жанұяның басқа да мүшелерімен өзара қарым-қатынасының қалыптасу деңгейі;
- ✓ Ата-ананың жұмыс бастылығы.

Құқық бұзушы көптеген жасөспірімдер баласы аз және толық емес жанұяда тәрбиеленген.

Жанұя - бұл ұжым. Жанұя ұжымық белгілерін жоғалтса, өзінің тәрбиелік рөлінің көп бөлігінен айырылады. Үш немесе одан да көп баласы бар жанұяда баланың тәрбиеленуі мен дамуына жақсы жағдай қалыптасады. Бұл жерде бала өзінің тілегі және жанұяның басқа балалары мен мүшелерінің талаптары, қажеттіліктерімен ара қатынасын белгілеуге үйренеді. Үлкен жанұяның өмірі балаға адамдық қатынастардың әр түрінің мүмкіндіктерін көрсетеді. Көп балалы жанұяда өскен балалар қоғамның белсенді мүшелері болып оңай қалыптасады.

Ал бала жалғыз өссе, ол үнемі зейін аударғанға үйреніп, өзімшіл болып өседі.

Жастар арасында заң бұзушы әрекеттердің деңгейі ата-аналардың білімі мен мәдениет деңгейіне тікелей байланысты.

Мәдениеті төмен жанұяларда балалар қылмысы мәдениеті жоғары жанұялармен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Балалар үлкендерге, ең алдымен өз ата-аналарына еліктейді, сондықтан олардың мінез-құлық тәртібі балалардың тәртібін қалыптастыратын маңызды фактор. Балалардың қараусыз қалуына жеткізетін негізгі себеп ата-аналардың жұмыс бастылығы. Олар жұмыстарына толықтай берілетіндігі сонша, балалардың тәрбиесіне көңіл бөлмейді, олардың қажеттілігін, қызығушылығын білмейді, үйден тыс немен айналысатынына бақылау жасай алмайды. Бұндай ата-аналардың балалармен байланысы әлсіз болады. Жанұяның балалардың жек тұлғасына әсер етуінің маңызды факторы туыстық байланыс, жанұя мүшелерінің бір-бірімен сезімдік байланысы болып табылады. Ең бастысы, баланың ата-анасымен, басқа да жанұя мүшелерімен қарым-қатынасы оның бойында махаббат сияқты сезімінің қалыптасуына әкеледі.

Дегенмен, жанұяның әсері балаға үнемі жағымды бола бермейді. Жанұялық қарым-қатынастары қаталдыққа, ұрыс-керіске құрылған жанұялар да аз емес.

Мейірімді жанұялық қарым-қатынасқа және мәдени, рухани өмірді қалпына келтіруге, ұрпақтар сабақтастығына, жеке тұлғаның және қоғамның үйлесімді дамуына негізделген қазақтың жанұялық тәрбие дәстүрін жандандару ең маңызды міндет болып табылады.

Ата-аналардың жалпы жиналысында құқықтық тәрбие беру шараларын өткізудің маңыздылығына тоқталып, балаларға құқықтық тәрбие берудің жолдары айтылады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің басқа түрі құқықтық тәрбие мәселелері бойынша дәрістер оқу, әңгімелесу, педагогикалық өзіндік білімін көтеруге арналған нұсқаулар, балаларға адамгершілік-құқықтық тәрбие беру жөнінде нақты тапсырмалар беру, адамгершілік-құқықтық тақырыптардағы әдебиеттерді ата-аналармен талқылау болып табылады.

Білім беру мекемелері мен жанұяның құқықтық тәрбие берудегі бірлескен іс-әрекетінің қосымша түрі кеңестер беру, педагогикалық практикумдар, диспуттар өткізу, кинофильмдер көрсету болып табылады. Ата-аналар мен мұғалімдердің жеке кездесулерінің пайдасы көп. Егер әрбір ата-ана баласының сабақтан тыс уақытта қандай іспен шұғылданып жүргенін күнделікті бақылап отырған болса, өкінішті жайлардың аз болары сөзсіз.

Баланың достарының кім екенін, мектепте қалай оқитынын қадағалау ата-ана тарапынан күнделікті дағдыға айналса, бақылаудың барын сезінген бала құқық бұзушылыққа сирек барар еді. Кез-келген баланың ең алғашқы тәрбиешісі - ата-ана, яғни, жасөспірімді сапалы тәрбиелеуге ықпал етуші негізгі субъект.

Жасөспірімді құқықтық тәрбиелеу ойдағыдай жүзеге асуы үшін тек жанұяның әсері аз болатынын ескергеніміз жөн.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы N 4, 217-құжат.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы. 18.11.2015ж. №410-V // [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).

Соттың азаматтық заңнамаға кең өкілеттіктер мен көлемді құзыреттер беруіне байланысты, бұл органның билік екенін анықтауға болады, өйткені біздің мемлекетіміздің Конституциясымен сот билігін биліктің тәуелсіз тармағына жатқызады. Заңмен реттелетін құқықтардың кең ауқымының болуы сотқа процестің басқа қатысушыларының әрекеттерін басқаруға және бақылауға құқық береді. Дауды қарау кезінде сот шығарған ұйғарымдар талқылаудың өзге субъектілері үшін міндетті. Істі дұрыс және жедел қарау және шешу істің нәтижесіне қызығушылықты анықтайды.

Ғалымдар азаматтық сот ісін жүргізудің барлық қатысушыларын екі автономды топқа бөледі.

Сот қарайтын іске дербес заңды мүддесі мен мүдделілігі бар адамдар бірінші топқа жатады. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі оларды тараптар деп атайды [3, 47-бап]. Тараптардың бірі- талапкер, ол процесті қозғаған жағдайда олардың субъективті құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу немесе бұзу қаупі. Қарсылас ретінде әрекет ететін тарап- жауапкер, яғни талапкердің пікірінше, оның бұзылған құқығының қайнар көзі болып табылатын адам. Тараптарға заңмен олардың процестегі тең іс жүргізу жағдайына қарамастан, өз құқықтарын адал ниетпен жүзеге асыру міндеті жүктеледі. Мысалы, тарап істі уақтылы және дұрыс шешу үшін жүйелі түрде кедергілер жасаған жағдайда, сот қарама-қарсы тараптың пайдасына одан нақты уақыт жоғалтқаны үшін сыйақы өндіріп алуға құқылы. Екінші топты азаматтық істерді қарау кезінде сот төрелігін іске асыруға тікелей жәрдемдесетін, онымен қатар іс бойынша шыққан шешімнің нәтижесіне мүдделі емес тұлға (мысалы, куә - сотқа істің өзіне белгілі мән-жайлары, оқиғалардың барысы туралы айтып беретін тұлға және т.б.).

Іске қатысатын адамдарды бөлу азаматтық іс жүргізу құқығы субъектілері арасында белгілі бір объективті критерийлерге негізделген. Азаматтық сот ісін жүргізудің барлық қатысушыларының құқықтық жағдайы өте алуан түрлі және жан-жақты. Қатысушылардың әрқайсысы процестің тәуелсіз субъектісі болып табылады, ол басқалардың еркімен байланысты емес және оларды өз кезегінде байланыстырмайды [6, 288-бет].

Іске қатысатын адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында сотта іс бойынша барлық материалдық-құқықтық және процестік – құқықтық аспектілерді қараған кезде сот ісін жүргізуге белсенді қатысуға мүмкіндігі бар.

Өз кезегінде, қарастырылып отырған іске тікелей қатысы жоқ адамды процеске тарту жағдайлары бар. Мысалы: Сатылған зат иеліктен шығарылған жағдайда сатушы сатып алушыға залалды өтеуге міндетті болады. Бұдан шығатыны, сатып алушыға талап қойылады, ол өзінің кінәсінен емес, сатушының кінәсінен жауапкерге айналады. Осыған байланысты, сатып алушының бастамасы бойынша сатушы сатып алушыға сатып алынған затқа қатысты көмек көрсету үшін процеске тартылады. Өздеріңіз білетіндей, процеске үшінші тұлғаларды тартудың жалпы қабылданған негізі регрессия құқығы болып табылады. Осылайша, шешім, сот шығарған сот басқа процеске жаңа талап қоюға негіз бола алады. Азаматтық процескегі үшінші тұлғалар-талапкер мен жауапкер арасында дау нысанасына дербес құқықтарды қорғау үшін не дау нысанасына дербес шағым жасамай, өзінің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін қазірдің өзінде жүргізіліп жатқан процеске кіретін немесе тартылатын тұлғалар [7, 327-бет].

Үшінші тұлғаларды саралау бірдей көзделген. дербес талаптары бар үшінші тұлғалар басталған процеске кіретін адамдар болып танылады талапкерге де, жауапкерге де тең дәрежеде талап қою арқылы. Олар сот шешім шығарғанға дейін іске кірісе алады, ал олар барлық құқықтарды пайдаланады және талапкердің барлық міндеттерін орындайды [3, 51-бап].

АПК-нің 51-бабына сәйкес дау нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар сот шешімінің қаулысына дейін талапкер тарапынан да, жауапкер тарапынан да іске кіре алады. Сондай-ақ, үшінші тұлғалардың осы санаты істі қарауға прокурордың, тараптардың өтініші бойынша тартылуы мүмкін немесе сот олардың процеске қатысуының бастамашысы бола алады. Олар барлық процедуралық құқықтарды бірдей пайдаланады талап қоюдың негізі мен нысанасын өзгертуге, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға, сондай-ақ талап қоюдан бас тартуға, талап қоюды тануға немесе бітімгершілік келісім жасасуға, сот шешімін мәжбүрлеп орындауды талап етуге бағытталғандарды қоспағанда, тараптардың міндеттерін орындайды [3, 51-баптың 1-т].

Процессуалдық тұрғыдан алғанда, азаматтық сот ісін жүргізудің маңызды қатысушысы прокурор болып табылады, оның басты функциясы мемлекеттің атынан заңдылықты қадағалауды орындау болып табылады, бұл жағдайда сот төрелігін жүзеге асыру шеңберінде. Осы фактіге байланысты прокурорға іске қатысушы тұлға ретінде ерекше, билік-мемлекеттік, тексеру өкілеттіктері берілген (азаматтық істер қозғау, басқа адамдар бастаған істер бойынша қорытынды беру, іске жеке қатысуына қарамастан шешімдерге наразылық келтіру).

Процеске қатысушылардың кең ауқымы "іске қатысатын адамдар" интерпретациясын көп мағыналы түсінуге мүмкіндік береді. Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушыларға істі қарауға қандай да бір жолмен тартылған көптеген адамдар мен органдар жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 44-бабына сәйкес, іске қатысатын адамдарға процесстің барысы мен дамуына әсер ететін кең іс жүргізу құқықтары мен міндеттері берілген. Сондықтан норманы нақтылау үшін азаматтық сот ісін жүргізудің барлық қатысушыларын ажырататын және топтастыратын бірыңғай, нақты тұжырымдалған анықтаманы енгізу қажет сияқты.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Власов А.А. Гражданский процесс Российской Федерации: Учебник. - М.:Юрайт - Издат, 2003. – 584 с.
2. Треушников М.К. Гражданский процесс: Учебник. - М.: Издательство Статут, 2014. – 504с.
3. Қазақстан Республикасының 2015-шы жылғы 31-ші қазандағы Азаматтық процесстік кодексі., эл.база «adilet.kz», 2021ж.
4. Мохов А.А., Воронцова И.В., Семёнова С.Ю. Гражданский процесс (гражданское процессуальное право), электронный учебник России. 2017
5. Суетина А.В. Проблемы классификации участников гражданского процесса [Электронный ресурс] // URL: (дата обращения: 10 ноября 2022 г.).
6. Коршунов Н.М. Гражданский процесс: Учебник / под общ. ред. Коршунова Н.М. – М.: Эксмо, 2005. - 457с.
7. Коршунов Н.М., Лабугин А.Н., Мареев Ю.Л. Гражданский процесс: Учебник. - М.: ЮНИТИ - ДАНА: Закон и право, 2012. – 431 с.

## ПОДРОСТКОВЫЕ САМОУБИЙСТВА В КАЗАХСТАНЕ

*Адилгереев А., студент*

*Научный руководитель: Ермаханова М.А., к.и.н., ассоц.профессор*

*Евразийский технологический университет, г.Алматы, Казахстан*

В настоящее время уровень подростковых самоубийств в Казахстане вызывает тревогу. Проблема подростковых суицидов и попыток самоубийств получает все более широко, признание как глобальное явление. Суицид неизменно входит в число ведущих причин смерти от внешних причин среди подростков. Ситуация с данной проблемой остается нестабильной уже на протяжении многих лет. Статистика данного явления в нашей стране может пролить свет на возможные причины трагедии и ее возможные пути решения. Следует помнить: подростковый суицид не происходит без предупреждения. У всех нас имеется возможность использовать материалы по проблеме и попытаться преломить статистику в лучшую сторону.

Актуальность исследования обусловлена угрожающими масштабами проблемы. Республика Казахстан уже не первое десятилетие занимает лидирующие позиции по подростковым суицидам и не только. В частности по самоубийствам среди детей в возрасте 5-14 лет и молодежи 15-29 лет.

Сложившееся чудовищное положение требует незамедлительных действий со стороны общества, правительства и в особенности – родителей.

В данной работе попытались собрать информацию и проанализировать показатели по фактам и попыткам самоубийства среди подростков в целях выведения потенциальных причин, ведущих детей на суицид, и выявления возможных путей решения проблемы.

В ходе нашего исследования были изучены отчеты и соотношения конечный факт/попытка самоубийства среди подростков за последние 7-8 лет.

Проанализирована статистика по самоубийствам среди подростков и на ее основе создать показатели с соотношениями.

В материалах статьи «Чудовищно выросло число детских суицидов. В чем причины и как это остановить» Жанны Байтеловой и «Pandemic and Suicide Issues in Kazakhstan: Prevention Strategies» Виктории Нем выявлен ряд стратегий по решению и борьбе с данной ситуацией и представлена сравнительная статистика за первую половину 2020/2021 годов по подростковым самоубийствам и зафиксированные попытки в соотношении с успешными случаями суицида. Также в первой вышеуказанной статье с участием ассоциированного профессора Университета Нархоз, PhD Айгуль Беймишевой была выявлена тенденция увеличения случаев суицида, представлены причины и пути решения [1].

В статье «Если вы не обратите на меня внимания, я умру»: Психологи о детских суицидах в Казахстане, The Village Казахстан Акботы Сабетовой рассуждение о причинах и методах предотвращения самоубийства среди подростков ведется от лица трех специалистов: Марины Никитиной (семейный психолог, гештальт-терапевт), Ольги Валева (Организация НОУ «SOS Детская деревня Астана») и Алии Мамбеталиной (кандидат психологических наук, доцент ЕНУ им. Гумилева) [3].

В работе «Подростковый суицид в Казахстане – на что родителям нужно обратить внимание.» Айгюзель Кадир приведена информация, в которой говорится об уже применяемых стратегиях профилактики, а также о фондах, оказывающих поддержку подросткам, которые сталкиваются с проблемами и потенциально склонны к самоубийству [4].

В Казахстане огромное количество детей совершают самоубийства. С момента обретения независимости, страна большую часть времени была «отстающей» среди других государств по данному показателю и ситуация остается нестабильной и по сей день.




Рисунок 1 - Количество детских суицидов в Казахстане с 2013 по 2021 годы.

В 2019 году ВОЗ сообщила, что Казахстан занимает третье место по количеству самоубийств в мире. Глядя на показатель 2020 года можно предположить, что ситуация начала улучшаться (143 случая подросткового суицида по сравнению с 180 годом раньше). Но несмотря на это, в 2021 году статистика вновь свелась к ухудшению: за шесть месяцев (180 дней) 105 покончили с собой, также констатировано 193 попыток суицида. Данная статистика знаменует, что в Казахстане почти каждый второй день подросток сводит счеты с жизнью, и приблизительно каждый день пытается совершить самоубийство.

По сведениям ВОЗ, количество суицидов в Казахстане за последние десять лет составило около 53 на 100 тысяч населения. Тогда как критическим показателем считается порог выше 20. Это проблема всего населения.




Рисунок 2 - Соотношение факты самоубийства/попытки.

Стоит учитывать, что завершенных случаев суицида среди подростков мужского пола больше. Однако количество попыток среди девушек в разы превышает юношей. Данный феномен также известен как «гендерный парадокс самоубийств».



Рисунок 3 - Явления, встречающиеся у подростков пытавшихся совершить самоубийство

Касаемо причин частого самоубийства среди подростков Казахстана и проблем, с которыми они сталкиваются, то, как правило, причины ухода из жизни детей в 80% случаях остаются не установленными, лишь в остальных случаях наиболее частые причины



самоубийства приведены в статистике выше. У подростков, предпринявших попытки суицида, длительный срок наблюдалась тяжёлая депрессия (95%), потеря смысла жизни (46%), некоторые пережили смерть кого-то из родных или друзей; испытали непонимание окружающими, одиночество (12%); несчастную любовь (10%). Несмотря на стереотип, который гласит, что будто бы подростки накладывают на себя руки из-за неразделённой любви, констатируется факт, что подобная причина суицида находится среди последних в списке. У подавляющего большинства покончивших с собой отмечается неблагополучное положение в семье.

Также причинами могут являться и стигматизация со стороны народа по поводу данной ситуации (к примеру клеймение депрессии), плохая доступность средств помощи, общественное табу на открытое обсуждение данной проблемы, плохая подготовленность учителей и специалистов психологии в школах.

В данном случае важно понимать, что депрессия — это не обычное подростковое явление или ничего не значащий стресс. Депрессия – это заболевание, требующее работы со специалистами. Немалая часть первых стадий депрессии замечается еще в подростковом возрасте, так же, как и многие подобные психические расстройства.

Большая часть подростков, накладывают на себя руки, это дети из неблагополучных семей, в которых родители зачастую сталкиваются с алкоголизмом и материальными трудностями. Где преобладает давящий и крайне строгий метод воспитания, форма наказаний которого являются унижающие оскорбления и, в некоторых случаях, насилие. Это выявляет наиболее частую причину подросткового самоубийства – длительная конфликтность в семье (62%). Данная статистика показывает, что в Казахстане проблемы с институтами семьи и брака. Этот фактор является критическим так, как семья – это сильнейший источник эмоциональных реакций, обеспечивающий ребенку поддержку, принятие и рекреацию. Нездоровые взаимоотношения в семье негативно сказываются на отношениях между партнерами, социализацию детей и бытовой уход. Признав суицид серьезной проблемой общественного здравоохранения, правительство Казахстана принимает решительные меры, включающие тщательное изучение проблемы, разработку специальной программы с привлечением ЮНИСЕФ, международных экспертов, неправительственных организаций и местных специалистов в области образования и психологического здоровья

Несомненно, решение проблемы, связанной с подростковым самоубийством, было бы гораздо легче, будь у нас указатель советов или своего рода «инструкция», на которые неукоснительно полагались родители. Но следует понимать, что как ребенок, так и родитель являются живыми людьми с чувствами, а не роботами, действующими по программе. Гармонию между ними нужно налаживать постоянно. Необходимы усилия двух сторон для построения здоровых отношений родителя с ребенком и наоборот. Порой в погоне за материальным обеспечением своих детей, родители забывают о самом главном – о теплоте взаимоотношений, родительского внимания.

### Использованная литература

1. Жанна Байтелова «Чудовищно выросло число детских суицидов. В чем причины и как это остановить.» 27 июля 2021 г.  
URL - <https://informburo.kz/interview/pocemu-deti-soversayut-suicid>
2. Виктория Нем «Pandemic and Suicide Issues in Kazakhstan: Prevention Strategies.» 22 февраля 2021 г.  
URL - <https://cabar.asia/en/pandemic-and-suicide-issues-in-kazakhstan-prevention-strategies>
3. Акбота Сабетова «Если вы не обратите на меня внимания, я умру»: Психологи о детских суицидах в Казахстане. The Village Казахстан. 21 августа 2018 г.  
URL - <https://www.the-village-kz.com/village/children/child-situation/2951-ainalaiyn-9>
4. Айгюзель Кадир «Подростковый суицид в Казахстане – на что родителям нужно обратить внимание.» 7 декабря 2020 г.  
URL - <https://ru.sputnik.kz/society/20201207/15672612/podrostkovyy-suicid-v-kazakhstane-na-chto-roditelyam-nuzhno-obratit-vnimanie.html>

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Құлажанова А.Н., з.ғ.м., аға оқытушы, Қалелқызы Т., з.ғ.м., аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Біз балалардың құқықтарын қорғауға тиіспіз деген пікірмен әрқайсысымыз ойлаймыз. Еліміздің жаңа өзгерісіне себеп болар өскелең ұрпақты тәрбиелеу өте маңызды. Тіпті, балалардың құқықтарын қорғаған сәтте, олардың денсаулығына немесе құқықтары бұзылған сәтте заң жүзінде оларды қорғап, барлық шараларды жүзеге асыру қажет. Осы кезеңнің бірінде ойыма келгені, жас өсіп келе жатқан балаларды қорғау, кейін олар елі үшін бар күшін салатынына сенімім мол. Біз жастар ұрпаққа өзінің тарихын ұмытпайтындай, елінің қорғанышы болуына көмек беруге тиіспіз. Елге деген махаббатты ашу арқылы, шетелге ұмтылып, елі үшін жаңа өзгерісті әкелуге ұмтылуы маңызды.

Сонымен, негізгі ой баланың құқығын қорғау дегенде, ойыма келгені анаға деген қамқорлық алғашқы сәтінен-ақ байқалғанымен, кейін ер адамның әйел адамға деген теріс әрекетін көру, тіпті, ер адамның тұрмыстық зорлық-зомбылыққа барып, ортада қорқынышты жайттармен елді түршіктіреді. Алғашқы ойым осылай басталуына себеп болғаны, көбіне ерте тұрмысқа шыққан әйел адамдар балаларын өздері бағуына себеп болып, балаға әке махаббатын бере алмай өскен балалардың әрекеті, өскенде әртүрлі көзқараста болады. Баланың жастайынан тәрбие берген ата-ананың балаға деген білімі, зейіні ерекше болғанымен, оған әсер ететін ортаның ықпалы бар десем артық болмас. Көбіне тәрбие, екіншісіне, ортадағы достары әсер етіп, ер балалардың елің сыйламай, бірнеше құқықбұзушылықтарға барады. Мұны айтуыма себеп болғаны, ол дұрыс тәрбие немесе дұрыс жанындағы жолдастарының болмауының әсерінен қоғамда баланың құқығы қорғалмай бұзылып жатады. Демек, тереңірек үңілер болсақ, баланың құқығы ол бір заң жүзінде жазылып қойған ақпарат емес. Ол құқық жүзінде орындалуы тиіс мәселе. Баланың құқығы біріншіден, оның еркін ойын білдіре алуынан тұрады, екіншіден, Отанға деген сүйіспеншілігінен тұрады. Отанға махаббат қалай ашылады, ол баланың құқығын жастайынан қорғап, кейін әрбір азаматтың құқығын қорғауды қолға алу қажет. Бала құқығын әрбір азамат білуі тиіс, кішіге ізет көрсете отырып, біз жастар олардың қорғанышта өмір сүруіне жағдай жасауға тиіспіз.

Бізге дүние есігін ашуға көмегін берген аналарымызды қорғап-қолдауымыз керек. Сонымен қатар, алғашқы ойымда жалғастырар болсам мені қазіргі кездегі отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету мәліметтердің көбеюі алаңдатады. Әйел затын құрметтемеу деген болмау керек. Мұндай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс. Мемлекет әбден асқынған жыныстық құлдыққа, әйелге тауар ретінде қарайтын көзқарасқа айрықша қатаң түрде күресу жолында әрекет жасалмаса құқықбұзушылықтар белең алатыны анық [1,2]. Біздің елімізде толық емес отбасылар көптігі сонша, елде жалғызбасты аналардың ұрандары жаңғырып тұрады. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға әлеуметтік көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызуымыз керек. Ата-ананың балаларға мүлдем жауапсыз көзқарас танытқан оқиғаларының саны өсуі байқалады, бірі баланы қараусыз қалдырып, олардың өліміне себеп болып жатса, бірі, жастайынан баланы өлімге тігіп, тіпті сатуға дейін барады. Бұл біздің салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге жатпайды, осы жағдайдан кейін адам баланың құқығын бұзып жатса, кім бағалап, оны кім қадағалауға алады. Балалар ол қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс еместігін ұмытпағаныз жөн. Біздің топырағымызда туған кез-келген сәби – қазақстандық ретінде еркін өмір сүруі қажет. Мемлекет оны қорғауға және қамқорлығына алуға тиіс. Ата-аналардың қараусыз балаларды зат ретінде көруі бір алаңдатады және мұндай әрекетке қарсымын. «Әкесі қой баға білмегеннің баласы қозы баға білмейді». Бала тәрбиесі - тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті», - деп атап өтті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтып өткенімдей, елдегі проблеманың бірі ретінде баланың тәрбиесі мен құқығына мән беру маңызды екенін тағы бір түсіндірді [3].

Тәрбие жайында, баланың құқығының маңыздылығын айтып өттік. Алайда, біз ең көп көзге түсетіні ол, баланың ата-ана тәрбиесінен бөлек, мектеп кезінен-ақ балаларды құқықтарымен таныстырып, оларды ашық түрде өздерінің құқықтары бұзылса, қорықпай,

балалардың құқықтарын қорғайтын органға жүгінуіне жағдай жасау қажет. Мектепте балалардың буллинг әрекеттері байқалады, буллинг дегенде ойға жоғары сыныптағы балалардың кіші, орта сыныптағы балаларды қорқытып, олардан ақша талап етіп жататыны, тіпті, үй жұмыстарын орындап беруін талап еткен жастарды балалардың құқықтары бұзылып жатады. Мектеп уақытында байқағаным, балалардың өз ойларын осы кезден бастап, қорқынышпен айта алмай, ортасынан алшақтап, өзің ортадан алыстата бастайды. Кейбір жайттар мені алаңдататыны ол, сыныптас достардың өз орталарына қоспай, өзің бөлек адам ретінде алшақтатып, сабақ айту кезінде оның әрбір айтқан сөздерін мазақ қылып, этикалық тәртіпті сақтамай жататынын байқадым. Өзге аймақтан келген немесе басқа мектептен келген оқушы болатын болса, оны да жақтырмай киім-кию үлгісіне қарай ортадан ажыратып, оның құқығы бұзылып жатады. Мектепте балалардың мұндай әрекеттерге баруына, ата-ана немесе оның қасындағы достары әсер етеді деп айтып өткен болатынмын. Тағы бір ескеретін жайт, ол сенің класс жетекшінің әрекеті де маңызды. Алғашқы сәттен-ақ баланың ұсқынсыз, тәрбиесіз жағын көрген мұғалім бірінші қандай әрекетке барады, бірі, сөздің мәнін білместен ата-анасын шақырудан бастап, оқушылардың көзінше ұятқа қалдырады. Екінші бірі, баламен жеке сөйлесіп, сыныптастардың мұндай әрекетке баруының себебін анықтап сұрауы байқалады, әрине бұл сирек кездесетін жағдай. Әрбір мұғалім баланың тәрбиесіне, оның жағдайына, оның көңіліне еш мән бермейді тек оларға ыңғайлысы ата-ананы шақыру арқылы, олардың жекелей сөйлесуін талап етеді. Ата-анада әртүрлі мінезде келеді, бірі, балаға ұмтылған сыныптастарының әрекетін анықтауға тырысып, әділдікке баруға ұмтылып, тіпті, баланы мектебінен ауыстырып жатады. Ал кейбірі, тек балаға ескерту айтып қана қояды. Бұл жерде бала мен ата-ананың қарым-қатынасы ерекше орын алады. Себебін айтар болсам, бала ата-анасымен көп уақыт өткізу арқылы, өзің ортада ашық сезінуді үйрене бастайды. Мысалға, мектепте шағым айтқыш балалар көп, олар өздеріне ұнамаса дереу мұғалімге айтуға ұмтылады. Осы жағдайда, ата-ана әсер еткен болу керек, баланың ұнамаған әсері болатын болса айтуын талап етіп, өзің қорғауын тиіс деген қалыпта ескерту айтып жатады. Мұнда, әрбір жайтқа шағымдана берудің өзі дұрыс емес деп санаймын. Бала өзінің құқығын білуі маңызды, дегенімен мұғалім балалардың әрекетін түсіндіруі тиіс. Сонымен қатар, балалардың жағдайын жасау үшін оларға арнап Елбасы өскелең ұрпақтың озық білім алуы үшін мүмкіндік туғызуға көп күш жұмсады: «Балапан» бағдарламасы жүзеге асып, Зияткерлік мектептер, Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатқаны бәрімізге мәлім. Осы арқылы, әрқайсысымыз қалаған мектепте, университетте оқу арқылы баланың білім алу құқығын жоғарлата түсеміз. Баланың сапалы білім алуы өте маңызды, осылайша, әрбір бала өзің ортада ерекше идеялы жүйені дамытатыны сөзсіз [4].

БҰҰ бала құқықтары жөніндегі конвенциясын талқылайтын болсақ, 18 жасқа толмаған әрбір адам бала екенін білеміз. Осы себептен, оларды нәсіліне, тіліне, терінің түсіне, жынысына, дініне, әл-ауқатына және әлеуметтік шығу тегіне қарай кемсітілуге жол берілмейді. Әрбір шешім, баланың құқықтарын қорғайтындай болуы тиіс. Мұны айтуыма себеп, баланың жағдайын ойлау қажет. Олардың денсаулығына, отбасындағы жағдайына әсер ететіндей болмауы тиіс. Баланың дұрыс тәрбие алып, олардың құқықтары мен міндеттерін және жауапкершілігін ата-ана жауапты ретінде қадағалауы керектігі қарастырылған. Әрбір бала өмір сүруге құқылы дейміз, ондағы үкімет баланың психикалық, эмоциялық, ақыл-ой, әлеуметтік, эмоциялық, мәдени деңгейін қолдай отырып, дұрыс қоғамда өмір сүруіне жағдай жасалуы тиіс. Бала ата-ананың қамқорлығын алуы қажет болғанымен, жетім балалардың жағдайын ойлау себеп болады. Көбіне, баланың қамқорлығына алуға қиналған жастардың әрекеті, бірі, балаларды қарамай өздері спирттік ішімдікке ұмтылған әке немесе ананың әрекетінен сақтау қажет. Осындай жайттар орналған сәтте, баланы қамқорлығына алуы үшін баланың көңіліне, оның психикасына сай әсер етіп, шешім қабылдау қажет. Осы кезеңде, баланы ата-анасынан айырылмауы қажеттігін ескере келе, оның мүддесін қорғау үшін жағдай жасау. Мысал ртеінде, егер бала тиісті ата-аналық күтім алмаса немесе ата-анасы балаға қатігездік танытқан жағдайда, ол жерде бала ата-анасының біреуінен, не екеуінен айырылатын болса, ол олармен үнемі көрісіп тұруға құқылы (тек баланың мүддесіне қайшы келетіндерден басқа). Егер Үкімет шешімі нәтижесінде бала ата-анасының біреуінен, не екеуінен айырылатын болса, онда үкімет балаға оның ата-анасының мекен-жайы жөнінде ақпаратты беруге міндетті (тек балаға зиян келтірілетін жағдайлардан басқа).

Баланың ата-анасынан өзге елде қашықта болуы анықталса, баланың ата-анасымен қауышын қамтамасыз ету керек. Әрбір бала өзінің ойың еркін білдіруге құқылы. Кез-келген

ақпаратты іздеуге, алуға және таратуға құқылы келеді. Тек ол басқа адамдарға зиян келтірмеуге тиіс, мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті бұзбауы қажет. Үкімет баланың ойлауға, ар-ұждан және дініне қатысты бостандығын құрметтеуі тиіс. Ата-аналар немесе қамқоршылар балаға осы құқық жайлы түсіндіріп беруі керек. Осылайша, әрбір бала Қазақстан жерінде тұрып жатқан қазақ баласы қажеттіше ислам дінін ұстануы арқылы, ал өзге ұлтты елдің балалары христиан дінін немесе басқа дінді ұстануға құқылы. Бала өзі қалаған қауымдастықта бола алады, демек қалаған топты таңдауға, тіпті өзі қалаған білімді алуға құқылы келеді. Отбасынан айырылған әрбір баланың жағдайына сай, үкімет тарапынан арнайы қорғау мен көмек алуға құқылы. Үкімет балаға қажетті тәрбие мен күтімді қамтамасыз ету үшін оның тілін, дінін, мәдениетін құрметтейтін адамдарға баланы тапсыра алады. Көп жағдайда байқайтынымыз, шетел азаматтары Қазақстан жеріне келіп, қазақ балаларын асырап алып, өзара ата-ана махаббатын беріп жатады. Осылайша, бала жеке өзі дамып, баланың ата-анасының қарауынсыз қалмай, керісінше махаббатқа бөленіп, арманы орындалып жатады. Бала асырап алған жағдайда әрбір халық білуі тиіс, ол үкіметтің ең жақсы мүдделерінің сақталуын, оның заңды құқықтарының бұлжытпай орындалуын қадағалауға алуын қамтамасыз етеді. Бала асырап алу кезінде ел ішінде де, шетелде де бірдей ережелер, кепілдіктер мен нормалар қолданылуы қажет [5].

Бала құқықтары ретінде біз Конвенцияға сай, әрбір істі дәлелмен айтуға тырыстық. Дегенмен, бұл ешқандай кемшілігі жоқ балалардың отбасылы болып, өмірлерінің жарқын сәттерін көріп жатады. Ендігі бірі, ол мүгедектігі бар және ерекше қажеттіліктері бар балалардың жайы не болмақ. Осы негізде, ақыл-ой немесе физикалық тұрғыдан ерекше қажеттіліктері бар әрбір бала қоғамда барынша лайықты өмір сүруге құқығы бар. Үкімет мұндай балаларға сабақ оқу, ем алу, еңбекке дайындалу, демалу, барынша тәуелсіз болуға, яғни толыққанды өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Әрбір ойдың астарында өзіндік дәлелдері де жетерлік, қазіргі уақытқа дейін, елімізден мұндай жастағы балалардың ата-аналарына атаулы әлеуметтік көмек беріліп жатады. Оларға сай арналған медициналық көмекті көрсетуді қолға алуда, бұдан бөлек, білім алуы үшін әртүрлі орталықтары ашылып, әлеуметтік жәрдемақы елімізден барынша төленуде. Балаларға арналған медициналық оңалту орталықтарының нәтижесінде, әрбір бала өздігінше қоғаммен байланыста өмір сүріп, өзің жат сезінбей ортақ деңгейде өмір сүруі үшін қарастыруды қолға алып жатқаны байқалады. Кейбіріне, медициналық көмек сұрау негізінде, балалардың орнынан тұрып кетуі үшін қамқорлық көрсетуге ұмтылған жастарды көреміз. Балалар ауруханасында Қазақстан бойынша церебралды сал ауруына шалдыққан және неврологиялық ақаулары бар балаларға арналған оңалту бөлімдері жұмыс жасайды. Республикалық деңгейдегі оңалту орталықтарында жылына бір рет қаралуға мүмкіндік болса, аурухана жанындағы оңалту бөлімдерінде әр екі сайын қалпына келтіру терапияларынан өтуге болатыны жөнінде барлық ақпарат көздерінде таратылған [6].

Әрбір кезеңде түрлі баланың жағдайына сай, әрекеттеріне талдау жасап жатсақта, олар біздің қоғамда ерекше орын алатынын айтып өткеніміздей, бастысы баланың дұрыс қоғамда өмір сүруі үшін баланың құқығын қорғаудан тұратыны тән. Ең бастысы дәл қазіргі қоғамда, әрбір конвенцияға сай баланың өз құқығын білуі үшін ортамен байланысты болып, әрбір заң жүзіндегі өзгерісті өзіне сай талқылай алатындай болуы тиіс. Бұл дегеніміз қалай жүзеге асуы мүмкін, біздің ортада балаға ата-анасы қарамай, ішімдік ішіп, баланың мектепке баруын, тіпті, оның тамақтанғанына да мән бермей жатады. Бірі, жалғыз қалған ана болуы да мүмкін, осындай кезеңде бала жауапсыз ортада өмір сүріп, баланың құқығы бұзылып жатады. Кейбір сәттері, анасына әкесі қорлық көрсетіп, баласын қинап, оны жәбірлеп жатады. Мұндай әрекеттің бәрі құқықбұзушылық ретінде көзге түседі. Бұл мысалдар біздің өмірімізде көп кездеседі. Бала ата-анасын жақсы көріп, жетімдер үйіне кеткісі келмей, ата-анасының немесе анасының өзгерісіне сеніп артып жатады. Сенім артып жүрген баланың махаббатымен сот шешімімен нақты шешімді табуда, баланың денсаулығы мен оның бақыты үшін, жағдайға сай шешім қабылданып жататын сәті орналып жатады. Бұдан бөлек біз білеміз, негізі баланың бақытты болуы үшін бірнеше заң жүйесі құрылып жатса да, баланың ата-анасының қасында қандай әрекеттерді көріп жатқандығында білмей жатамыз. Осы ойларды ескере келе, отбасының бақытты болуы үшін, баланың құқығын шектемей, оған бар мән-жайды түсіндіріп, әркез қолдау көрсетіп тұру қажет.

Өмір кезеңі бірнеше кедергілерден тұрады, әрқашанда отбасы боламыз деп құрылған жас отбасыларда кейінгі жағдаяттары әртүрлі жайттарға орнығып болып жатады. Кейбір жас аналар

көкек анаға айналып, баланы жетімдер үйіне тастап кетіп жатса, ал бірі, қоқысқа тастап жатады. Одан бөлек, әкесінің балаға деген жауапкершіліктен қашып, баланы анасымен жалғыз қалдырып кетіп жататыны белең алады. Мұндай жайттардың біздің қоғамымызда орналғаны сонша, оның алдын алар жолда аз да емес. Көбінесе, жас аналар басқа аналармен бірігіп, әрі қарай жас ананың баланың жетілгенінше, дәл сол ортада өмір сүріп жатады. Негізгі ой мұнда жас аналардың жалғыз қалмауы үшін, әрі баланың өмір сүруіне жағдай жасап, өзіндік қолдау көрсетіп жататыны бар. Осы ойдағы пікірім, бұл жас аналардың әрекетімен олардың баланың құқық қабілеттілігіне сай олардың дүниеге келуіне немесе дүниеге келмеуіне кедергі жасаған жастардың әрекетінен орналды. Жастардың осындай қателіктерді жасап жатқанында, заң жүйесіне қайшы әрекетті, ал бірде қайшы емес жайттарды орнатып жатқанына еш мән бермесі анық. Осындайдан кейін, баланы жастайынан дұрыс тәрбиелеу қажет. Сол сәтте бала өзін қоғамда заңға сай әрекетіне мән бере бастайды. Баланы тәрбиесіне әрбір адам әсер етуіне қарай, негізі бала өзге адамның сөзіне сенім артпауы үшін, балаға шындықты жасырмай, дәлме-дәл растауы маңызды. Әрбір ой, әрбір әрекет ол баланың қайталауына да себептілік туады. Сондықтан біз дұрыс әрекетіңіз бен сөзімізді айта білсек, баланың өміріне өзгеріс әкелетініміз әбден мүмкін. Тағы бір ой салғаны, баланың ата-анасын қайталауы жайында, отбасы дәрігерлер болатын болса, баланың болашақта дәрігер болып, таңдауына себеп болады дейді. Мен бұл ойға келісемін, бірде келісе де алмаймын. Ең маңыздысы бала өзінің мамандығын таңдай алуы тиіс. Бір ойда, негізі баланың таңдауына ата-анасы әсер етіп, қызығушылығын ашуы да мүмкін. Өйткені, бала қызыға қараған сайын, өзінің әрекетін саралай түседі. Бала мамандық таңдауда өз құқығында екенін біле тұра, өзінің алдағы өмір сүретін жағдайына мән беруі шарт[7]. Баланың ата-анасын қайталауы бұл мамандық таңдауда орналса да, ең түпкі тамыры ата-анасының күнделікті әрекеттері баланың қайталауына себеп болады. Негізгі міндет, ата-анасы жаман әдеттерін баласына үйретпей, дұрыс емес екенін түсіндіруі тиіс. Ол жерде көбінесе, әкесі анасына қол көтерсе, кейін ұлы да әкесін қайталап, өзгенің қызына қол көтеріп, обалына қалып, әкесінің әрекетін қайталау әсерінен қылмыстық құқықбұзушылыққа қадам басуы да мүмкін. Әкесінің қорлығын көп көрген бала да, болашақта психикалық ауруға шалдығып, өзінің жасаған әрекетінің мән-жайын түсінбей, адам өлтіріп немесе ұрлық жасауы да мүмкін. Баланың қайталауына қадағалайтын ата-анасы да бірен сараңы кездеседі. Бірақ кейде, баланың ата-анасын қайталауынан жақсы тұсы да орналып жатады. Мұны қалай түсінсек болады, кішкентай қыз бала мен кішкентай ұл баланың ата-анасының намаз оқуына қарап, оларда қайталап, дін жағынан сауаттылықты ашып, өзара қызығушылықпен ұмтылып жатады. Айтқанымдай, балаға ешкім қинап, оның бұл әрекетті қайталауың талап етеді, бала өз еркімен бұл әрекетті жасап, тіпті, әкесін анасына көмектескенін көрген бала, анасына қамқорлық көрсетіп, махаббатын аша түседі. Өке де анаға да деген құрметтілігін, сыйластығын көрсетуі тиіс, сол сәтте бала қамқорлықтың мәнін түсініп, өзінің құқыққа сай дұрыс өмірді қалыптастырады. Дін жағынан сауаттылық дегенде, біз қалай түсеміз, қоғамда, діни сауаттылықты дұрыс аша алмаған балалар ертеңгі күнінде, теріс пиғылды жайттарға барып жатады. Сол себептен, баланың дұрыс болашақта, тыныш өмірде сүруі үшін оның құқыққа сай ойына да мән беру қажет.

Кейбір сәттері, балаға мән беріп қарамаған ата-ана, 14 жастағы балалардың ата-анасынан алшақтап, ержетіп келе жатқанына қарай, олықты істерді жасамай жатады. Осы кезде, балаға мотивациялық жігерлендіретін, әрі түсіндірме сөздің өзі балаға әсер етеді. Бала ата-анасының қасында қамқорлықта келе жатқанымен, кейін мұндай жағдай орналғанда, болашақта оның өміріне қаншалықты әсер ететінін дұрыс түсіндіріп өтуі қажеттілігін туындайды. Егер дәл сол кезде, бала өзінің дұрыс емес жасаған әрекетінің өмірде ешқандай жетістікке апармайтынын бала, өзі ұғынып, өзіне заңсыз істерді жасаған класстарының әрекетіне сай, шағымға сай дұрыс дәлелді көрсете алатын болады. Жай сөйлеп ұрысудан бөлек, балалардың құқықбұзушылықтарының болашақта бірнеше өзгерісті әкелетіне ұғындыру керек. Мұндай өскелең ұрпақтарға барынша, құқықтық түсіндіруді қолға алу қажет. Егер сол сәттен бастап, оның әрекетіне шектеу қойылмаса, сол бала кейінгі балалардың құқықтарын бұзып, еркін өмір сүруіне кедергі жасайды[8].

Қорытындылай келе, әрбір баланың құқығын қорғау оның әрбір кезеңдік жүйесіне қарай әсер етеді. Баланың дүниеге келген сәтінен бастап өзінің құқықтарына иеленіп, өмір сүруі үшін ата-ананың жағдай жасауы үшін бірнеше рет үкіметтен баланың дүниеге келуіне қарай төленетін әлеуметтік жәрдемақыда қарастырылған. Дәл осы тұста болашақта, баланың кәметке жасқа толғанша «Балаларға арналған Ұлттық қоры» ашылып, ол кейін қаржысын қажетінше жұмсауға иеленеді. Яғни, баланың білім алуы үшін қаржылық деңгейі жеткілікті

болып, болашақта еш қиындық көрмеуі үшін көмек негізінде қарастырылған. Әрбір баланың құқығының толықтай орындалуына ата-ана және еліміз жауапты ретінде әрекет етеді. Осылайша, біз саналы, білімді, елің құрметтейтін ұрпақты өсіруге ұмтылғанымыз жөн болады. Саналы ұрпақтың дүниеге келуіне әрбір ата-ана әсер етеді деп айтқанымыздай, біз өзіміздің әрекетімізге және сөзімізге мән беруіміз қажет. Бұл өмірде баланың құқығы оның түпкі тамырынан әсер етіп, алдыңғы кезеңде өзінің құқыққа сай әрекетті жасауына жауапты болады. Балаға жауапкершілікті артудан қорықпау қажет. Бала өзінің дұрыс әрекетіне сай, дәлелдемелерді анық көрсете алса, өзің ортада еркін, әрі еш қорқынышсыз өмір сүреді. Қоғам өздігінше өзгереді оған әсер ететін әрбір баланың әрекетінен туындайды. Қылмыстық істердің орналуы да, негізгі тамыры ата-ананың тәрбиесінен, бірі, дұрыс достардың болмауынан, бірде, өзінің пікірін талқылай алмай, құқығының қаншалықты бұзылып жатқанына мән бермеуі. Ата-ана құқықтық сауатты болуы маңызды, бала ата-анасының берген тәрбиесіне қарай, құқықты қалыптастырады. Баланың құқығын біз тәрбиелей түсеміз, оған құқықтық сауаттылықты ұғындырамыз. Біз баланың өміріне де, болашағына әсер етеміз. Бейбіт өмірде сүруіміз үшін, әрбір жасаған әрекетімізден кемшілікті табамыз. Баланың құқығын қалыптастыруда, оның құқығын бұзуда біздің баламен байланыста болмауынан орын алады. Қоғамда бала өскен сайын, баланың құқығына сай бірнеше көмек күштері де толастамай жатады. Бастысы, еліміз тыныш болуына, қазіргі өскелең ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттырумен орналып, әрі баланың құқығы маңызды, оған мән беретін ата-ана және біз жастар әсер етеміз. Бізге қарап өскен іні-сіңілеріміз өздерінің әрекетіне салыстыра қарау арқылы, құқығын біле түседі. Сондықтан өміріміз әрқашанда балалардың құқықтарын қорғаудан тұрады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Жедел ақпарат. Бала құқығы – басты құндылықтардың бірі. Маусым, 2018. Онлайн қол жеткізу: <https://egemen.kz/article/169656-bala-quyqyghy-%E2%80%93-basty-qundylyqtardynh-bir>
2. ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» N 214-IV Заңы. Желтоқсан, 2009. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214\\_/z090214\\_.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_/z090214_.htm)
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Ақпан, 2013. Онлайн қол жеткізу: <https://egemen.kz/article/20615-akesi-qoy-bagha-bilmegenninh-balasy-qozy-bagha-bilmeydi>
4. ҚР баланың құқықтары туралы. Қазақстан Республикасының N 345 Заңы. Тамыз, 2002. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_)
5. «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы. Маусым, 1994. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_)
6. «ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының №39 Заңы. Сәуір, 2005. Онлайн қол жеткізу: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000039\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000039_)
7. Смирнова Ю.В., Шибкова Д.З., Макунина О.А., Оқушылардың денсаулығын бақылау негізінде білім беру сапасын басқару, №371 / 2015, 280-364 беттер.
8. Энн Дейли К., Лаура Розенбери А. Жаңа бала туралы заңы // Йель заң журналы, №6 / Сәуір, 2018, 60-80 беттер.

ӘОЖ 34.4414

#### **ЖАЛДАМАЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ИЕЛЕНУДЕГІ ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІ ЕСКЕРУ**

*Серікқызы Б., студент*

*Ғылыми жетекші: Кулажанова А.Н., з.ғ.м., аға оқытушы  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Қазақстан Республикасында орналып жатқан өзекті мәселелердің бірі ретінде, ол жалдамалы тұрғын үйді иелену мүмкіндігі мен тұрғын үйді алған халқымыздың келісімшартқа сай, талапқа сай өз әрекеттерін дұрыс жүргізе алмай жүргені байқалады. Халқымыздың проблемасы деп айтсақта, тіпті Алматы қаласына оқуға түскен жастардың пәтер ала алмай,

алаяқтарға алданып қалатын жайлары кездеседі. Негізгі кедергі ол не болуы мүмкін, бұл жерде халықтың заң жүзінде әрекеттің дұрыс атқармауында деп санаймын. Бұл ақпараттарға қатысты мәліметтерді алғашында біз бағдарламалардың бірнеше түрлерімен танысып өтсек, сонымен қатар келісімшарттан тыс кезексіз қиындықтардың орналуын анықтайтын боламыз.

Еліміз үшін тұрғын үйдің маңыздылығы сонша, елімізде бағдарламалар құрылып жатыр осыған қатысты мәліметпен бөлісіп өтеміз. Бұл «5-20-25» бағдарламаның шарттары 2019 жылдың қараша айында түсіндірілді. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің төрайымы Ләззат Ибрагимованың айтуынша, «5-20-25» бағдарламасының ережелері 2016 жылдың желтоқсан айынан бері әрекет етіп келеді. Осыған дейін банк тарапынан 150 млрд теңгеге 19800 қарыз берілгені жөнінде ақпарат көздерінде анықталған. «5-20-25» бойынша әкімдік кезегінде тұрған әскерилер, мемлекеттік қызметкерлер, бюджет саласының қызметкерлері ипотека рәсімдей алатын мүмкіндігі қарастырылған. Ипотека алудың қандай артықшылығы бар дегенде, сіз өзіңіз қалаған пәтерді ала отырып, бірнеше жылға бөліп төлеу қарастырылған. Алайда, әр бағдарламаның артында өзіндік талаптары жоқ емес екені бәрімізге мән. Олар,

➢ Табыс көзі отбасындағы жан басына шаққанда 3,1 күнкөріс деңгейінен аспауы қажет (**2020 жылы 96 667 теңге**);

- 5 пайыз жылдық мөлшерлеме;
- 20 пайыз бастапқы жарна;
- Қарызды өтеу мерзімі – 25 жыл;
- Үміткердің атында соңғы 5 жылда үй болмауы шарт;
- Төлем қабілетін растау міндетті.

Олардың біздің өмірімізге қандай сәтті әсерін тигізуі мүмкін деген сәтімізде, ол әрбір халықтың үймен қамтамасыз ету үшін бірнеше жолдарын көрсеткені жөнінде алғашқы талаптарынан-ақ білдік. Бұл бағдарламаның өмірімізге өзіндік өзгерістер әкелетіні белгілі, өйткені сіз өзіңіздің жеке меншік үйіңіз болуы үшін, біршама еңбек етуге тура келеді. Әрбір сәттің де өзіндік қиыншылығы туындайды, мұнда ең бастысы табыс көзін арттыруға ұмтылу керек [1].

Мұнымен қоса, жұмыссыздар санын азайту. Өйткені, жұмыссыздықтың санын азайту арқылы, барлық халықтың тұрғын үймен қамтамасыз ету жолдары орындалған. Ең соңғы есеп бойынша бұл 2021 жылғы санақ негізінде орташа айлық жалақының көрсеткішін көріп тұрғандарыңыздай, бұл тұрақты жұмыс орны бар азаматтардың жағдайы (1-сурет). Алматы қаласының шет аймақтарында, бұдан да төмен жалақы алатын жастарымыз жетерлік. Осылайша, жалақының ең төмен мөлшері – 60 мың теңге (ескертетін бір жайт, жобада 42 500 теңге деп көрсетілген, алайда президент 1 қыркүйектегі жолдауында жалақының ең төмен мөлшері артатынын мәлімдегенін белгілі).

Орташа айлық атаулы жалақы

	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	теңге
2007	45 716	45 699	50 910	49 381	50 007	51 814	53 462	54 253	53 005	54 114	53 928	66 951	
2008	54 459	54 612	58 599	57 897	59 310	62 998	63 250	63 322	62 509	61 622	59 575	72 897	
2009	61 378	61 793	65 964	64 730	65 013	68 901	69 756	68 626	67 357	67 167	66 890	82 779	
2010	66 674	66 315	72 251	75 203	74 791	81 266	82 282	80 789	78 805	77 785	77 374	97 256	
2011	77 464	78 083	87 470	83 276	84 116	88 296	92 993	93 106	91 925	90 980	91 793	119 144	
2012	92 191	92 338	100 584	97 568	98 942	104 896	106 620	104 546	99 804	98 861	100 866	127 402	
2013	99 152	98 736	108 836	105 289	106 286	109 970	112 792	110 020	105 905	105 948	107 317	137 043	
2014	104 654	104 949	116 768	116 927	120 479	124 780	125 936	121 763	118 730	118 884	119 111	154 577	
2015	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			118 638		124 227		124 656		136 094				
2016	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			132 769		143 600		141 187		154 632				
2017	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			140 265		149 951		147 988		163 725				
2018	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			152 442		162 751		161 783		176 050				
2019	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			168 489		186 537		191 129		203 883				
2020	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			200 332		212 035		204 330		233 136				
2021	1 тоқсан		2 тоқсан		3 тоқсан		4 тоқсан						
			230 829		251 545		243 667		275 580				


1 сурет - Орташа айлық атаулы жалақының көрсеткіші

Келесі бірнеше бағдарламаны мысал түрінде көрсеткім келеді. Ол,

"7-20-25" – Қазақстан азаматтарына арналған әлеуметтік бағдарлама. Оның негізгі талаптары:

- 7 пайыз жылдық мөлшерлеме;
- Бастапқы жарна 20 пайыз не одан жоғары;
- Қарызды өтеу мерзімі – 25 жыл;
- Үміткердің атында үй болмауы шарт;
- Ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша өтелмеген берешектің болмауы міндетті;
- Тек құрылыс салушылардан сатып алған жаңа үйлерден пәтер алуға болады.

Бұл бағдарламаның пайыздық мөлшерлемесінен ерекшеленуі және оның бірі халықтың қалтасына қолжетімді болса, ал екіншісіне қолжетімдігі аздығы көзге анық көрінеді [1]. Ипотека түрінде алынған тұрғын үйдің артықшылығы біршама жоғары деп санаймын. Себебі, сіз қалаған уақытыңызда бірнеше қаражат көлемін, яғни 20% төлемін жасай отырып, қалған төлемді жеті жылдан кейін немесе жиырма жылдан кейін өз меншігіңізге өту мүмкіншілігі қарастырылған. Интернет желісінде осы бағдарламалар жайында сөз қозғағанымен, бастысы біз өзімізге ыңғайлы жағын тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығына жүгінбей-ақ сұрақтарымызды қоя аламыз. Бұл мәселенің жолында, тағы бір кемшілік таптым сондағы әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға не болмақ, олардың мәселесін кім шешеді деген сұрақтар мазалайды (2-сурет).




2 сурет - Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі (кедейлік деңгейі)

Тұрғын үй саясаты аясындағы жолдарды ескере келе, азаматтардың тұрғын үйге конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, тұрғын үй жүйесімен қамтамасыз ету үшін бастысы, бұл жерде әрбір халқтың қосымша жұмыс түрлерімен айналысу жағы маңызды деп жатады. Алайда, халықтың бұл кезеңге өтуі үшін біршама уақыт кетеді. Ескеретін жайт, бұл бағдарлама арқылы тек 45 жасқа дейінгі адамдардың алатынын білдім. Өйткені, одан кейінгі жастағы адамдарға ұзақ мерзімге пәтерді несиеге бере алмайды. Алғашқы сәттен-ақ бағдарлама жайында сөз қозғадық өйткені, жалдамалы тұрғын үй ретінде алғашқы жарнасын төлеу арқылы, сіздің жекеменшігіңізге айналуы үшін, біршама уақыт кетеді. Ал бұл жекеменшік тұрғын үйді алу үшін де, жалақының жоғары болуы маңызды. Егерде әр қалада әртүрлі бағада үйлер сатылды делік, алайда статистикаға сәйкес, көп жалақысы бар тұрғындар Атырау, Маңғыстау облыстары болып шықты, тіпті Астана мен Алматының маңызды қалаларда жалақы құнына қарай, азық-түліктің бағасы да шарықтап тұр. Келесі, ол аз жалақы алатын Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласы болып табылады. Тұрғын үйдің маңыздылығына қарай жалақыда артып отырса, кез келген қала тұрғындары үшін өзара әсер етер ме еді деп ойлаймын [2].

Біз білеміз, Алматы, Астана қалаларында бірнеше тұрғын үйлер салынууда, алайда олардың ешбірі, арзан бағада сатылымы қарастырылмағанын байқадық (3-сурет). Көп қабатты үйлердің қаланың орталығында орналасуына қарай әсер етуі болмаса, тіпті, жерді мемлекеттен атынан беру жолдары да бірнеше кедергілер орналуда. Жерді мемлекет атынан жалға беру сәтін, Ақтөбе қаласынан байқаған болатынымын. Бұл жерде 10 жылдай уақыт күту керектігі



жөнінде айтылған, бірақ кезекпен берілетін туған жеріміздің жерін иеленуде қиынға соғатыны бірден-бір дәлелі [3].



3 сурет - Тұрғын үйлерді пайдалануға беру көрсеткіші

Қазақстан Республикасы кең байтақ жерімізде тұрып жатырмыз дейміз, алайда жалдамалы тұрғын үйді мүлікті жалдап отырған кәрі-жасымыз біршама. Бірнеше жылдар уақыттар тұрғын үй иесі жалдамалы тұрғын үйді беріледі кейіннен, бірнеше қиыншылықтар орнайды. Осы жайттардың бірінде, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында пәтердің беру мөлшерлемесі 25 млн көлемінде жоғары болса, ал Қарағанды қаласында 20 млн, қалған өзге аймақтарда 15 млн бір бөлмелі пәтердің құнын құрайды.

Мемлекеттен берілетін тұрғын үй, кезекпен немесе кезексіз түрде берілетін үйді алуға күтудің ұзақтығы соншалықты халқымыз үй іздеп, бөгде адамның үйін жалдап, паналап жүруге мәжбүр. Бөгде адам дейміз, өйткені, әр ұлттың өкілі жоғары бағада бір бөлмелі, екі бөлмелі пәтерлерді жалдап жатады. Барлығында ортақ қателік, келісімшарттың жоқтығы. Осылайша Алматы қаласында ылғалдың жоғарылығы байқалатын білеміз. Соның әсерінен, үйлерде зең болуы байқалады. Ал біз білеміз, зеңнің адамның денсаулығына қауіптілігі зор жоғары екенін. Осы жайында, интернет көздерінен мысал ретінде көрсетіп өткім келеді.

Зеңдер – ірі жеміс денелері жоқ тармақталған мицелияларды (жұқа жіпшелер) түзетін микроскопиялық саңырауқұлақтар. Зеңдер - бактерияларға, өсімдіктерге және жануарларға ортақ белгілері бар жабайы табиғаттың бір түрі. Зең адам денсаулығына зиянды токсиндерді шығарады. Адам зең спораларын ауамен жұтуы мүмкін, ал олар бронх пен өкпеде орналасады. Зең өкпе тініне өте терең еніп кетуі мүмкіндігі жоғары. Зең астма және пневмония сияқты ауруларға әкелуі мүмкін. Ең жиі кездесетін әсерлер - құрғақ жөтел, аллергиялық реакциялар, ас қорытудың бұзылуы, бас ауруы, мұрыннан қан кету. Зеңге ұзақ уақыт әсер ету ішкі қан кетуге, бүйрекке, бауырға және өкпеге зақым келтіруі мүмкін. Бұл аурулардың себебін анықтау қиынға соғуымен қатар, адамның денсаулығына біртіндеп зияндылығымен өрши береді. Ауру тек мамандандырылған зертханаларда және аллергия орталықтарында ғана анықталады [4].

Жалға алынған үйлерде зеңнен бөлек, бірнеше гигиеналық талаптардың толық түрде орындалмауын байқадым. Осылайша, әр түрлі ұсақ кеміргіштердің тұқымдасы және жәндіктердің мекеніне айналып тазалықтың төмендігі кездеседі. Барлық тазаалықты сақтау, әр азаматтың міндетіне жатқанымен, тұрғын үйдің иесі бұл мәселелерге шешуі үшін қаражаттың бөлінуіне себепші деп ойлаймын. Әрбір істе, жалға алушы азамат жүзеге асырғанымен, жалға беруші шығындарды өтуі тиіс болып табылады.

Осы жерде, жалға беруші мен жалға алушының құқықтары мен міндеттері жайында Азаматтық Кодекстің Ерекше бөлімінде толықтай айтылған. Осы сәтте, келісімшарттың болмауының әсерінен, тұрғын үйді уақытынан бұрын босатылған сәтінде, жалға алған бөлменің төлемін қайтармауы байқалады. Осының әсерінен, ол адамның денсаулығына, тіпті, рұқсатсыз, ескертусіз, төлем ақыны жоғарлатудың әсері еліміз үшін өте әсер етер мәселе деп санаймын [5].

Сондай-ақ жалдамалы тұрғын үйлердің маңыздылығы ол халыққа қауіпсіз, тиімді үйлермен қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір қала аймақтарында орнап жатқан кемшіліктерді жоюға дайын болудың өзі бір жұмыстың толық орындалғанын білдіреді деп санаймын. Бағдарламаның негізгі мақсаты-халыққа қолжетімділігімен ойлағанымен, негізгі

Обучение русскому языку в школе как раз та область, где интерактивная доска может принципиально изменить и методы работы, и её результаты. Ведь главной целью преподавания русского языка в школе является формирование языковой, коммуникативной и лингвистической компетенции учащихся.

Второй важный момент, подготовка раздаточных материалов для учащихся. Эффективность урока в случае использования печатных материалов, розданных ученикам, повышается вдвое: за урок можно не только изучить новый материал, но также закрепить его, отработать практические навыки.

Применение компьютера на уроках поможет учителю решить следующие практические задачи:

- увеличение времени общения с учениками, что особенно важно в режиме дискуссии, а не монолога;
- расширение информационной емкости и плотности урока;
- соответствие требованиям, предъявляемым не только педагогическим и ученическим, но и родительским сообществами;
- понимание своей востребованности и конкурентоспособности.

Однако сколько бы пользы не приносили инновации, нельзя забывать об их минусах:

- внедрение компьютерных технологий возможно только при соответствующем технологическом оснащении;
- излишняя автоматизация обезличивает образовательный процесс, отчуждая друг от друга его участников, использование компьютерных технологий приводит к свертыванию социального взаимодействия и общения;
- образовательный процесс на базе компьютерных технологий не учит самостоятельному выражению мыслей вслух, ориентирует обучающегося на электронную шпаргалку;
- развивается психологическая зависимость от работы на компьютере [5].

В рамках проводимой работы по цифровизации системы образования в области реализуется комплекс мероприятий, направленный на улучшение образовательного процесса путем автоматизации государственных услуг, внедрения цифровых технологий, модернизации инфраструктуры. Но за цифровыми технологиями не должна теряться и личность педагога. На первом месте должны оставаться филологические, методические и психолого- педагогические компетентности. Думаю, что эффективность работы учителя русского языка - это не только привычные знания, умения и навыки, но и вклад предметника в развитие *личностных качеств* учащихся.

### Использованная литература

1. Госпрограмма «Цифровой Казахстан» утверждена постановлением Правительства РК №827 от 12.12.2017.
2. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования. Под ред. А.Ю. Уварова, И.Д. Фрумина. – М.: Издательский дом Высшей школы экономики, 2019.
3. Формирование информационной компетенции учащихся как необходимое условие повышения качества образования - [Электронный ресурс] - <https://multiurok.ru/files/formirovanie-informatsionnoi-kompetentsii-uchashch.html>.
4. Использование информационно-коммуникационных технологий на уроках русского языка, литературы [Электронный ресурс] - <https://urok.1sept.ru/articles/678746.-2020>.
5. Роль компьютерных технологий в образовательном процессе - [Электронный ресурс] - <https://www.informio.ru/publications/id2038/Rol-kompyuternyh-tehnologii-v-obrazovatelnom-processe>.

ӘОЖ 652.3

## ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Найзағараева А.А., т.ғ.маг., аға оқытушы*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., Қазақстан*

Электронды оқу құралы – білім алатын өнім, бірақ дәстүрлі оқулықтан айырмашылығы бұл оқулықты тек компьютер көмегімен ғана көріп шығуға болады. Электронды оқу құралы кәдімгі оқулықтар сияқты барлық талаптарға сай болуы керек. Қазіргі электронды оқу құралдары текстік материалдардан басқа міндетті түрде жақсы ойластырылған графикалық материалдардан тұруы тиіс. Мұнда оқу құралының тек дизайн жағынан емес түсінікті, студент тез қабылдайтын материалдардан тұруы керек. Электронды оқу құралындағы анимация, диаграмма, видеоклиптер, структуралық құрылымы жағынан студенттерді өзіне тартып қана қоймай студенттің есінде қалуына үлкен ықпал етеді.

Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті. Қай заманда да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасалынған, әлі де солай болып келеді. Шығармашылық адам санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, бизнес пен кәсіпкерліктің нәтижелілігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық

ойлауына қатысты анықталады. Сонымен қатар, Елбасы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың төртінші бағытын - IT-мамандарды даярлау екендігін көрсетті.

Оқытушы жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің студентсын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болуы керек. Бұл өмір талабы. Оқытушыда ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілет болуы шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтарды яғни, этнопеддагогика, этнопсихология негіздерін меңгеруі қажет. Ғаламдасуға байланысты «интернет» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары, жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болуы қажет. Осыған қарап ХХІ ғасырда оқытушыға қойылатын талаптар зор екенін көреміз.

ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен студенттің арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы оқытушыдер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі оқытушыды тек пән оқытушы ретінде қабылдау олқылық көрсетеді. Оқытушы қоғам айнасы. Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрейік. Бүгінгі оқытушы ата-ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Оқытушы – оқытушы, оқытушы – ұстаз, оқытушы – оқулық авторы, оқытушы – технолог, оқытушы-жаңалықты дәріптеуші, таратушы. Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан, жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады.

Біз жоғарыдағы анықтамаларды өз іс-тәжірибемізге қолдану бағытында оларды негізге ала отырып жұмыс істеп жатырмыз. Әсіресе, ақпаратты студентке компьютер арқылы эзирлеу мен тарату үрдісіне ерекше мән беріп отырамын. Себебі, әр түрлі зерттеулерге қарағанда дәстүрлі оқыту кезінде кез келген жақсы оқитын студент информатика заңдылықтарын тұжырымдайды, мысалдар келтіреді. Студенттердің көпшілігі алған білімдерін практикада қолдана алады. Бұл студенттердің оқу материалын формальды жағынан да жақсы білетінін көрсетеді. Кез келген сабақта электронды оқу құралын пайдалану Студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды.

Электронды оқу құралымен оқытудың негізгі мақсаты: Оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Дәстүрлі оқыту меңгерудің 4 деңгейінің (репродуктивтік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық) тек алғашқы екеуін ғана қамтиды, нәтижесінде материалдар жеткілікті дәрежеде меңгерілмейді, білімнің жүйелілігі, беріктілігі қалыптаспайды. Компьютердің көмегімен тақырыпты оқу, зерттеу негізінде меңгеруді эвристикалық және шығармашылық деңгейге жатқызуға болады. Студенттер электронды оқу құралынан оқығанын, көргенін елестете отырып тақырыпқа берілген тест сұрақтарын шешеді. Ал электронды оқу құралында тест сұрақтары күрделенген тест және жеңілдетілген тест түрінде болады.

Қорыта айтқанда, электронды оқу құралын сабақта қолдану барысында студенттер:

1. Қарастырылып отырған тақырыптың мағынасын терең түсінеді;
2. Студент жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеу жұмысына тартылады, оның бойында зерттеушілік қабілет пен ынта қалыптаса бастайды.

Кез келген пән оқытушыны компьютерлік кабинетке тартып отырған не? Ең бірінші кезекте сабақты түрлендіру және студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру. Компьютерлік сыныпта өткен сабақта үйреншікті тыныштық жоқ. Сабақ кезінде студенттер проблемаларды талқылайды, сабақтың барысын қызығушылықпен бақылайды. Бұл кезде оқытушы – студент арақашықтығын ұстау болмайды.

Оқыту үрдісіне информациялық технологияны кең көлемде ендіру педагогикалық еңбектің тиімділігін жоғарылатып, әдіснамалық тәсілдердің арсеналының кеңейуіне алып келеді. Сондай – ақ, студенттің танымдық іс-әрекеттері күшейіп өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады. Дыбыстық, графикалық, видео, мультимедиа, гипертекстік элементтермен қашықтықтан компьютерлік оқытудың мүмкіндігі пайда болады. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электронды оқу құралы. Ол студенттерді даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктіліктерді тесттік бақылауға

арналған бағдарламалық құрал. Қазіргі заман талабына сай электронды оқу құралдарын құру қажет.

*Электронды оқу құралының тиімділігі және қойылатын талаптар*

Мультимедиялық оқыту құралдарына қойылатын стандартты талаптар Мультимедиялық электрондық оқу құралдарына қойылатын мемлекеттік стандартқа сәйкес осындай басылымдар төмендегідей талаптарға жауап беруі керек:

- бүтіндік. МЭОҚ бүтіндігі осы пән(курс) бойынша білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқылатын пәннің мазмұнын МЭОҚ жан-жақты көрсетеді және мазмұнына және оқу мақсатына сәйкес қосымша материал болады;

- ғылымдылық. Ғылымдылық пәндік білімнің оқылатын облысында қазіргі ғылыми талаптарға сәйкес келетін терминологияның қолданылуын түсіндіреді. - жүйелік Жүйелік деген оқу құралының бөлімдерге және қосымша бөлімдерге(модульдер және микромодульдер) бөлу және бөлімдердің(модульдердің) өзара логикалық байланысты болуын талап етеді. - көрнекілік Көрнекілік оқу құралын есте сақтау, түсіну, ұғынуға көмектесетін иллюстрациялардың тиімділігін айтады;

- функциональдылық. Функциональдылық нақты тәжірибелерді алуға бағытталған, нақты функциялардың виртуалды орындалу мүмкіндігін айтады;

- виртуальдылық. МЭОҚ виртуальдығы өндірістік үрдістерді, кинофильм фрагменттерін, белгілі ғалымдардың, саясаткерлердің сөз бастауларын және т.б көрсетуге мүмкіндік береді;

- интерактивтілік. Интерактивтілік – бұл компьютер арқылы жасалынатын МЭОҚ-дағы интерактивті тәжірибелік тапсырмалардың бар болуы;

- тестердің және тәжірибелік тапсырмалардың адекваттылығы тестердің және тәжірибелік тапсырмалардың адекваттылығы дегеніміз тест сұрақтарының және нұсқа тапсырмаларының мазмұны оқылатын материалға сәйкестігін тексеру болып табылады;

- түсті ассоциациялардың тұрақтылығы МЭОҚ бір түсті композициялар негізінде орындалуы тиіс; түстік палитра жұмсақ және эргономикалық талаптарға жауап беруі керек.

Қазіргі кезде білім берудегі ақпараттандыру процесін жүзеге асырудағы өзекті мәселелердің бірі – электронды оқу құралдарын дайындау болып отыр. Ал оларды оқыту процесінде қолдану – сапалы білім берудің бірден - бір құралы болып табылады. Білім берудің кез-келген саласында ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта автоматтандырылған оқыту жүйелері мен оларды құру құралдарының өте көп түрлері үлкен көлемде жасалып шығарылуда. Оқу материалын ұсыну түрі бойынша оларды үш негізгі түрге бөлуге болады қарапайым, мультимедиялық және гипермәтіндік құжат түрінде.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл электронды оқу құралдарын пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Әр сабаққа арналған бейне көрініс электронды оқу құралында бар. Бұл электронды оқу құралдарын мектепте, жоғары оқу орындарында сабақ бергенде өте тиімді, оқытушы көп ізденбей дайын сабақтарды өз жұмысында пайдалануға толық мүмкіншілігі бар.

Электронды оқу құралы дегеніміз – мультимедиялық оқулық, сондықтан электронды оқу құралының құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқу құралы студенттің уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және студенттің ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Электронды оқу құралының ең қажет элементі – аудиохабарлар.

Енді электронды оқу құралын пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталайық (1- кесте).

1 кесте - Электронды оқу құралын пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтары

Тиімді жақтары	Тиімсіз жақтары
1 Студенттің уақытын үнемдейді, оқу материалын іздеп отырмайды.	1 Психологиялық-педагогикалық талаптардың жоқтығы.
2 Студент оқулықты қажет етпей-ақ информатика негіздерінен кез келген мәліметті алып, оқып үйренуіне болады.	2 Пән аралық байланыстың аздығы.
	3 Көрнекілік материалдарда бірыңғай таңдау.
	4 Оқып үйренудегі мамандық бойынша



3 Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, клиптер, аудиохабарларды пайдаланады.	бағыты ескерілмеген.
4 Сарамандық жұмыстар жылдам түсіндіріледі.	5 Материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару.
5 Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген.	6 Студенттің жеке ерекшелігі, денсаулық жағдайы ескерілмеген.
6 Көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азайтады.	7 Берілген материалдағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталмауы.
7 Оқытушы әр студент пен дербес, жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады.	8 Компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі.
	9 Студенттің тіл мәдениетінің төмендеуі «тірі» қарым-қатынасқа түсе алмауы.

Жоғарыда айтылған тиімсіз жақтарды болдырмау үшін төмендегідей ұсыныс жасауға болады:

- 1 Компьютерді сабақтың белгілі бір кезеңдерінде ғана пайдалану;
- 2 Компьютерді пайдалану уақытын сақтау;
- 3 Компьютерді пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау;
- 4 Дәстүрлі және электронды оқытуды кіріктіру арқылы жүргізу.

Себебі электронды оқыту – оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалар жиынтығы. Электронды оқу құралы жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді.

Атап айтқанда:

- кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз етеді;
- жай оқулықтағы кездеспейтін қосымша материалдарды электронды оқу құралдарынан

қысқа уақытта табуға болады;

- гипермәтінді түсіндірмелерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Электронды оқу құралдарына қойылатын талаптар [4]:

- 1 Жан-жақтылығы;
- 2 Ізгіліктілік;
- 3 Бейімділігі;
- 4 Модульдік;
- 5 Экономикалық тиімділігі;
- 6 Тұтынушыға бағдарлау.

Электронды оқу құралын жасау барысында мынандай негізгі талаптардың орындалуы қажет:

- компьютерде қолданылатын ақпараттық – оқу материалдары мен тексеру, бақылау сұрақтары, айқын, әрі түсінікті болуы шарт;

- берілген оқыту әдістемесін толықтыру немесе жаңа оқыту әдістемесін жасау, яғни оқу процесіне сай компьютердің функциональдық ерекшеліктерін ескере отырып, бұрынғы дидактикалық тәсілдерді жетілдіретіндей мүмкіндіктер болуы тиіс;

- оқу құралының жалпы сценарийін және пәннің әрбір тақырыбының, сабақтың және сабақ ішіндегі белгілі бір кезеңдердің жеке “сценарийін” жасайтындай мүмкіндіктер болуы қажет;

- даярлаған бағдарламаның «ашықтық» деңгейін анықтау, яғни оны пайдаланушылар (оқыту ісін нақты түрде жүргізіп отырған оқытушылар) оқу құралының белгілі бір функциональдық блогын оқу жүйесінің соңғы талаптарына сәйкес өзгерте алатындай мүмкіндігі болуы керек. Мысалы, оқу құралының тексеру блогына жаңа есептер қосу немесе оқу процесін басқару бөлігін жетілдіру, т.с.с.

*Электронды оқу құралының құрылымы мен оның негізгі қасиеттері*

Электронды оқу құралының негізгі қасиеттері:

- жинақтылық;
- жүйелілік;
- эстетикалық көркемділігі;
- жылдамдылығы және т.б.

Электронды оқу құралының құрылымы:

- материалдың мәтін, сурет, график, кескін, кесте және т.б. түрде баяндалуы [5].

Ол оның дәстүрлі оқулықтан ерекшелігін көрсетеді:

- материалдың кескін түрінде баяндалуы-оқулық мазмұнының графиктік-мәтіндік түрде бейнеленуі. Онда оқу материалының негізгі идеясын айқындайтын үзінділерін студенттің меңгеруіне ыңғайлы етіп, графиктік түрде бейнелеу;

- өзіндік тексерудің (өзіндік бақылаудың) тестілік жүйесі. Онда оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін айқындайтын сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

Электронды оқу құралын құрудың құрылымдық элементтері:

- сыртқы беті;
- титулдық экран;
- мазмұны;
- аннотация;
- оқу материалының толық баяндалуы;
- оқу материалының қысқаша мазмұны;
- қосымша әдебиеттер;
- өзіндік білімді тексеру жүйесі;
- мәтіндік үзінділерді іздеу функциясы;
- авторлар тізімі;
- оқу құралымен жұмысты басқару жүйесі.

Электронды оқу құралын құру жолдары

Осыған байланысты электронды оқу құралдарын дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескерген жөн [6]:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған оқу құралының сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуы;

- электронды оқу құралдары курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі сарамандық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша материалдарға анықтама, библиографиялық көмекші, аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест материалдарды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімдері бөлімдерін қамтуы;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы.

Түрлі сабақтарда электронды оқу құралымен жұмыс нәтижелерін бағалау үшін түрлі диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бар:

- 1 білім мониторингісі;
- 2 сауалнамалар;
- 3 түрліше тестілік бақылаулар;
- 4 жеке студенттермен әңгіме, пікір алмасу т.б.;
- 5 студенттерды сырттай бақылау.

Электронды оқу құралдарын қолдану барысында студенттердің сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығын жоғарыда айттық. Сондай-ақ, оқытушыдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан қолдана алады. Заман табына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электронды оқу құралын халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеуде пайдалануды – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу қажет деп ойлаймыз.

Электронды оқу құралын жасаудың ақырғы кезеңі оны бағдарламаға айналдыру, яғни машина тілде кодтау ісі болып табылады. Осындай қолданбалы бағдарламалық жабдықтау жасау көптеген жүйелік бағдарламалар арқылы жүргізіледі, олар: HTML, CSS, JavaScript (немесе VBScript), Flash, PHP (немесе Perl) және MySQL т.б. Бұларды пайдалану артықшылығы:

- бағдарлама жасау мерзімін қысқарту;

- бағдарлама жасау мен оны пайдалану кезеңдерін барлығында да оны сүйемелдеу ісінің жеңілдігін қамтамасыз ету;

- электронды оқу құралының мазмұны мен құрылымына сәйкес оны пайдаланушы оқытушыға материалдарды аздап түзету-толықтыру мүмкіндіктерін беру;

- оқу құралының кейбір бөліктерін өзгерткенде (толықтырғанда) тұтынушы интерфейсінің өзгеріссіз күйде сақталуы.

Электронды оқу құралын құрастыру алгоритмі:

- оқу пәнінің мазмұндық көлемін бағалау;

- үйренушінің білімділік, икемділік дағдыларын қалыптастыру;
- оқу материалын өзіндік білім алу деңгейіне бөлу;
- глоссарий дайындау;
- лекциялар конспектісін дайындау;
- тест материалын дайындау;
- материалдарды электронды түрде дайындау;
- өзіндік және практикалық сабақтардың материалын дайындау.

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта білім беру үрдісіне электронды құралдардың енгізілуі білім алуға жаңа мүмкіндіктер ашатындықтан аса маңызды болып отыр. Бұл дәстүрлі оқыту түрін жокқа шығару емес, керісінше, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқытудың жаңа түрлерімен толықтыру қажеттілігін уағыздайды. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындары қазіргі технологиялармен заман талабына сай бола алады. Ақпараттық технологияларсыз оқыту тиімділігін арттыру, бәсекеге қабілетті оқу орны қатарына қосылу мүмкін емес.

Электронды оқу құралы студент үшін дайын материал. Электронды оқу құралдарымен жұмыс істеу әрбір студенттің өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Халықова К., Қашағанова Г.. Электронды оқулық – оқыту тиімділігін арттыру құралы ретінде. Ұлт тағылымы, Алматы 2007, №1/(2)
2. ҚР «Ақпараттық технологиялар. Электронды басылым» туралы 34.017-2004 мемлекеттік стандарты
3. Халықова Г. және т.б. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары. // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. Шымкент. –2004. -469 б.
4. Алейников В.В., В.Н. Алдушонков «Использование мультимедийного учебника как средства компьютерных технологий при обучении Студентов»
5. Ларионов А.М., Майоров С.А., Новиков Г.И. Вычислительные комплексы, системы, сети. Л., Энергоатомиздат, 1987.
6. Коцюбинский А.О., Грошев С.В. Современный самоучитель в сети Интернет. Быстрый старт:Практ.Пособ.–М.Изд. ТРИУМФ,1997.– 464 с.
7. Холщлаг М.. HTML 4.0. – М.2003, 869 с.
8. Левин М.П., Алексеев Ю.М. 2 в 1: Самоучитель разработки Web-сайтов: HTML, CSS, графика, анимация, раскрутка ТРИУМФ 2008
9. Мұхамбетжанова С., Бектемісова Ә., Клещенко И.Интернет-технология. HTML тілінде Web-беттерін құру негіздері
- 10.Федорчук А. Создание Web-сайтов. – Киев. 2002, 212 с.
- 11.Донской М. Интернет и пользования интерфейсы//Мир Интернет, 1999.- №9.

ӨОЖ 378.147

## **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ**

**Сугуров Ж.Ж., Мукалимов А.Т.**

*Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Білім саласындағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен

құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, олснымен қатар ЖОО-да және сабақтан тыс, денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген.

Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.

Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене шынықтыру пәні оқытушыларының басты міндеті.

Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім.

Сондықтан да еліміздегі мектептердегі, ЖОО мен білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген [1].

Осыған орай қазір еліміздегі көптеген ЖОО, мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі

туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр.

Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

- а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
- ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;
- б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады.

Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Жаманқұл П.Қ., Муфтибекова З., Орынбаева Н.Н. Оқулықтағы көркем шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдері. 2010.-13 б.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамыту тұжырымдамасы
4. Тайжанова С., Қарақов А. Дене тәрбиесі. Оқулық. Алматы, ССК 2019. 400 бет. (Өңделіп, толықтырылып екінші басылуы)
5. Мұхамеджанова Ұ. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. Астана. Фолиант-2017.

ӘОЖ 903

### ТАҢБАЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР ТАРИХЫ

*Серік Аружан., студент*

*Ғылыми жетекшісі: Рысбекова Г.Е., п.ғ.к., қауымд. профессор  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**Кіріспе.** Адамдар ежелден белгілі бір табиғат құбылыстарының себептерін іздеп, оларды сипаттап, түсіндіру үшін әртүрлі белгілерді пайдаланған. Біздің заманымыздағы символдардың көпшілігі ғаламның мәндері мен заңдылықтарын түсінуге арналған құралдар болып қала береді.

Адамзат тарихында негізінен әмбебап белгілер жүйесі қалыптасты. Ол мүсін, құрбан шалу таңбалар, белгілер түрінде бізге жетті. Қарапайым тілмен айтсақ, таңба (грек тілінен аударғанда symbolon – белгі, анықтайтын айырмашылық) адам өзінің заттар туралы ойын жеңілдетілген белгілер түрінде білдіргенде пайда болып қалыптасты.


Уақыт өте келе бұл таңбалар мен белгілер барған сайын көп қырлы болып, жаңа байланыстарды тудырады, нәтижесінде таңба әлемді терең түсінуден бірге жүреді. Таңба белгісі – адамға құбылыстардың жасырын мағынасын түсіндіретін қолтаңба және жол болып есептелінді.

**Негізгі бөлім.** Әрқайсысына дерлік әр уақытта белгілі болған бірнеше іргелі тарихи архетиптерді еске түсірейік.

Шеңбер – кеңістік пен уақыт тұтастығының, оның шекарасынан тыс мәңгілік бастаудың түсініксіздігінің ең көне және жұмбақ нышандарының бірі. Шар түрінде ол өмірді қамтамасыз ететін күнді бейнелейді. Күн өмірді бере алатын және алатын күн культтері бар.

Күннің орнын анықтайтын тас дөңгелектерді, мысалы, Сиу тайпасы күн биі сияқты салт-жораларды жоспарлау кезінде пайдаланған. Шеңбер уақыттың шексіз қозғалысын бейнеледі.

**Күн адам бейнесі.**



Еуразия кеңістігінде тарихта «прототүрк» деп танылған ата-бабаларымыздың тілдік деректері, жазулы мәтіндері бізге жетпеді. Қазірге дейін тілі мен жазуына қатысты айғақтар анықталынбаған. Өйткені ол кезеңдерде жазу-сызудың болмауына байланысты, оның ілкі формалары - алғашқы қарапайым суреттер, петроглифтер, пиктограммалар, идеограммалар, жартас суреттері, символдар, таңбалар көптеп қолданыла бастады. Ол сызба суреттерде күн, ай, жұлдыздар, жылқылар, жыртқыш аңдар, бұғылар, адамдар, арба көлік құралдары, қару-жарақтары сияқты алуан түрлі семантикалық көріністер болатын. Демек, аталмыш артефактілердің барлығы дерлік жазудың, жазба мәтіндердің алғашқы көріністері деуге болады.

#### **Таңбалытас.**



Көптеген халықтардың белгілері мен таңбалары бір-біріне ұқсастығы бар.

Пирамидалық ғибадат орындары тау шыңдарында ғана емес, сонымен қатар селвада да тұрғызылған. Аспанға бағытталған алаң мен құрбандық үстелі пирамиданы құрайды, жасанды қорған орталықтағы биіктікпен әлемнің төрт жағының байланысын білдіреді. Құрбандық үстелі – киелі таудың, аспан мен жердің тоғысқан жері, жоғарыда құдайлар, төменде адамдар тұрады деп есептелді.

#### **Пирамида**



Біздің дәуірімізге дейінгі VIII-III ғасырларға жататын Сақ қорымында 47 қорған бар. Оның 20-сы ірі қорымдарға жатады. Мұнда сақ пен үйсін тайпасының ақсүйектері жерленген. Диаметрі 80-159 м болатын, ал биіктігі 10-14 метр болатын қорғандарда ақсүйектер тұқымы түгел жерленетін болған.

#### **Сақ қорған дала пирамидалары**



Төрт түлікті қолға үйреткенге дейін, палеолит дәуірінде жылқы бейнелері культтік мәнге ие болды, адамдар олардың жерден өмір беретін бұлақтарды қағып, тіпті Күнді жылжыту қабілеті бар леп сенген.

Келттердің арасында ақ атты таңбалық күшті культі болды; немістер арасында бұл Вотан құдайының символы; троялық соғыстың атақты оқиғалары Посейдон культінің жылқысымен байланысты; ал гректер ақ аттар, Посейдонға құрбандық шалып, теңізге лақтырылды.

### **Тұлпарлар**



Бүгінгі тарихшылар әлемінде болып жатқан жаңалыққа үңілсек, жылқы алғаш рет Еуропа жерінде қолға үйретілген деп санап келген. Тек Ботай мәдениеті ашылғаннан кейін жылқының алғаш рет Солтүстік Қазақстанның аумағында қолға үйретілгені ғылыми түрде дәлелденді. Ботайлықтар тек жылқыны қолға үйретіп қана қоймай, тұғыш болып қымыз ашытуды да ойлап тапқан. Олардың қымыз ашыта білгендігінің дәлелелі табылған қыш ыдыстың қабырғасындағы май қышқылдарының дағымен байланысты. Ал ыдыс қабырғасындағы дақтар бие сүтінің ізі екені анықталған. Американ археологы Дэвид Энтони 2007 жылы жарық көрген «Жылқы, дөңгелек және тілдер» атты кітабында бұл аймақтағы жылқының қолға үйретілу мезгілі шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 2500 жыл деп жазады. Яғни жылқының қолға үйретілгеніне шамамен кем дегенде 4500 жыл болды деген сөз. Ботай мәдениетін зерттеушілер тұрақтың 6 мың жыл бұрын құрылғанын айтады.

Көне заманда бабаларымыз байлықты жылқы санымен өлшеген. Бірнеше үйір жылқысы бар дәулетті кісілер өз жылқыларын баран топ (қара), қылаң топ (ақ) деп екіге бөліп ұстапты. Жылқының ең жақсы түсі – "қаракөк", ал жаманы – "ала" деген түсінік бар. Жалпы көшпенді қазақтар жылқының түсін 300-ге жуық атаумен атаған екен.

### **Тасқа салынған сурет**






Келесі біздің зерттеуіміздің бағыты бүгінгі қолданыста жүрген таңбалар мен белгілер тарихы туралы.

Бүгінде біз мындаған белгілер мен таңбаларды көреміз. Біз тіпті олардың кейбірін сөз таба алмаған кезде ең күшті сезімдерді білдіру үшін қолданамыз. Бірақ сіз олардың қайдан келгенін ойлап көрдіңіз бе? Ал біз оларды дұрыс пайдаланамыз ба?

#### Амперсанд (таңба &)



Амперсанд белгісі (&) латынның et (немесе ағылшын және) одағын, яғни «және» дегенді білдіреді. Мұндай лигатура Ежелгі Римде ойлап табылған. Цицеронның жеке хатшысы болған Тиро жазуды тездету үшін «Тирондық белгілер» деп аталатын өзінің қысқарту жүйесін ойлап тапты.

Кейіннен бұл белгі Еуропа мен Америкада тамыр жайғаны сонша, ол ұзақ уақыт бойы ағылшын алфавитінде соңғы орында болды және ол 20 ғасырдың басында ғана жойыла бастады. «Амперсанд» сөзінің өзі And per se and сөзінің аббревиатурасы. Уақыт өте келе et әріптерінен таңбаның пішіні өзгерді, сондықтан мұндай белгі пайда болды.

#### Жүрек



Мұнда бәрі күрделірек, себебі, «Махаббат жүректе өмір сүреді» дегеніне қарамастан, жүрек символының шынайы жүрекпен көп ұқсастығы жоқ екенін бәрі біледі. Бірақ оның шығу тегі туралы бірнеше гипотеза бар.

Бір-біріне қарай жүзген жұп аққулар жанасу сәтінде жүрек пішінін құрайды. Көптеген халықтардың мәдениетінде бұл құстар махаббаттың, адалдықтың және берілгендіктің символы болып табылады, өйткені қалыптасқан жұп өмір бойы бірге қалады. Аққуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейді, әрі киелі құс төресі санап, оған еш уақытта оқ атпайды. Аққудың аталығын “саһар”, балапанын “көгілдір”, мойнын “сұңғақ” деп дәріптейді.

Тағы бір гипотеза бойынша жүрек белгісі бастапқыда әйел символы болғанын айтады. Оның өзі әйел жамбастың пішінін бейнелейді. Ежелгі гректер тіпті Афродитаға арнайы ғибадатхана салды. Бұл жерде әйел бөксесіне табынатын жалғыз ғибадатхана болған.

Жүрек белгісі шырмауық жапырағының пішіні деген нұсқа бар. Гректер арасында құмырада ол әдетте шарап жасау құдайы, құмараның меценаты Диониспен бірге бейнеленген.

#### Дәрігерлік белгі




Көптеген халықтар арасындағы жылан - жаңарудың, қайта туудың, емдеудің, білімнің, құмарлылықтың таңбасы. Серпентиндік сызықтар басқа әлемге жол көрсетеді. Ұлы жылан қорғаны (Огайо) жерінде - ұзындығы шамамен 405 метр, ені 6 метр, биіктігі 1,5 метр, біздің эрамызға дейінгі I ғасырда жасалған топырақ қорғаны болып табылады. Хопи тұрғындарының бұл жыландарға арналған ескерткіші әлемдегі ең үлкен ғимарат деп саналады және олардың қоныстарын жылан қорғайды деп сенген.

Тағы бір аңыз бойынша, Герместің (римдіктер - Меркурий) дәл осылай көрінетін сиқырлы кадукей таяқшасы болған. Кадукей кез келген дауды тоқтатып, жауларды татуластыру қабілеті бар деп есептеген, бірақ медицинаға ешқандай қатысы жоқ.



100 жылдан астам уақыт бұрын АҚШ-тың әскери дәрігерлері оны қанаттары жоқ, бір ғана жылан болатын Асклепийді белгі ретінде пайданған. Асклепий ежелгі гректердің емдік және медицина құдайы болды. Кейіннен бұл белгі тамыр алды және қазір медициналық құпияның символы ретінде қолданылады.


#### **Қуат белгісі (Power)**



«Қуат» немесе Қуат белгісін кез келген құрылғыда дерлік табуға болады, бірақ оның қайдан келгенін аз адамдар біледі.

1940 жылдары инженерлер екілік жүйені жеке қосқыштарды белгілеу үшін пайдаланды, 1 «қосу» және 0 «өшіру» дегенді білдіреді. Кейіннен бұл шеңбер түріндегі белгіге, яғни нөлге және таяқшаларға - бірліктерге айналды.

#### **Битшілік белгісі**



Тынық мұхиты немесе оны бейбітшілік белгісі деп те атайды, 1958 жылы ядролық қаруды қолдануға қарсы наразылық шеруіне арналған. Бейбітшілік белгісі N және D семафорлық сигналдарының қосындысы болып табылады, бұл «ядролық қарусыздану» (ағылшынша nuclear disarmament) дегенді білдіреді.

Семафорлы әліпбиінде N әрпі инверттелген V түрінде екі жалауша ұстау арқылы беріледі, ал D әрпі - бір жалауша жоғары, екіншісі төмен. Бір-біріне салынған бұл екі сигнал бейбітшілік белгісінің пішінін құрайды.

### "О.К." белгісі



Көптеген адамдар «О.К.» деген қол қимылын қабылдайды. «бәрі дұрыс» немесе «дұрыс» деген сөздер сияқты. Дегенмен, ол барлық жерде оң деп қабылданбайды. Мысалы, Францияда ол бағытталған адам «нөл» деп есептеледі. Бұл қимылдың қайдан шыққаны туралы бірнеше нұсқалар бар.

«Жарайды» деген пікір бар. АҚШ президенті Мартин Ван Бюреннің туған жерінің қысқартылған жерінен келді, яғни - Олд Киндерхук, Нью-Йорк. Ван Буурен өзінің туған жеріне астыртын жасырын ат таңдады және оның сайлаудағы ұраны «Ескі Киндерхук жақсы». Ал плакатта - бұл қимылды көрсетіп тұрған адам қолы болды.

Осыған ұқсас тағы бір гипотеза АҚШ президенті Джексонның шешім қабылдау кезінде белгіні қолданған. Ол неміс тілінде барлығын : oll korrekt немесе қысқаша «О.К.» жазды.

Тағы бір нұсқа - «О.К. - даналықтан басқа ештеңе емес». Мудра ритуалы - буддизм мен индуизмдегі салттық қимылы болып табылады. Белгі оқуды білдіреді және көптеген буддистік экспонаттар Будданы осы қимылмен бейнелейді.

**Қорытынды.** Таңбалар мен белгілер жүйесі туралы ғылым, яғни семиотика – кез келген ауқымдағы гуманитарлық ізденістердің өзіндік ерекшеліктері айқын көрініс тапқан әрі бір ізге түсірілген ғылым. Семиотиктер бүкіл жаратылысты таңбалардың жиынтығы деп қарайды. Сөз де бір таңба, өмір де бір таңба, мәдениет, ауа, жер, ақиқат бәрі өз алдына бір таңба. Әлбетте, бұл ғылым жоқ жерден пайда болған жоқ. Көне ойшылдар мұның алғышарттарын сөз қылған болатын. Таңбаның табиғатын діни, сонымен қатар материалистік тұрғыдан қарастырған ғалымдар да болды. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениет адамзат тарихының күрделі және кең ұғымдарының бірі болып саналады. Сондықтан да, бұл бағыттағы ғылыми-зерттеуімізді дизайн саласымен байланыстыра отырып зерттеуімізді жалғастырамыз. Қазіргі таңда дизайн бағытта символдық, таңбалық, белгілік дүниесінде логотиптер бағыты дамуда.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бычков В.В. Византийская эстетика. – М.: Наука, 1977. – 199 с.
2. Игошев В.В. Типология и символика серебряной басмы XV–XVII вв. // Художественный металл в России. – М.: Изд-во РГГУ, 2001. – С. 61–79.
3. Цивилизации. – М.: Наука, 1995. – Вып. 3. – 234 с.
4. [https://allatravesti.com/drevnie\\_znaki\\_i\\_simvolny\\_neznanie\\_ne\\_osvobozhdaet\\_ot\\_ih\\_vozdeystviya](https://allatravesti.com/drevnie_znaki_i_simvolny_neznanie_ne_osvobozhdaet_ot_ih_vozdeystviya).
5. Ұлан ЕРКІНБАЙ, А.Байтұрсынұлы Білім академиясының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор «Таңбалар әлеміндегі мәдени жарылыс». Алматы, 2015ж

ӘОЖ 001(063)

## ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫ

*Бигали Ақнұр, студент*

*Ғылыми жетекші: Рысбекова Г.Е., п.ғ.к., қауымд.профессор  
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**Кіріспе.** Ғылымды кадрлармен қамтамасыз етудің ең маңызды міндеті – зерттеушілердің құрамын жаңарту. Соңғы жылдары жастарды тартуға бағытталған бірқатар нақты шаралардың арқасында олардың ғылымға ағылуы арта түсті. Дегенмен, жастарды тартуды жалғастыру мүмкін бе, қазірдің өзінде жұмыс істеп жатқандардан қандай өмірлік стратегияны таңдайды және олардың жұмысы нәтижелі бола ма, бұл белгісіз.

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін, жастарды не қызықтыратынын, олардың мінез-құлқын анықтайтын мотивациялары, көзқарастары қандай екенін түсіну қажет. Бұл әлеуметтануда қабылданған сапалы әдістерді қолдану арқылы жақсы зерттеледі [1].

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады: әлемдік білім беру интеграциясы кеңістік, үздіксіз білім беру тұжырымдамасын енгізу, жетекші білім беру парадигмасының өзгеруі, құрылымдағы өзгерістер және білім беру мазмұны, жаңасын дамыту тәрбие әдістемесі және т.б. Бұл процестер жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың көріну формалары ретінде алға қойылған білім берудің жаңа талаптары және болашақ мамандардың тұлғасын дамыту, соның арқасында мемлекеттің интеллектуалдық әлеуеті қалыптасады. Осыған байланысты студенттің оқу іс-әрекетін ынталандыру мәселесіне көңіл бөлу талап етіледі.

Зерттеудің мақсаты – студенттің жеке басындағы мотивацияны зерттеу, студенттердің оқу жүйесіне мотивациялық көзқарастарын белсендірудің психологиялық-педагогикалық факторларын анықтау процесінде студенттердің мотивациясының өзгеруінен белсенділік пен динамиканы бақылау [2].

**Негізгі бөлім.** Қазіргі таңда педагогиканың маңызды міндеттерінің бірі студенттердің қысқа мерзімде меңгеруіне жағдай жасау болып табылады. Білімнің максималды көлемі және қабілетті болуы, практикалық есептерді шешуде оларды шығармашылықпен ынталандыруы. Бүгінде білім беру жүйесі жастардың бойына сіңіруге тиіс жаңа белестердің табалдырығында тұру, білімге деген құштарлық, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби даму дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл өмірде жетістікке жетуге және тиісті әлеуметтік позицияға ұмтылумен байланысты [3].

Оқуға деген қызығушылық – ең маңызды фактор, себебі, білім беруді белсендіруді ынталандыру процесі және оқушылардың танымдық қабілеттерінің артуына әсер етеді. Осыған байланысты жоғарғы оқу орындарының қазіргі педагогикасын ынталандыруға жағдай жасау, студенттердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамытуына әсер ететін маңызды нәрселердің бірі болып табылады.

Мотивация оқудың жетістігі, сонымен қатар жастардың жалпы әлеуметтенуі, қалыптасуы, дүниетанымдық ұстанымдары, адамгершілік, құндылық бағдарлары, өзін-өзі дамытуда да анықтайтын жеке қасиеттердің тұтас кешенін қамтиды.

Мотивация мотивтерге негізделген, яғни тілек, белгілі мүдделер, мақсаттар, қажеттіліктер, жастардың мінез-құлық, шешім қабылдау, олардың қызметін бағалау саласында таңдау жасайтын идеалдар. Оқу мотивациясы туралы айтатын болсақ, нақты мотивтерді есте ұстау керек, олар танымдық белсенділікке, ассимиляцияға, кәсіби-ғылыми білім және олардың практикада қолданылуына әсер етеді [4].

Студенттік кезең өте маңызды, себебі ол интенсивті болатын тұлғаның қалыптасуы және қалыптасу кезеңі, интеллектуалдық дамуы, болашақ мамандығының дағдыларының қалыптасуы, құндылық бағдарларын дамыту және болашаққа деген көзқарастарын қалыптастырады. Студенттер оптимизмге толы жастар, олар үшін мүмкіндігінше тезірек көрсетуге ұмтылу олардың қабілеттері мен таланттары.

